

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне агроөнеркәсіптік кешенді реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 28 қазандағы № 268-VI ҚРЗ

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., № 23-24 (қосымша); 1995 ж., № 15-16, 109-құжат; № 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 187-құжат; № 14, 274-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 1-2, 8-құжат; № 5, 55-құжат; № 12, 183, 184-құжаттар; № 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., № 2-3, 23-құжат; № 5-6, 50-құжат; № 11-12, 178-құжат; № 17-18, 224, 225-құжаттар; № 23, 429-құжат; 1999 ж., № 20, 727, 731-құжаттар; № 23, 916-құжат; 2000 ж., № 18, 336-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 7-құжат; № 8, 52-құжат; № 17-18, 240-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 2, 17-құжат; № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 11, 56, 57, 66-құжаттар; № 15, 139-құжат; № 19-20, 146-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 56-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 10, 31-құжат; № 14, 58-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 4-құжат; № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20, 21-құжаттар; № 4, 28-құжат; № 16, 131-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 153-құжат; 2008 ж., № 12, 52-құжат; № 13-14, 58-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114, 115-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 16, 18-құжаттар; № 8, 44-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 125, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 2, 21, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 4, 37-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 16, 129-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 13, 15-құжаттар; № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 7, 36-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 76-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61, 63-құжаттар; № 14, 84-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., №

7, 34-құжат; № 8, 42, 45-құжаттар; № 13, 68-құжат; № 15, 78-құжат; № 16, 79-құжат; № 20-I, 110-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 21-I, 128-құжат; № 22-I, 140, 143-құжаттар; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 8-II, 70-құжат; № 12, 87-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 15, 55-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 50-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат; № 7, 37-құжат; 2019 жылғы 5 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу мен дамыту, микроқаржылық қызмет және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

79-баптың 3-тармағындағы "Серіктестік" деген сөз "Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, серіктестік" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 16-17, 642-құжат; № 23, 929-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 10, 244-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 23, 309-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 7-құжат; № 4, 25-құжат; № 11, 56-құжат; № 14, 103-құжат; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 3-4, 16-құжат; № 5, 25-құжат; № 6, 42-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 4, 24, 25-құжаттар; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 3, 21-құжат; № 4, 28-құжат; № 5-6, 37-құжат; № 8, 52-құжат; № 9, 67-құжат; № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; № 9-10, 48-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 3-4, 12-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50, 53-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 13, 14, 15-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 12, 85-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 15, 82-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 11, 61, 69-құжаттар; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 7, 34-құжат; № 8, 42, 45-құжаттар; № 13, 68-құжат; № 15, 78-құжат; № 19-I, 100-құжат; № 19-II, 102-құжат; № 20-VII, 117, 119-құжаттар; № 22-I, 143-құжат; № 22-II, 145-құжат; № 22-III, 149-құжат; № 22-VI, 159-құжат; № 22-VII, 161-құжат; 2016 ж., № 7-I, 49-құжат; № 7-II, 53-құжат; № 8-I, 62-құжат; № 12, 87-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 13, 45-құжат; № 21, 98-құжат; 2018

ж., № 11, 37-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 47, 50-құжаттар; № 19, 62-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат; № 7, 37-құжат; 2019 жылғы 5 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу мен дамыту, микроқаржылық қызмет және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 999-баптың 1-тармағы 1) тармақшасының екінші бөлігіндегі "(улы химикатқа)" деген сөздер алып тасталсын;

2) 1012-баптағы "Құқықтық" деген сөз "Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құқықтық" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 13, 99-құжат; 2005 ж., № 9, 26-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 79, 83-құжаттар; № 16, 97-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 14, 105-құжат; № 15, 106, 109-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 17, 139-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 15-16, 64-құжат; № 21, 95-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 13-14, 62-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 17, 79-құжат; № 18, 84, 86-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 49, 50-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 114-құжат; № 15, 120-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 11-құжаттар; № 3, 27-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 80-құжат; № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 77, 79, 81-құжаттар; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 8, 44-құжат; № 11, 63, 64-құжаттар; № 12, 82-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 118, 122-құжаттар; № 23, 143-құжат; № 24, 145-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 11, 57-құжат; № 19-I, 99, 101-құжаттар; № 19-II, 103-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115, 117-құжаттар; № 21-I, 124, 126-құжаттар; № 22-II, 145-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-II, 53, 56-құжаттар; № 8-II, 72-құжат; № 10, 79-құжат; 2017 ж., № 3, 6-құжат; № 4, 7-құжат; № 12, 34-құжат; № 14, 51, 54-құжаттар; № 23-V, 113-құжат; 2018 ж., № 9, 27-құжат; № 10, 32-құжат; 2019 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 6-құжат; № 7, 37, 39-құжаттар):

1) 12-бап мынадай мазмұндағы 3-1) және 4-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"3-1) бақ шаруашылығы – ауыл шаруашылығы дақылдарын және көпжылдық ағаш-бұта екпелерін өсіру үшін жер учаскесінде жүзеге асырылатын қызмет түрі;"

"4-2) бау-бақша шаруашылығы – көпжылдық ағаш-бұта екпелерін қоспағанда, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру үшін жер учаскесінде жүзеге асырылатын қызмет түрі;"

2) 23-баптың 4-тармағы мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының қатысушылары (акционерлері) құрамына шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам, шетелдік заңды тұлға, Қазақстан Республикасының шетелдік қатысатын заңды тұлғасы кірген кезде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының шекаралық аймағында және шекаралық белдеуінде орналасқан жер учаскелеріне меншік құқығы осы Кодекстің 66-бабының нормаларына сәйкес қайта ресімдеуге немесе иеліктен шығаруға жатады.";

3) 24-баптың 6-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының шекаралық аймағында орналасқан ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға, сондай-ақ шетелдік заңды тұлғаларға және Қазақстан Республикасының шетелдік қатысатын заңды тұлғаларына жер пайдалану құқығымен тиесілі болмайды.";

4) 37-баптың 5-тармағының 4) тармақшасындағы "орналастыру үшін", "мерзімге беріледі." деген сөздер тиісінше "орналастыру үшін – ", "мерзімге;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) осы Кодекстің 1-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 4) және 6) тармақшаларында көрсетілген жерді қоспағанда, орман қоры жерінде және босалқы жерде жабайы жануарларды, оның ішінде аңшылық мақсатында өсіру үшін Қазақстан

Республикасының азаматтарына және мемлекеттік емес заңды тұлғаларына он жылдан қырық тоғыз жылға дейінгі мерзімге беріледі.";

5) 43-баптың 2-тармағының үшінші бөлігінде:

екінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"Шешім жобасын келісу шешім жобасы келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.";

мынадай мазмұндағы үшінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Шешім жобасына жер комиссиясының оң қорытындысы және бекітілген жерге орналастыру жобасы қоса беріледі.";

6) 43-1-баптың 19-тармағының төртінші бөлігіндегі "бас тарту келіп түскен" деген сөздер "қағаз жеткізгіште жазбаша бас тарту келіп түскен не жоғарыда көрсетілген шартқа қол қойылмаған" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 48-баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 12) тармақшасындағы "3-тармағының 10) тармақшасына" деген сөздер "3-тармағы бесінші бөлігінің 8) тармақшасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 121-бапта:

2-тармақтағы "аумақтар жатады;", "8) қылмыстық-атқару жүйесі" деген сөздер тиісінше "аумақтар;", "9) қылмыстық-атқару жүйесінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың екінші бөлігіндегі "8) тармақшасында", "алынбайды" деген сөздер тиісінше "9) тармақшасында", "алып қойылмайды" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "8) тармақшасында" деген сөздер "9) тармақшасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 122-баптың 2-тармағының төртінші бөлігінде:

"шаруашылық қызметтің шектеулі режимі белгіленген учаскелерді ғана, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында көзделген туризм объектілерін," деген сөздер "ықтимал орналастырудың басқа нұсқалары болмаған кезде," деген сөздермен ауыстырылсын;

", сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының объектілерін ықтимал орналастырудың басқа жолдары болмаған кезде" деген сөздер "және шаруашылық қызметтің шектеулі режимі белгіленген учаскелерді ғана, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының объектілерін салу, жайғастыру және олардың жұмыс істеуі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"оларды салу, жайғастыру және күтіп-ұстау" деген сөздер "қорғаныс мұқтажы" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 126-баптың 1-тармағы "туризміне" деген сөзден кейін ", сондай-ақ жабайы жануарларды өсіруге" деген сөздермен толықтырылсын;

11) 140-бапта:

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) жерді карантинді объектілерді, бөтен текті түрлер мен аса қауіпті зиянды организмдерді жұқтырудан, олардың таралуынан, арамшөптердің, бұталардың және шіліктердің басып кетуінен, сондай-ақ жердің жай-күйінің нашарлауының өзге де түрлерінен қорғауға;"

2-тармақтағы "ақаба сулармен", "карантиндік зиянкестер мен өсімдік аурулары" деген сөздер тиісінше "сарқынды сулармен", "карантинді объектілер, бөтен текті түрлер мен аса қауіпті зиянды организмдер" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 147-баптың 2-2-тармағының 3) тармақшасындағы "орындалуына мемлекеттік бақылауды ұйымдастырады және жүргізеді." деген сөздер "орындалуына;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) нысаналы мақсатына және Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жердің пайдаланылуына мемлекеттік бақылауды ұйымдастырады және жүргізеді.";

13) 159-бапта:

1-тармақ "Жер мониторингі" деген сөздерден кейін "жердің пайдаланылуы мен қорғалуын мемлекеттік бақылау," деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жер мониторингі:

1) топырақ құнарлылығының өзгеруіне (шөлейттену, су және жел эрозиясының дамуы, топырақтың қарашіріксізденуі, қоректендіру элементтерінің төмендеуі, тұздану, батпақтану, артық ылғалдану және су басу);

2) табиғи жемшөп алқаптарының өсімдік қабаты жай-күйінің өзгеруіне байланысты процестер байқалған ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде басым тәртіппен жүзеге асырылады.";

14) 160-бапта:

1-тармақтың 2) тармақшасындағы "қамтамасыз ету болып табылады." деген сөздер "қамтамасыз ету;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) пайдаланылмайтын жер учаскелерін және Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылатын жер учаскелерін анықтау болып табылады.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жерді жүйелі түрде байқаулардың, жерүсті түсірілімдердің, зерттеп-қараулардың, түгендеулердің нәтижелері, жердің пайдаланылуы мен қорғалуын мемлекеттік бақылаудың материалдары, архивтік деректер, жерді қашықтықтан зондтау деректері, мемлекеттік ақпараттық жүйелерден және электрондық ақпараттық ресурстардан алынған мәліметтер, сондай-ақ жердің сапалық жай-күйі туралы басқа да мәліметтер жер мониторингі үшін ақпарат көздері болып табылады.";

15) 162-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жер мониторингін жүргізу кезінде қажетті ақпарат алу үшін қашықтықтан зондтау, жерүсті түсіру және байқаулар әдістері, қор деректері, жерді қашықтықтан зондтау деректері, мемлекеттік ақпараттық жүйелерден және электрондық ақпараттық ресурстардан алынған мәліметтер, сондай-ақ жердің сапалық жай-күйі туралы басқа да мәліметтер қолданылады.".

4. 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Орман кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 16, 140-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 16, 97-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 3, 27-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., №

20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-II, 56-құжат; 2017 ж., № 3, 6-құжат; № 12, 34-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 24, 93-құжат):

1) мазмұнында:

2-бөлімнің, 13-баптың, 4-тараудың және 19-баптың тақырыптары мынадай редакцияда жазылсын:

"2-бөлім. Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік басқару, бақылау мен қадағалау";

"13-бап. Уәкілетті органның, уәкілетті орган ведомствосының және уәкілетті орган ведомствосы аумақтық бөлімшелерінің құзыреті";

"4-тарау. Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау

19-бап. Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау";

мынадай мазмұндағы 19-1 және 19-2-баптардың тақырыптарымен толықтырылсын:

"19-1-бап. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы тексерулерді жүзеге асыру тәртібі

19-2-бап. Мемлекеттік бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша жедел ден қою шаралары";

33-баптың тақырыбы алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 102-3-баптың тақырыбымен толықтырылсын:

"102-3-бап. Мемлекеттік орман қоры аумағында құрылыс процесіне қойылатын негізгі талаптар";

2) 3-баптың б) тармақшасындағы "бақылау" деген сөз "бақылау мен қадағалау" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 4-бапта:

мынадай мазмұндағы 40-1) тармақшамен толықтырылсын:

"40-1) орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік қадағалау – орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның тексерілетін субъектілердің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауын тексеру және байқау жөніндегі қызметі, оны жүзеге асыру барысында және оның нәтижелері бойынша құқық шектеу сипатындағы шаралар, оның ішінде жедел ден қою шаралары қолданылуы мүмкін";

58) тармақшадағы "бақылау" деген сөз "бақылау мен қадағалау" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 2-бөлімнің тақырыбындағы "мен", "бақылау" деген сөздер тиісінше "және", "бақылау мен қадағалау" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 11-баптағы "және оның аумақтық бөлімшелері, сондай-ақ", "өз құзыреті шегінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары" деген сөздер тиісінше ", уәкілетті органның ведомствосы және уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары", "өздерінің құзыреті шегінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 11-1-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) уәкілетті орган, уәкілетті органның ведомствосы және уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері;"

7) 12-баптың 17-3) тармақшасы алып тасталсын;

8) 13-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"13-бап. Уәкілетті органның, уәкілетті орган ведомствосының және уәкілетті орган ведомствосы аумақтық бөлімшелерінің құзыреті";

1-тармақта:

5) тармақшадағы "бақылауды" деген сөз "бақылау мен қадағалауды" деген сөздермен ауыстырылсын;

18-4), 18-8) және 18-27) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"18-4) әкімшілік органның Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын өсімдіктер дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға арналған рұқсаттар беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;"

"18-8) орман қорын күзету мен қорғау жөніндегі авиациялық жұмыстарды жүзеге асыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;"

"18-27) карантиндік түрлерді қоспағанда, орманның аса қауіпті зиянкестері мен ауруларының тізбесін және оларға қарсы күрес тәртібін әзірлейді және бекітеді;"

18-34) тармақша алып тасталсын;

18-47) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"18-47) Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын өсімдіктер дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға арналған рұқсаттарды береді;"

мынадай мазмұндағы 18-49), 18-50), 18-51) және 18-52) тармақшалармен толықтырылсын:

"18-49) жекелеген жабайы өсетін өсімдіктер мен жабайы өсетін дәрілік шикізатты, оның ішінде сирек кездесетіндерін және құрып кету қаупі төнгендерін Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкетуге арналған қорытындыны (рұқсат беру құжатын) береді;

18-50) жекелеген жабайы өсетін өсімдіктер мен жабайы өсетін дәрілік шикізатты, оның ішінде сирек кездесетіндерін және құрып кету қаупі төнгендерін Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан экспорттауға арналған лицензияны береді;

18-51) мемлекеттік орман қорында орман шаруашылығын жүргізуге және орман пайдалануға байланысты емес жұмыстарды жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

18-52) уранды жерасты ұңғымасында шайып сілтiсiздендiру әдiсiмен өндiру кезiнде мемлекеттiк орман қоры жерiнде бүлiнген жер учаскелерiн рекультивациялау және оларды орман иеленушiге беру қағидаларын әзiрлейдi және бекiтедi;"

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Уәкілетті органның ведомствосы өз қызметін уәкілетті орган белгілеген құзырет шегінде жүзеге асырады.";

2-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – аумақтық бөлімшелер):";

9) тармақшаның он бірінші абзацындағы "бақылауды" деген сөз "бақылау мен қадағалауды" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "Уәкілетті органның және оның аумақтық органдарының", " заңдарында" деген сөздер тиісінше "Уәкілетті органның, уәкілетті орган ведомствосының, аумақтық бөлімшелердің", "заңнамасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 15-баптың 15-3) тармақшасы алып тасталсын;

10) 4-тараудың тақырыбындағы "мен", "бақылау" деген сөздер тиісінше "және", " бақылау мен қадағалау" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 19-бапта:

тақырыптағы "мен", "бақылау" деген сөздер тиісінше "және", "бақылау мен қадағалау" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақта:

"бақылау" деген сөз "бақылау мен қадағалау" деген сөздермен ауыстырылсын;

орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

2-тармақта:

"бақылауды" деген сөз "бақылау мен қадағалауды" деген сөздермен ауыстырылсын;

"мен оның аумақтық бөлімшелері" деген сөздер ", аумақтық бөлімшелер" деген сөздермен ауыстырылсын;

"заңнамасында" деген сөз "заңдарында" деген сөзбен ауыстырылсын;

3-тармақта:

бірінші бөліктегі "бақылау" деген сөз "бақылау мен қадағалау" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Тексеру осы Кодекске сәйкес жүзеге асырылады.";

12) мынадай мазмұндағы 19-1 және 19-2-баптармен толықтырылсын:

"19-1-бап. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы тексерулерді жүзеге асыру тәртібі

1. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексерулерге орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы қызмет жатады.

2. Уәкілетті орган ведомствосының, аумақтық бөлімшелердің лауазымды адамы орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы жұмыстар мен іс-шараларды тексеруді, сондай-ақ бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы өсімдіктер мен жануарлар дүниесі объектілерін санкциялаусыз алып қоюды бақылауды жүзеге асырады.

3. Жүргізілген тексерулердің нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы орман заңнамасы талаптарының анықталған бұзушылықтарына қарай уәкілетті орган ведомствосының, аумақтық бөлімшелердің орман қорының жай-күйіне, оны күзетуге, қорғауға, пайдалануға, ормандарды молықтыруға және орман өсіруге мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдары тексеру нәтижелері туралы акт және бұзушылықтар анықталған жағдайда, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама шығарады.

4. Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 132-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының орман заңнамасында белгіленген талаптарды бұзушылықтар болмаған жағдайда, тексеру жүргізу кезінде тексеру нәтижелері туралы актіде тиісті жазба жасалады.

5. Уәкілетті орган ведомствосының, аумақтық бөлімшелердің лауазымды адамы:

1) мемлекеттік орман қоры аумағында:

заңсыз ағаш кесу фактісі;

ағаштар мен бұталарды жою немесе зақымдау;

орман дақылдарын, орман питомниктері мен плантацияларындағы егілген, отырғызылған көшеттерді, ормандарды молықтыруға және орман өсіруге арналған алаңдарда өзі өсіп шыққан шыбықтарды, өскіндерді, қолдан отырғызылған екпелерді жою немесе зақымдау;

отқа немесе өзге де жоғары қауіп көзіне абай болмау салдарынан ағаштар мен бұталарды жою немесе зақымдау бойынша бұзушылықтар;

2) мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін қасақана жою немесе зақымдау анықталған жағдайда, егер залал республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын бір жүз айлық есептік көрсеткішті құраса не одан асып түссе, материалдарды дереу құқық қорғау органдарына береді немесе егер залал республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын бір жүз айлық есептік көрсеткішке дейін болса, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырады.

6. Тексеру мерзімділігі:

кешенді тексерулер – жылына бір рет;

тақырыптық тексерулер жылына төрт рет жүргізіледі (қарау аймақтарын көктемгі және күзгі ревизиялау, өрт қаупі бар маусымға дайындалу, орман дақылдары жұмыстары).

Тексеру мерзімдері он жұмыс күнінен аспайды және тексеру мерзімін бес жұмыс күніне дейін ұзартуға болады. Тексеру мерзімдерін ұзарту үшін мыналар негіз болып табылады:

1) табиғи-климаттық факторлар (орман өрттері, өзендердің тасуы, көшкіндер, тастардың құлауы, селдер, қар басу, дауылдар, нөсерлер және басқалар);

2) жаңадан анықталған мән-жайлар (заңсыз ағаш кесудің мәлім болған көлемі, ормандарды молықтырудың зақымдалған учаскелерінің алаңдарын анықтау және басқалар).

7. Жоспардан тыс тексерулер жеке немесе заңды тұлғалардың адам өміріне, денсаулығына, қоршаған орта мен жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне зиян келтірілгені туралы нақты фактілер бойынша өтініштері, прокуратура органдары мен өзге де құқық қорғау органдарының тапсырмалары, мемлекеттік органдардың өтініштері бойынша, сондай-ақ ірі орман өрттері туындаған және заңсыз ағаш кесу анықталған жағдайларда тағайындалады.

Жоспардан тыс тексеру мерзімдері бес жұмыс күнінен аспайды және тексеру мерзімін үш жұмыс күніне дейін ұзартуға болады.

8. Көлемі бойынша тексерулер:

1) кешенді;

2) тақырыптық деп бөлінеді.

Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру бөлігінде Қазақстан Республикасы орман заңнамасының талаптарын сақтау мәселелері кешені бойынша бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қызметін тексеру, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесі объектілерін санкциялаусыз алып қоюды бақылау кешенді тексеру болып табылады.

Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру бөлігінде Қазақстан Республикасы орман заңнамасының талаптарын сақтаудың жекелеген мәселелері бойынша бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қызметін тексеру тақырыптық тексеру болып табылады.

9. Уәкілетті орган ведомствосы бірінші басшысының немесе аумақтық бөлімше бірінші басшысының бұйрығы тексеруді тағайындау үшін негіз болып табылады. Тиісті бұйрық шығару үшін мыналар негіз болып табылады:

1) бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне жүргізілген талдау мен мониторинг;

2) тексерулердің жылдық кестесі;

3) алдыңғы тексерулер мониторингінің қорытындылары.

10. Уәкілетті орган ведомствосының, аумақтық бөлімшелердің тексеру үшін келген лауазымды адамдары субъектіге:

1) тексеруді тағайындау туралы бұйрықты;

2) қызметтік куәлігін;

3) қажет болған кезде – құзыретті органның режимдік объектілерге кіруге рұқсатын көрсетуге міндетті.

Тексерілетін субъектіге тексеруді тағайындау туралы бұйрық табыс етілген күн тексеру жүргізудің басталуы деп есептеледі.

11. Тексерулердің қорытындысына тексерілетін субъект Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасай алады.

12. Аумақтық бөлімшелер шешімдерге шағым жасау мен оларды орындаудың қолданыстағы мерзімдерін ескере отырып, Қазақстан Республикасы орман заңнамасын

анықталған бұзушылықтар фактілері бойынша материалдардың орындалуы мен әртүрлі сатылардан өтуіне мониторингті жүзеге асырады.

13. Бұзушылықтарды есепке алу, саны, түрлері мен бұзу орындары бойынша олардың динамикасын талдау мақсатында аумақтық бөлімшелер Қазақстан Республикасы орман заңнамасын бұзушылықтарды, заңсыз табиғат пайдаланудың алып қойылған құралдарын және заңсыз қолға түсірілген орман ресурстары мен жануарлар дүниесі объектілерін тіркеу журналын жүргізеді.

14. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексерулер, егер бұларды уәкілетті орган ведомствосының, аумақтық бөлімшелердің лауазымды адамдары тексерулерді ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын талаптарды өрескел бұза отырып жүргізсе, жарамсыз деп танылады.

Жоғары тұрған мемлекеттік орган тексерудің жарамсыздығына байланысты тексеру нәтижелері туралы актінің күшін жою мен бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру нәтижелерінің жарамсыздығына байланысты анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың күшін жою туралы бақылау және қадағалау субъектісінің өтінішін қарауды өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Жоғары тұрған мемлекеттік органның бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексерудің нәтижелерін жарамсыз деп тануы олардың күшін жою үшін негіз болып табылады.

Жарамсыз деп танылған тексеру нәтижелері туралы акт пен бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексерулердің қорытындысы бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама бақылау және қадағалау субъектілерінің Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 132-бабының 2-тармағына сәйкес белгіленген талаптарды бұзғанының дәлелдемесі болып табылмайды.

Тексерулерді өрескел бұзушылықтарға мыналар жатады:

1) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру жүргізуге негіздердің болмауы;

2) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді тағайындау туралы бұйрықтың болмауы;

3) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді тағайындау туралы бұйрықты бақылау және қадағалау субъектісіне ұсынбау;

4) уәкілетті орган ведомствосының, аумақтық бөлімшелердің өздерінің құзыретіне кірмейтін мәселелер бойынша бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексерулерді тағайындауы;

5) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексерулерді жүргізу мерзімдерін бұзу.

15. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді жүргізу кезінде уәкілетті орган ведомствосының, аумақтық бөлімшелердің лауазымды адамдары:

1) құжаттарды, ақпаратты, егер олар тексеру объектілері болып табылмаса немесе тексеру нысанасына қатысты болмаса, беруді талап етуге;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді жүргізу нәтижесінде алынған және коммерциялық, салықтық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етуге және (немесе) таратуға;

3) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру жүргізудің белгіленген мерзімдерін асырып жіберуге;

4) осы баптың 7-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, оған қатысты бұрын оның жоғары тұрған (төмен тұрған) органы не өзге мемлекеттік орган бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді жүргізген бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы сол бір кезеңдегі сол бір мәселе бойынша тексеруді жүргізуге;

5) тексерілетін субъектілердің есебінен мемлекеттік бақылау мақсатында шығын сипатындағы іс-шараларды жүргізуге құқылы емес.

19-2-бап. Мемлекеттік бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша жедел ден қою шаралары

1. Қоғамдық қауіпті салдардың басталуын болғызбау мақсатында тексеруді жүзеге асыру барысында және оның нәтижелері бойынша қолданылатын тексерілетін субъектілерге ықпал ету тәсілдері жедел ден қою шаралары болып табылады.

2. Тексерілетін субъектілердің қызметі ормандардың биологиялық әралуандылығының, мемлекеттік табиғи-қорық қоры, мәдени және табиғи мұра объектілерінің сақталуына тікелей қауіп төндірген жағдайда, уәкілетті орган ведомствосының, аумақтық бөлімшелердің лауазымды адамдары жедел ден қою шараларын қолданады.

3. Жедел ден қою шараларына мыналар жатады:

1) орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру бөлігінде Қазақстан Республикасының орман заңнамасы саласында құқық бұзушылықтар жасаған адамдарды ұстау және құқық қорғау органдарына жеткізу, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесі объектілерін санкциялаусыз алып қоюды, Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуын бақылау;

2) жеке және заңды тұлғалардан, сондай-ақ лауазымды адамдардан заңсыз қолға түсірілген орман ресурстары мен жануарлар дүниесі ресурстарын, оларды қолға түсіру құралдарын, сондай-ақ көлік құралдарын алып қою;

3) ағаш кесу билетінің немесе орман билетінің қолданылуын үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімге тоқтата тұру арқылы мемлекеттік орман иеленушілердің немесе орман пайдаланушылардың қызметін тоқтата тұру;

4) орман пайдалану түрлерін шектеу;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орман пайдалану құқығын тоқтату.";

13) 20-бапта:

1-тармақта:

"бақылауды" деген сөз "бақылау мен қадағалауды" деген сөздермен ауыстырылсын;

"уәкілетті органның ведомствосы мен оның аумақтық бөлімшелерінің" деген сөздер "уәкілетті орган ведомствосының, аумақтық бөлімшелердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "Уәкілетті органның" деген сөздер "Уәкілетті орган ведомствосының" деген сөздермен ауыстырылсын;

5, 6, 7 және 8-тармақтардағы "Ведомствоның аумақтық бөлімшелерінің", "Ведомствоның аумақтық бөлімшелері" деген сөздер тиісінше "Аумақтық бөлімшелердің", "Аумақтық бөлімшелер" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 21-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасындағы "орман қоры аумағында орман шаруашылығын жүргізумен және орман пайдаланумен", "заңдарында", "нұсқау" деген сөздер тиісінше " мемлекеттік орман қорында орман шаруашылығын жүргізуге және орман пайдалануға" , "заңнамасында", "нұсқаулар" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың 10) тармақшасындағы "бақылауды" деген сөз "бақылау мен қадағалауды" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 33-бап алып тасталсын;

16) 35-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі орман ресурстарын ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру жөніндегі тендер мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталын пайдалана отырып электрондық нысанда өткізіледі.";

17) 38-баптың 20) тармақшасында:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген" деген сөздер "уәкілетті орган айқындаған" деген сөздермен ауыстырылсын;

"уәкілетті органға және оның аумақтық бөлімшелеріне, облыстың" деген сөздер " уәкілетті органның ведомствосына, аумақтық бөлімшелерге, облыстардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

"орман қорының мемлекеттік есебін", "мемлекеттік орман мониторингін" деген сөздер тиісінше "орман қорын мемлекеттік есепке алуды", "ормандардың мемлекеттік мониторингін" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 51-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Мемлекеттік орман қоры жерін орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттардағы жерге ауыстыруға айрықша жағдайларда орман орналастыру және жерге орналастыру материалдары негізінде Қазақстан Республикасының орман және жер заңнамасының талаптарына сәйкес мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған кезде және:

1) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құруға және кеңейтуге;

2) халықаралық міндеттемелерді орындауға;

3) кен орны учаскесінің астынан пайдалы қазбалар табылып, оларды игерудің баламалы нұсқалары болмауына;

4) халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын және теміржолдарды, электр беру желілерін, байланыс желілерін және магистральдық құбыржолдарды салуға;

5) елді мекендердің шекарасы (шегі) өзгеріп, оларды ықтимал орналастырудың басқа нұсқалары болмауына байланысты ғана жол беріледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көзделген жағдайларда орман қоры жері ауыстырылған кезде пайдасына учаске ауыстырылатын тұлғалар ауыстырылатын учаске алаңының екі еселенген мөлшерінде орман дақылдарын отырғызуды және оларды отырғызғаннан кейін алғашқы үш жыл бойы орман дақылдарын күтіп-ұстауды жүзеге асырады.";

19) 54-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Мемлекеттік орман қоры жерінде уранды жерасты ұңғымасында шайып сілтісіздендіру әдісімен өндіру оны басқа санаттардағы жерге ауыстырмай, уәкілетті

орган айқындаған тәртіппен, бүлінген жер учаскелерін кейіннен рекультивациялай отырып және оларды орман иеленушіге бере отырып жүзеге асырылады.

Жер қойнауын пайдаланушылар мемлекеттік орман қоры учаскелерін уранды жерасты ұңғымасында шайып сілтісіздендіру әдісімен өндіру үшін пайдаланған кезде жер қойнауын игерудің алғашқы үш жылы бойы пайдаланылатын учаскенің екі есе мөлшерінде орман екпелерін өтемдік отырғызуды және орман айналған алаңға ауыстырылғанға дейін оларды күтіп-ұстауды жүргізуге міндетті.";

20) 63-баптың 1-тармағындағы "Қазақстан Республикасының Үкіметі, уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері" деген сөздер "Уәкілетті орган, уәкілетті органның ведомствосы, аумақтық бөлімшелер" деген сөздермен ауыстырылсын;

21) 67-баптың 2-1-тармағы алып тасталсын;

22) 84-баптың 3-тармағындағы "уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері" деген сөздер "уәкілетті органның ведомствосы, аумақтық бөлімшелер" деген сөздермен ауыстырылсын;

23) мынадай мазмұндағы 102-3-баппен толықтырылсын:

"102-3-бап. Мемлекеттік орман қоры аумағында құрылыс процесіне қойылатын негізгі талаптар

1. Мемлекеттік орман қорында ұзақ мерзімді орман пайдалану шарты сәулет-жоспарлау тапсырмасын алу үшін негіз болып табылады.

Сәулет-жоспарлау тапсырмасы белгіленген құрылыс объектісін жобалауға тапсырма жасау үшін негіз болып табылады.

2. Мемлекеттік ұлттық табиғи парктер немесе мемлекеттік табиғи резерваттар жерінде Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы

заңнамасына сәйкес жеке және заңды тұлғалар мемлекеттік ұлттық табиғи паркпен немесе мемлекеттік табиғи резерватпен жасаған ұзақ мерзімді пайдалану шарты сәулет-жоспарлау тапсырмасы мен жобалауға тапсырма алу үшін негіз болып табылады.

3. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде объектілер құрылысының сапасына бақылау мен қадағалауды ұйымдастыру және жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде және "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалады.

4. Салынған объектілерді пайдалануға қабылдау Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен және "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі."

5. 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 17, 141-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 19, 147-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 2-3, 15-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 3, 27-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 79, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 10-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 11, 57-құжат; № 19-II, 103-құжат; № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-II, 56-құжат; № 8-II, 72-құжат; 2017 ж., № 3, 6-құжат; № 12, 34-құжат; № 14, 51, 54-құжаттар; № 23-V, 113-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 8, 45-құжат):

1) бүкіл мәтін бойынша "халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен", "халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті орган", "халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның", "халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен", "халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы

уәкілетті органмен", "халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті орган", "халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органның", "халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органға" және "халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органға" деген сөздер тиісінше "халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен", "халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган", "халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның", "халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен", "халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен", "халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган", "халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның", "халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органға" және "халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) мазмұнындағы 37-баптың, 7-тараудың және 40-баптың тақырыптары мынадай редакцияда жазылсын:

"37-бап. Уәкілетті органның, уәкілетті орган ведомствосының құзыреті";

"7-тарау. Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі бассейндік инспекциялар

40-бап. Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі бассейндік инспекцияның міндеттері мен функциялары";

3) 1-бапта:

4-2) тармақшадағы "уәкілетті органның" деген сөздер "уәкілетті орган ведомствосының" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 13-3) тармақшамен толықтырылсын:

"13-3) көпфакторлы зерттеп-қарау – судың зиянды әсерінің алдын алу мақсатында гидротехникалық құрылысжайлар мен негізгі жабдықтың техникалық жай-күйін бағалау, көзбен қарап-тексеру әдісімен және инженерлік (геодезиялық, геофизикалық, геотехникалық, гидрографиялық және басқа да) зерттеулер кешенін жүргізу арқылы олардың элементтерінің қалған ресурсын айқындау;"

4) 7-баптың 4-тармағындағы "Қазақстан Республикасының жер туралы заң актісімен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының жер заңнамасымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 32-баптың 2-тармағындағы "уәкілетті орган" деген сөздер "уәкілетті органның ведомствосы және су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі бассейндік инспекциялар" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 33-баптың 1-тармағындағы "коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті орган", "өз құзыреті шегінде облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті өкілді және атқарушы органдары" деген сөздер тиісінше "уәкілетті органның ведомствосы, коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті орган, облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті өкілді және атқарушы органдары", "өздерінің құзыреті шегінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 37-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"37-бап. Уәкілетті органның, уәкілетті орган ведомствосының құзыреті";

1-тармақта:

3-1) және 13-1) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"3-1) су шаруашылығы жүйелері мен құрылысжайлары қауіпсіздігінің өлшемшарттарын, су шаруашылығы жүйелері мен құрылысжайлары қауіпсіздігінің өлшемшарттарын айқындау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;"

"13-1) су шаруашылығы, гидромелиорациялық жүйелер мен құрылысжайларды пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;"

мынадай мазмұндағы 28-5) тармақшамен толықтырылсын:

"28-5) гидротехникалық құрылысжайлар мен негізгі жабдықты көпфакторлы зерттеп-қарауды орындау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;"

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Уәкілетті органның ведомствосы өз қызметін уәкілетті орган белгілеген құзырет шегінде жүзеге асырады.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Уәкілетті органның, уәкілетті орган ведомствосының және су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі бассейндік инспекциялардың өз құзыреті шегінде қабылдаған шешімдері барлық жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті болып табылады.";

8) 39-бапта:

2) және 2-1) тармақшалардағы "бассейндік су шаруашылығы басқармаларымен", "келісім бойынша", "бассейндік су шаруашылығы басқармаларының келісімімен" деген сөздер тиісінше "су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі бассейндік инспекциялармен", "келісу бойынша", "су ресурстарын пайдалануды реттеу және

қорғау жөніндегі бассейндік инспекциялармен келісу бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы "Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген" деген сөздер " уәкілетті орган айқындаған" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) тармақша алып тасталсын;

9) 7-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"7-тарау. Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі бассейндік инспекциялар";

10) 40-бапта:

тақырып және 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"40-бап. Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі бассейндік инспекцияның міндеттері мен функциялары

1. Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі бассейндік инспекциялар (бұдан әрі – бассейндік инспекциялар) – уәкілетті орган ведомствосының облыстарда бөлімдері бар, негізгі міндеті тиісті бассейн аумағында су қорын пайдалану мен қорғау саласында мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру болып табылатын (екі және одан көп облыстың аумағында қызметі жүзеге асырылатын және өкілеттіктері қолданылатын) аумақтық бөлімшелері.";

2-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Бассейндік инспекциялар мынадай функцияларды жүзеге асырады:";

8) және 9) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"8) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың басталуы салдарынан туындаған зардаптарды жою жөніндегі жұмыстарға қатысу;

9) облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана, аудандар және бастапқы су пайдаланушылар бөлінісінде су пайдалану лимиттерін белгілеу;"

11) 41-баптың 1-тармағының 2) тармақшасындағы "уәкілетті органмен" деген сөздер "бассейндік инспекциялармен" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 42-баптың 1-тармағындағы "бассейндік басқармалардың" деген сөздер "бассейндік инспекциялардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 43-баптың 2-тармағында:

"бассейндік басқарманың" деген сөздер "бассейндік инспекцияның" деген сөздермен ауыстырылсын;

"өзірлік жұмысын ұйымдастыру бассейндік басқармаға" деген сөздер "жұмысын ұйымдастыру бассейндік инспекцияға" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 46-баптың 2-тармағындағы "уәкілетті орган" деген сөздер "уәкілетті органның ведомствосы" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 48-баптың 3-тармағының бірінші абзацындағы "Уәкілетті органның" деген сөздер "Уәкілетті орган ведомствосының және бассейндік инспекциялардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 49-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) уәкілетті орган, уәкілетті органның ведомствосы және бассейндік инспекциялар";

2-тармақтағы "Уәкілетті орган", "мемлекеттік органдардың қызметін" деген сөздер тиісінше "Уәкілетті органның ведомствосы мемлекеттік органдардың", "қызметін" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта:

бірінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Уәкілетті органның ведомствосы және бассейндік инспекциялар:";

екінші бөліктің бірінші абзацында:

"халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы," деген сөздер алып тасталсын;

"саласындағы уәкілетті органдар, карантиндік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган" деген сөздер ", өсімдіктер карантині саласындағы уәкілетті органдар, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 51-баптың 1-тармағының 3-1) тармақшасындағы "құрылыстар режимінің, су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану" деген сөздер "құрылысжайлар режимінің, тікелей су объектілерінде орналасқан су шаруашылығы құрылысжайларын пайдалану

және су шаруашылығы, гидромелиорациялық жүйелер мен құрылысжайларды пайдалану" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 56-баптың 3-тармағында:

"Уәкілетті орган" деген сөздер "Уәкілетті органның ведомствосы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"уәкілетті орган бекіткен" деген сөздер "уәкілетті органның ведомствосы бекіткен" деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 57-баптың 4-тармағындағы "уәкілетті орган" деген сөздер "уәкілетті органның ведомствосы және бассейндік инспекциялар" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 58-баптың 3-тармағындағы "уәкілетті орган" деген сөздер "уәкілетті органның ведомствосы" деген сөздермен ауыстырылсын;

21) 59-бапта:

4-тармақтағы "уәкілетті орган" деген сөздер "уәкілетті органның ведомствосы" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтағы "уәкілетті органға және" деген сөздер "бассейндік инспекцияларға және" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтағы "Уәкілетті орган" деген сөздер "Уәкілетті органның ведомствосы" деген сөздермен ауыстырылсын;

22) 60-баптың 3-тармағындағы "уәкілетті орган" деген сөздер "уәкілетті органның ведомствосы" деген сөздермен ауыстырылсын;

23) 66-бапта:

"уәкілетті органның өңірлік органдары", "уәкілетті органның өңірлік органдарына", "уәкілетті органның өңірлік органына" және "уәкілетті органның өңірлік органы" деген сөздер тиісінше "бассейндік инспекциялар", "бассейндік инспекцияларға", "бассейндік инспекцияға" және "бассейндік инспекция" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Халықтың ауызсу мұқтажын қанағаттандыруға байланысты емес мақсаттар үшін ауызсу сапасындағы жерасты суын пайдалануға арналған рұқсат осы Кодекстің 90-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес беріледі.";

4-тармақтың 2) тармақшасындағы "теңіз кемелерінің" деген сөздер "кемелердің" деген сөзбен ауыстырылсын;

6-тармақтың 2) тармақшасындағы "тәулігіне елу текше метрден бастап алу лимиттерімен" деген сөздер алып тасталсын;

10-тармақтың 4) тармақшасы алып тасталсын;

10-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10-1. Бассейндік инспекциялар минералды жерасты суларын қоспағанда, тәулігіне елу текше метрден бастап алу лимиттерімен жерасты суларын тартуға және (немесе) пайдалануға арнайы су пайдалануға рұқсат беру үшін құжаттарды алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның тиісті аумақтық бөлімшесіне осы су пайдалану шарттарын келісу үшін сұрау салу жібереді.

Жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері бес жұмыс күні ішінде бассейндік инспекцияларға оң не теріс қорытынды ұсынуға міндетті

2018 жылғы 29 маусымға дейін бұрғыланған ұңғымалар бойынша жерасты суларының баланстық қорлары болмаған жағдайда, келісу жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органда жерасты суларының қорларын бағалау және оларға сараптама жасау мақсатында берілген арнайы су пайдалануға рұқсат шеңберінде мониторингтік зерттеулер жүргізу шартымен үш жылға дейінгі мерзімге беріледі.";

14-тармақтағы "жиырма төрт" деген сөздер "он" деген сөзбен ауыстырылсын;

15-тармақ мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"Арнайы су пайдалануға рұқсатты қайта ресімдеуді бассейндік инспекциялар осы Кодекске сәйкес өтініш беруші ұсынған барлық қажетті құжаттармен бірге өтініш берілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.";

15-1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Арнайы су пайдалануға рұқсатты ұзартуды бассейндік инспекциялар осы Кодекске сәйкес өтініш беруші ұсынған барлық қажетті құжаттармен бірге өтініш берілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.";

16-тармақтың бесінші бөлігі алып тасталсын;

24) 72-баптың 13) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"13) егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе, ауызсу сапасындағы жерасты суларын ауызсумен жабдықтауға байланысты емес мақсаттар үшін пайдалануға жол бермеуге;"

25) 75-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі "уәкілетті органның өңірлік органы" деген сөздер "бассейндік инспекция" деген сөздермен ауыстырылсын;

26) 82-бапта:

2-тармақтың бірінші бөлігіндегі "уәкілетті органның өңірлік органдары" деген сөздер "бассейндік инспекциялар" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың бірінші бөлігіндегі "уәкілетті органның өңірлік органы" деген сөздер "бассейндік инспекция" деген сөздермен ауыстырылсын;

27) 84-баптың 1-тармағындағы "уәкілетті орган" деген сөздер "уәкілетті органның ведомствосы" деген сөздермен ауыстырылсын;

28) 87-баптың бірінші абзацындағы "Уәкілетті орган" деген сөздер "Уәкілетті органның ведомствосы" деген сөздермен ауыстырылсын;

29) 90-бапта:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Ауызсумен жабдықтау үшін жарамды жерасты суларын, сумен жабдықтаудың өзге көздері болмаған және осы жерасты сулары ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көзі болып табылмайтын жағдайларды қоспағанда, өзге мақсаттар үшін пайдалануға жол берілмейді.";

6-тармақ алып тасталсын;

30) 91-баптың 2-тармағындағы "органдарына, уәкілетті органға", деген сөздер "органдарына, уәкілетті органның ведомствосына" деген сөздермен ауыстырылсын;

31) 92-баптың 2-тармағындағы "уәкілетті органмен және", "келісім бойынша" деген сөздер тиісінше "бассейндік инспекциялармен және", "келісу бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

32) 94-баптың 2-тармағындағы "уәкілетті органмен," деген сөздер "бассейндік инспекциялармен," деген сөздермен ауыстырылсын;

33) 95-баптың 2-тармағындағы "Уәкілетті орган" деген сөздер "Бассейндік инспекция" деген сөздермен ауыстырылсын;

34) 103-бапта:

2-тармақтың екінші бөлігіндегі "уәкілетті органға," деген сөздер "бассейндік инспекцияға," деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтағы "уәкілетті органның келісімі" деген сөздер "бассейндік инспекциямен келісу" деген сөздермен ауыстырылсын;

35) 104-баптың 1-тармағындағы "уәкілетті органмен және" деген сөздер "бассейндік инспекциямен және" деген сөздермен ауыстырылсын;

36) 105-бапта:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Су объектілерін кеме қатынасы санатына жатқызу тәртібін және кеме қатынасы су жолдарының тізбесін бекітуді су көлігі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.";

4-тармақтағы "уәкілетті органмен", "келісім бойынша" деген сөздер тиісінше "бассейндік инспекциямен", "келісу бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

37) 106-баптың 2-тармағындағы "орындарын (пирстер, кіреберістер, жарық нұсқағыштары) таңдауды, оны жайластыруды", "уәкілетті орган және" деген сөздер тиісінше "орнын таңдауды, оны жайластыруды (пирстер, кіреберістер, жарық нұсқағыштары)", "уәкілетті органның ведомствосы және" деген сөздермен ауыстырылсын;

38) 107-баптың 2-тармағының 1) тармақшасындағы "уәкілетті органмен" деген сөздер "бассейндік инспекциямен" деген сөздермен ауыстырылсын;

39) 108-баптың 1, 3 және 4-тармақтарындағы "уәкілетті органмен" деген сөздер "бассейндік инспекциямен" деген сөздермен ауыстырылсын;

40) 110-бапта:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Су қоймаларын пайдалану тәртібі осы Кодекстің 37-бабы 1-тармағының 7-7) және 13-1) тармақшаларында көрсетілген қағидаларға сәйкес әзірленген су қоймаларын пайдаланатын ұйымдардың қағидаларында айқындалады.";

6-тармақтағы "ережелерінің", "уәкілетті орган" деген сөздер тиісінше "қағидаларының", "уәкілетті органның ведомствосы және бассейндік инспекциялар" деген сөздермен ауыстырылсын;

41) 111-бапта:

2 және 3-1-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Су пайдаланушылардың тежеуіш гидротехникалық құрылысжайлардың көмегімен жер үстіндегі ағын суды реттеуі кеме қатынасы, осы өзен бассейні су

ресурстарының кешенді пайдаланылуы мен қорғалуы ескеріле отырып, арнайы су пайдалануға рұқсат негізінде жүзеге асырылады.";

"3-1. Уәкілетті орган бекіткен, бөгеттерді декларацияланатын бөгеттерге жатқызу өлшемшарттарына сәйкес келетін тежеуіш гидротехникалық құрылысжайлардың меншік иелері олардың қауіпсіздігін декларациялауды жүргізуге міндетті.";

4-тармақта:

"бөгетті пайдаланатын ұйым" деген сөздер "меншік иесі" деген сөздермен ауыстырылсын;

орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

5-тармақтағы "уәкілетті орган" деген сөздер "уәкілетті органның ведомствосы" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтағы "уәкілетті органға", "Уәкілетті орган" және "уәкілетті органда" деген сөздер тиісінше "бассейндік инспекцияға", "Бассейндік инспекция" және "бассейндік инспекцияда" деген сөздермен ауыстырылсын;

42) 113-баптың 3-тармағының 1) тармақшасындағы "су жинау алаңында улы химикаттарды" деген сөздер "су қорғау белдеулерінде пестицидтерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

43) 115-баптың 3-тармағындағы "уәкілетті органмен," деген сөздер "бассейндік инспекциялармен," деген сөздермен ауыстырылсын;

44) 116-баптың 2-тармағының бірінші бөлігінде:

"органдары уәкілетті органмен" деген сөздер "органдары бассейндік инспекциялармен" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органмен" деген сөздер "жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органмен" деген сөздермен ауыстырылсын;

45) 119-бапта:

1-тармақтағы "талаптарды", "Қазақстан Республикасының жер туралы заң актісінде" деген сөздер тиісінше "белгіленген талаптарды", "Қазақстан Республикасының жер заңнамасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-1-тармақтағы "бассейндік басқармалармен" деген сөздер "бассейндік инспекциялармен" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта:

"уәкілетті орган," деген сөздер "уәкілетті органның ведомствосы, бассейндік инспекциялар," деген сөздермен ауыстырылсын;

"жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган" деген сөздер "жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

46) 121-баптың 3-тармағындағы "уәкілетті орган" деген сөздер "уәкілетті органның ведомствосы" деген сөздермен ауыстырылсын;

47) 122-бапта:

1-тармақтағы "органдары уәкілетті органмен" деген сөздер "органдары бассейндік инспекциялармен" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "уәкілетті органмен" деген сөздер "уәкілетті органның ведомствосымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

48) 125-бапта:

1-тармақта:

2) тармақша "қоспағанда," деген сөзден кейін "демалыс және (немесе) сауықтыру мақсатындағы ғимараттар мен құрылысжайлар салмай" деген сөздермен толықтырылсын;

7) тармақшадағы "тыңайтқыштардың" деген сөз "пестицидтер мен тыңайтқыштардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың бірінші бөлігінде:

2) тармақшада:

", уәкілетті органмен," деген сөздер ", бассейндік инспекциялармен," деген сөздермен ауыстырылсын;

"жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен, энергиямен жабдықтау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органдармен" деген сөздер "халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы "улы химикаттар мен", "және улы химикаттармен" деген сөздер алып тасталсын;

6) тармақшадағы "улы химикаттармен" деген сөздер "пестицидтермен" деген сөзбен ауыстырылсын;

7) тармақшадағы "улы химикаттарды" деген сөздер "пестицидтерді" деген сөзбен ауыстырылсын;

3-тармақтың бірінші бөлігінде:

"уәкілетті органмен, қоршаған" деген сөздер "бассейндік инспекциялармен, қоршаған" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен," деген сөздер алып тасталсын;

5-тармақтағы және 6-тармақтың екінші бөлігіндегі "уәкілетті органмен, қоршаған" деген сөздер "бассейндік инспекциялармен, қоршаған" деген сөздермен ауыстырылсын;

49) 126-баптағы "уәкілетті органмен, қоршаған" деген сөздер "бассейндік инспекциялармен, қоршаған" деген сөздермен ауыстырылсын.

6. 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 1, 1-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 11-12, 55-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 16, 129-құжат; № 21, 161-құжат; 2012 ж., № 3, 27-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 12, 57-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 10-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 12, 82-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 145-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 11, 57-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 22-I, 141-құжат; № 22-II, 144-құжат; № 22-V, 156-құжат; 2016 ж., № 1, 2-құжат; № 6, 45-құжат; № 7-II, 56, 57-құжаттар; № 8-II, 71, 72-құжаттар

; № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 7, 14-құжат; № 9, 17-құжат; № 12, 34-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 7, 37-құжат):

1) бүкіл мәтін бойынша "халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган", "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган", "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті орган", "қоршаған ортаны қорғау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органдар", "халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен", "халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен", "халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен", "халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органның", "халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органның", "халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік орган", "халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органға", "халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы қызметі саласындағы мемлекеттік орган" және "халықтың санитарлық-эпидемиологиялық қызметі саласындағы мемлекеттік органмен" деген сөздер тиісінше "халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік орган", "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік орган", "халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік орган", "қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік орган", "халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен", "халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен", "халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен", "халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органның", "халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органның", "халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік орган", "халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органға", "халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы

саласындағы мемлекеттік орган" және "халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 32-бапта:

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру және балық аулау өнімін, жабайы өсетін өсімдіктерден алынған өнімді және оларды қайта өңдеу өнімдерін, оның ішінде тамақ өнімін өндірушілер "Органикалық өнім өндіру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес экологиялық таңбалауды ерікті негізде жүзеге асырады.";

3-тармақ "Өндірушілер" деген сөзден кейін ", осы баптың 2-1-тармағында аталғандарды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

3) 142-баптың 3-тармағы "Жер мониторингі" деген сөздерден кейін "жердің пайдаланылуы мен қорғалуын мемлекеттік бақылау," деген сөздермен толықтырылсын;

4) 145-2-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі "Метеорологиялық" деген сөз "Мемлекеттік байқау желісінде жүзеге асырылатын, метеорологиялық" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 195-баптың 3-тармағындағы ", халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы, уәкілетті мемлекеттік органдармен" деген сөздер " уәкілетті мемлекеттік органдармен, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 213-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Орман қоры жерін орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттардағы жерге ауыстыруға орман орналастыру және жерге

орналастыру материалдары негізінде Қазақстан Республикасының орман және жер заңнамасының талаптарына сәйкес мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған кезде жол беріледі.";

7) 217-баптың 7-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) жерді карантинді объектілерді, бөтен текті түрлер мен аса қауіпті зиянды организмдерді жұқтырудан, олардың таралуынан, арамшөптердің, бұталардың және шіліктердің басып кетуінен, сондай-ақ жердің жай-күйінің нашарлауының өзге де түрлерінен қорғау;"

8) 224-1-бапта:

8-тармақтағы "қорғау, жер қойнауын зерттеу жөніндегі, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдарға" деген сөздер "қорғау саласындағы, жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдарға, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

13-тармақтағы "халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы органмен" деген сөздер "халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 239-бапта:

3-тармақтағы "(улы химикаттардың)" деген сөздер ", улы химикаттардың және басқа да химиялық препараттардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақта:

"келісім бойынша өсімдіктерді қорғау және олардың карантині саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен пестицидтердің (улы химикаттардың)" деген

сөздер "келісу бойынша өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті орган бекіткен пестицидтердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"(улы химикаттарды)" деген сөздер алып тасталсын;

4-1 және 5-тармақтардағы "(улы химикаттарды)" деген сөздер алып тасталсын;

6-тармақта:

"(улы химикаттарды)" деген сөздер алып тасталсын;

"келісім бойынша өсімдіктерді қорғау және олардың карантині саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген" деген сөздер "келісу бойынша өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті орган айқындаған" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтағы "өсімдіктерді қорғау және олардың карантині саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздер "өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақта:

1) тармақшадағы "келісім бойынша улы химикаттар қолдануды қоспағанда, жануарлар дүниесі объектілерін улы химикаттар" деген сөздер "келісу бойынша улы химикаттар мен басқа да химиялық препараттар қолдануды қоспағанда, жануарлар дүниесі объектілерін жарғыш құрылғыларды, улы химикаттар мен басқа да химиялық препараттарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшаның бірінші абзацындағы "(улы химикаттарды)" деген сөздер ", улы химикаттарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармақта:

бірінші абзацтағы "(улы химикаттармен) ластанудан қорғау мақсатында су" деген сөздер "улы химикаттармен және басқа да химиялық препараттармен ластанудан қорғау мақсатында балық" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшадағы "пестицидтер (улы химикаттар)", "(улы химикаттармен)" деген сөздер тиісінше "пестицидтерді, улы химикаттарды", ", улы химикаттармен" деген сөздермен ауыстырылсын.

7. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 21, 93-құжат; 2009 ж., № 23, 112-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 15, 71-құжат; № 24, 146, 149, 150-құжаттар; 2011 ж., № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 7, 54-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 15, 125-құжат; № 16, 129-құжат; № 20, 151-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 16-құжат; № 3, 21-құжат; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 36, 41-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 94-құжат; № 18-19, 119-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 5-6, 30-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 13, 63-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 81, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; № 20, 113-құжат; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 1, 6-құжат; № 2, 10, 12-құжаттар; № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 44-құжат; № 11, 63, 69-құжаттар; № 12, 82-құжат; № 14, 84, 86-құжаттар; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 128, 131-құжаттар; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 2, 3-құжат; № 11, 57-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 78-құжат; № 19-I, 100-құжат; № 19-II, 106-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 21-I, 121, 124-құжаттар; № 21-II, 130, 132-құжаттар; № 22-I, 140, 143-құжаттар; № 22-II, 144-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., № 7-II, 53-құжат; № 8-I, 62-құжат; № 12, 87-құжат; № 22, 116-құжат; № 23, 119-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 6, 11-құжат; № 9, 18-құжат; № 10, 23-құжат; № 13, 45-құжат; № 14, 51-құжат; № 15, 55-құжат; № 20, 96-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 1, 2-құжат; № 7-8, 22-құжат; № 9, 31-құжат; № 10, 32-құжат; № 12, 39-құжат; № 14, 42-құжат; № 15, 47, 50-құжаттар; № 16, 55-құжат; № 19, 62-құжат; № 22, 82, 83-құжаттар; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 1, 4-құжат; № 5-6, 27-құжат; № 7, 37, 39-құжаттар; № 8, 45-құжат; 2019 жылғы 5 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу мен дамыту, микроқаржылық қызмет және салық салу мәселелері

бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 53-баптың 1-тармағының 8) тармақшасында:

жиырма жетінші абзацтағы "объектілердің" деген сөз "объектілер мен бөтен текті түрлердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

жиырма сегізінші абзацтағы "(улы химикаттарды)" деген сөздер алып тасталсын;

отыз бесінші абзац алып тасталсын;

отыз жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандыруды қолдау;"

мынадай мазмұндағы қырқыншы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес агроөнеркәсіптік кешенді бағыттар бойынша субсидиялау;"

2) 54-баптың 1-тармағының 8) тармақшасында:

бірінші абзацтағы "орман шаруашылығы" деген сөздер "орман, балық шаруашылығы" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші абзацтағы "(улы химикаттарды)" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы он тоғызыншы – жиырма бірінші абзацтармен толықтырылсын:

"мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) салу, күтіп-ұстау және реконструкциялау;

ауру жануарларды санитариялық союды ұйымдастыру;

жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың құнын иелелеріне өтеу;"

3) 55-баптың 1-тармағы 8) тармақшасының бесінші абзацындағы "(улы химикаттарды)" деген сөздер алып тасталсын;

4) 56-баптың 1-тармағының 7) тармақшасында:

бірінші абзацтағы "ауыл шаруашылығы," деген сөздер алып тасталсын;

екінші, үшінші және төртінші абзацтар алып тасталсын;

5) 70-баптың 1-тармағы "қызмет көрсету," деген сөздерден кейін "суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйін мониторингтеу және бағалау," деген сөздермен толықтырылсын.

8. 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 13-I, 13-II, 83-құжат; № 21, 122-құжат; 2015 ж., № 16, 79-құжат; № 21-III, 137-құжат; № 22-I, 140-құжат; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 8-II, 67-құжат; № 12, 87-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 8, 16-құжат; № 9, 21-құжат; № 14, 50-құжат; № 16, 56-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 1, 2-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 46-құжат; №

16, 56-құжат; № 23, 88, 91-құжаттар; № 24, 94-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат; № 7, 36-құжат; № 8, 45-құжат; 2019 жылғы 5 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу мен дамыту, микроқаржылық қызмет және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 3-бапта:

2) тармақта:

"337" деген цифрлардан кейін ", 340" деген цифрлармен толықтырылсын;

"бір жүз айлық есептік көрсеткіштен асатын" деген сөздер "бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі не одан асатын" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақ "337" деген цифрлардан кейін ", 339" деген цифрлармен толықтырылсын;

38) тармақ "338" деген цифрлардан кейін ", 339" деген цифрлармен толықтырылсын ;

2) 332-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацындағы "улы химикаттарды" деген сөздер "пестицидтерді, улы химикаттарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 335-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы және екінші бөліктің екінші абзацы:

"айыра отырып," деген сөздерден кейін "мүлкі тәркіленіп," деген сөздермен толықтырылсын;

"қамаққа алуға" деген сөздерден кейін "не шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге бес жыл мерзімге шығарып жіберуге" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөлікте:

бірінші абзацтың 1), 2) және 4) тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлеріне, сондай-ақ пайдалануға тыйым салынған жануарларға, оның ішінде бекіре тұқымдас балық түрлеріне қатысты;

2) уылдырық шашатын орындарда, басқа да су жануарларының көбею орындарында немесе ол жерге өріс аудару жолдарында;"

"4) адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған;"

екінші абзац "айыра отырып," деген сөздерден кейін "мүлкі тәркіленіп," деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші бөліктің екінші абзацы "айыра отырып," деген сөздерден кейін "мүлкі тәркіленіп," деген сөздермен толықтырылсын;

4) 336-баптың екінші абзацы "қамаққа алуға" деген сөздерден кейін "не шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге бес жыл мерзімге шығарып жіберуге" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 337-бапта:

бірінші бөлікте:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Заңсыз аң аулау, оның ішінде атыс, пневматикалық, лақтырылатын, суық қаруды , қолға түсірудің басқа да құрал түрлерін, иттерді, аушы жыртқыш құстарды, салт атты, жегін көлікті қолданып заңсыз аң аулау, егер бұл іс-әрекет айтарлықтай залал келтіре отырып жасалса, сол сияқты жарылғыш құрылғыларды немесе жануарларды жаппай қырып-жоятын өзге де құралдарды, авиа-, авто-, мотокөлік құралдарын, оның ішінде қарда жүретін техниканы не шағын көлемді кемелерді қолданып заңсыз аң аулау –";

екінші абзацта:

"бір жылға дейінгі мерзімге айыра отырып" деген сөздер "екі жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, мүлкі тәркіленіп" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қамаққа алуға" деген сөздерден кейін "не шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге бес жыл мерзімге шығарып жіберуге" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлікте:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, бірнеше рет жасалған заңсыз аң аулау –";

екінші абзацта:

"бір жылға дейінгі мерзімге айыра отырып" деген сөздер "екі жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, мүлкі тәркіленіп" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қамаққа алуға" деген сөздерден кейін "не шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге бес жыл мерзімге шығарып жіберуге" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөлікте:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген:

1) адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған;

2) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда немесе төтенше экологиялық ахуал аумақтарында;

3) жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлеріне, сондай-ақ пайдалануға тыйым салынған жануарларға қатысты;

4) адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып жасаған;

5) ірі залал келтіре отырып жасалған заңсыз аң аулау –";

екінші абзацта:

"екі жылға дейінгі мерзімге айыра отырып" деген сөздер "үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, мүлкі тәркіленіп" деген сөздермен ауыстырылсын;

"екі мың" деген сөздер "бес мың" деген сөздермен ауыстырылсын;

"алты жүз" деген сөздер "бір мың екі жүз" деген сөздермен ауыстырылсын;

"екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын" деген сөздер "бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген:

1) қылмыстық топ жасаған;

2) аса ірі залал келтіре отырып жасалған заңсыз аң аулау –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, мүлкі тәркіленіп, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

бесінші бөлік алып тасталсын;

б) 339-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"339-бап. Өсімдіктердің немесе жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген, сондай-ақ пайдалануға тыйым салынған түрлерімен, олардың бөліктерімен немесе дериваттарымен заңсыз айналысу

1. Өсімдіктердің немесе жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін, олардың бөліктерін немесе дериваттарын, сондай-ақ пайдалануға тыйым салынған өсімдіктерді немесе жануарларды, олардың бөліктерін немесе дериваттарын заңсыз қолға түсіру, иемдену, сақтау, өткізу, әкелу, әкету, салып жіберу, тасымалдау немесе жою, сол сияқты олардың мекендейтін жерлерін жою –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, мүлкі тәркіленіп, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Мынадай:

- 1) бірнеше рет;
- 2) адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған;
- 3) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда;
- 4) адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып жасаған;
- 5) ірі залал келтіре отырып жасалған дәл сол іс-әрекеттер –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, мүлкі тәркіленіп, үш мыңнан жеті мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген:

- 1) қылмыстық топ жасаған;
- 2) аса ірі залал келтіре отырып жасалған іс-әрекеттер –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, мүлкі тәркіленіп, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

7) 340-бапта:

бірінші бөлікте:

бірінші абзацтағы "орман қорына" деген сөздер "айтарлықтай залал келтіре отырып, орман қорына" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы "бір жүз жиырма айлық", "қамаққа алуға" деген сөздер тиісінше " мүлкі тәркіленіп, бір жүз жиырма айлық", "қамаққа алуға не шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге бес жыл мерзімге шығарып жіберуге" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлікте:

бірінші абзацтағы "Орман" деген сөз "Айтарлықтай залал келтіре отырып, орман" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы "бір жүз алпыс айлық", "қамаққа алуға" деген сөздер тиісінше " мүлкі тәркіленіп, бір жүз алпыс айлық", "қамаққа алуға не шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге бес жыл мерзімге шығарып жіберуге" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктің екінші абзацы:

"онсыз," деген сөзден кейін "мүлкі тәркіленіп," деген сөздермен толықтырылсын;

"қамаққа алуға" деген сөздерден кейін "не шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге бес жыл мерзімге шығарып жіберуге" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші бөліктің екінші абзацы "екі" деген сөздің алдынан "мүлкі тәркіленіп," деген сөздермен толықтырылсын;

8) 341-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы "екі мың" деген сөздердің алдынан "мүлкі тәркіленіп," деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацы "үш" деген сөздің алдынан "мүлкі тәркіленіп," деген сөздермен толықтырылсын;

9) 342-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы:

"онсыз," деген сөзден кейін "мүлкі тәркіленіп," деген сөздермен толықтырылсын;

"қамаққа алуға" деген сөздерден кейін "не шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге бес жыл мерзімге шығарып жіберуге" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацы "онсыз," деген сөзден кейін "мүлкі тәркіленіп," деген сөздермен толықтырылсын.

9. 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 15-I, 15-II, 88 -құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; 2015 ж., № 20-VII, 115-құжат; № 21-

III, 137-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 8-II, 67-құжат; № 12, 87-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 126, 129-құжаттар; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 8, 16-құжат; № 14, 50, 53-құжаттар; № 16, 56-құжат; № 21, 98, 102-құжаттар; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 1, 2-құжат; № 10, 32-құжат; № 16, 53, 56-құжаттар; № 23, 91-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат; № 7, 36-құжат):

1) 118-бапта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар заттай дәлелдемелер деп танылады:

1) егер қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруы немесе құралы болды деп пайымдауға негіз болса, мүлік;

2) қылмыстық құқық бұзушылықтың іздері сақталып қалған нәрселер;

3) қоғамға қауіпті қолсұғушылық объектілері болған нәрселер;

4) қылмыстық құқық бұзушылықтың мәлім болу, істің нақты мән-жайларын анықтап алу, кінәлі адамды анықтау не оның кінәлі екенін теріске шығару немесе жауаптылықты жеңілдету құралдары болуы мүмкін ақша немесе өзге де құндылықтар, нәрселер немесе құжаттар.";

үшінші бөлікте:

1) тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1) қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамға тиесілі, қылмыстық құқық бұзушылық жасау қарулары және (немесе) құралдары Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 48-бабы негізінде тәркіленуге жатады;"

мынадай мазмұндағы 1-1) және 1-2) тармақтармен толықтырылсын:

"1-1) мүлкінің құқыққа қарсы мақсаттарда пайдаланылуы туралы білмеген не білмеуге тиіс болған адамға заңды негіздерде тиесілі, қылмыстық құқық бұзушылық жасау қарулары және (немесе) құралдары осы адамға қайтарылуға жатады;

1-2) өзге жағдайларда қылмыстық құқық бұзушылық жасау қарулары және (немесе) құралдары тиісті мекемелерге белгілі бір адамдарға беріледі немесе жойылады;"

4) тармақтағы "қылмыстық жолмен жиналған ақша және өзге де құндылықтар" деген сөздер "заңды иесіне қайтарылуға жататын мүлікті және одан түсетін кірістерді қоспағанда, қылмыстық жолмен табылған не қылмыстық жолмен табылған қаражатқа алынған ақша және өзге де мүлік" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 187-баптың екінші бөлігіндегі "337 (төртінші және бесінші бөліктерінде), 338, 340 (төртінші бөлігінде)" деген сөздер "337 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 338, 339 (екінші және үшінші бөліктерінде), 340 (төртінші бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 191-бапта:

екінші бөліктегі "337 (үшінші бөлігінде), 339" деген сөздер "339 (бірінші бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

он алтыншы бөлік "336," деген цифрлардан кейін "337 (бірінші және екінші бөліктерінде)," деген сөздермен толықтырылсын.

10. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 18-І, 18-ІІ, 92-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 145, 146-құжаттар; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 6-құжат; № 7, 33-құжат; № 8, 44, 45-құжаттар; № 9, 46-құжат; № 10, 50-құжат; № 11, 52-құжат; № 14, 71-құжат; № 15, 78-құжат; № 16, 79-

құжат; № 19-I, 101-құжат; № 19-II, 102, 103, 105-құжаттар; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 21-I, 124, 125-құжаттар; № 21-II, 130-құжат; № 21-III, 137-құжат; № 22-I, 140, 141, 143-құжаттар; № 22-II, 144, 145, 148-құжаттар; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 152, 156, 158-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; № 22-VII, 161-құжат; № 23-I, 166, 169-құжаттар; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 9-құжат; № 6, 45-құжат; № 7-I, 49, 50-құжаттар; № 7-II, 53, 57-құжаттар; № 8-I, 62, 65-құжаттар; № 8-II, 66, 67, 68, 70, 72-құжаттар; № 12, 87-құжат; № 22, 116-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 124, 126, 131-құжаттар; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 9, 17, 18, 21, 22-құжаттар; № 12, 34-құжат; № 14, 49, 50, 54-құжаттар; № 15, 55-құжат; № 16, 56-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; № 24, 114, 115-құжаттар; 2018 ж., № 1, 4-құжат; № 7-8, 22-құжат; № 9, 27-құжат; № 10, 32-құжат; № 11, 36, 37-құжаттар; № 12, 39-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 46, 49, 50-құжаттар; № 16, 53-құжат; № 19, 62-құжат; № 22, 82-құжат; № 23, 91-құжат; № 24, 93, 94-құжаттар; 2019 ж., № 1, 2, 4-құжаттар; № 2, 6-құжат; № 5-6, 27-құжат; № 7, 36, 37-құжаттар; № 8, 45-құжат; 2019 жылғы 5 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу мен дамыту, микроқаржылық қызмет және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) мазмұнында:

299 және 377-баптардың тақырыптары мынадай редакцияда жазылсын:

"299-бап. Өнеркәсіптік қауіпсіздік және бөгеттердің қауіпсіздігі, тежеуіш гидротехникалық құрылысжайларды пайдалану саласындағы аттестатталатын жұмыс түрлерін жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу";

"377-бап. Пестицидтерді, улы химикаттарды және басқа да препараттарды заңсыз тасымалдау, сақтау және қолдану";

мынадай мазмұндағы 381-1-баптың тақырыбымен толықтырылсын:

"381-1-бап. Ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу, жою немесе зақымдау";

408-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"408-бап. Ауыл шаруашылығы жануарларын жаю қағидаларын, иттер мен мысықтарды асырау және серуендету қағидаларын, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидаларын бұзу";

717-баптың тақырыбы алып тасталсын;

2) 228-баптың үшінші және жетінші бөліктері алып тасталсын;

3) 299-бапта:

тақырып "қауіпсіздігі" деген сөзден кейін ", тежеуіш гидротехникалық құрылысжайларды пайдалану" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"3. Бөгеттерді декларацияланатын бөгеттерге жатқызу өлшемшарттарына сәйкес келетін тежеуіш гидротехникалық құрылысжайларды қауіпсіздік декларациясы болмай пайдалану –

жеке тұлғаларға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – жиырма бес, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет –

жеке тұлғаларға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз, ірі кәсіпкерлік

субъектілеріне төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.";

4) 337-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацындағы "улы химикаттармен" деген сөздер "пестицидтермен, улы химикаттармен" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 339-баптың бірінші бөлігінің 1) тармақшасындағы "жерді нысаналы мақсатта, ал елді мекендердің жерінде – функционалдық аймаққа сәйкес пайдаланбаудан" деген сөздер "жерді нысаналы мақсатына сай емес, ал елді мекендер жерінде – функционалдық аймаққа сәйкес емес пайдаланудан" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 377-баптың тақырыбындағы және бірінші бөлігінің бірінші абзацындағы "(улы химикаттарды)", "пестицидтерді (улы химикаттарды) және қоршаған ортаны ластауға не жануарлар дүниесіне залал келтіруге әкеп соққан немесе әкеп соғуы мүмкін" деген сөздер тиісінше ", улы химикаттарды", "қоршаған ортаны ластауға не жануарлар дүниесіне залал келтіруге алып келген немесе алып келуі мүмкін болған пестицидтерді, улы химикаттарды және" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) мынадай мазмұндағы 381-1-баппен толықтырылсын:

"381-1-бап. Ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу, жою немесе зақымдау

1. Үй маңындағы, саяжай мен бақша учаскелеріндегі ағаштар мен бұталардан басқа, бір жүз айлық есептік көрсеткішке дейін залал келтіре отырып, орман қорына кірмейтін және кесуге тыйым салынған ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу, жою немесе зақымдау, сол сияқты орман дақылдарын, орман питомниктері мен плантацияларындағы егілген не отырғызылған көшеттерді, сондай-ақ ормандарды молықтыру және орман өсіруге арналған алаңдарда өзі өсіп шыққан шыбықтарды, өскіндерді не қолдан отырғызылған екпелерді жою немесе зақымдау –

заңсыз кесілген ағаштар мен бұталар, көрсетілген бұзушылықтарды жасау құралы болған бұзушының көлік құралдары және өзге де заттары тәркілене отырып, жеке тұлғаларға – он, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – отыз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – қырық, ірі

кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

2. Бір жүз айлық есептік көрсеткішке дейін залал келтіре отырып, орман қорына кіретін ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу, жою немесе зақымдау –

заңсыз кесілген ағаштар мен бұталар, көрсетілген бұзушылықтарды жасау құралы болған бұзушының көлік құралдары және өзге де заттары тәркілене отырып, жеке тұлғаларға – жиырма, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – қырық, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жасалған әрекеттер –

заңсыз кесілген ағаштар мен бұталар, көрсетілген бұзушылықтарды жасау құралы болған бұзушының көлік құралдары және өзге де заттары тәркілене отырып, жеке тұлғаларға – отыз, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – жетпіс, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – тоқсан, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.";

8) 384-баптың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) су объектілерінің су қорғау белдеулерінде пестицидтерді, тыңайтқыштарды қолдану;"

9) 403-баптың үшінші бөлігінде:

1) және 2) тармақшалардағы "(улы химикаттарды)" деген сөздер алып тасталсын;

3) тармақшадағы "(улы химикаттарды)", "(улы химикаттармен)" деген сөздер алып тасталсын;

4) тармақшада:

"(улы химикаттарды)" деген сөздер алып тасталсын;

"пестицидтің (улы химикаттың)" деген сөздер "пестицидтің" деген сөзбен ауыстырылсын;

5), 6) және 7) тармақшалардағы "пестицидтерді (улы химикаттарды)", "пестицидтердің (улы химикаттардың)", "жағып жіберу жолымен", "қоспаларды жою үшін" деген сөздер тиісінше "пестицидтерді", "пестицидтердің", "жағып жіберу арқылы жою үшін", "қоспалардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 404-баптың екінші бөлігі алып тасталсын;

11) 408-бапта:

тақырыптағы "Иттер" деген сөз "Ауыл шаруашылығы жануарларын жаю қағидаларын, иттер" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөліктің бірінші абзацы "елді мекендерде" деген сөздерден кейін "ауыл шаруашылығы жануарларын жаю қағидаларын," деген сөздермен толықтырылсын;

12) 684-баптың бірінші бөлігі "360 (бірінші бөлігінде)," деген сөздерден кейін "381-1," деген цифрлармен толықтырылсын;

13) 705-баптың екінші бөлігінде:

2) тармақша "астананың" деген сөзден кейін ", аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлар құқылы.";

14) 707-баптың бірінші бөлігіндегі "403-баптарында" деген сөздер "403, 415 (бірінші бөліктің 1) тармақшасы) (пестицидтер айналымы саласындағы техникалық регламенттердің талаптарын бұзу бөлігінде)-баптарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 708-баптың бірінші бөлігіндегі "(бірінші бөлігінде (өнеркәсіптік қауіпсіздікті қоспағанда)" деген сөздер "(бірінші (өнеркәсіптік қауіпсіздікті қоспағанда), үшінші және төртінші бөліктерінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 717-бап алып тасталсын;

17) 720-баптың екінші бөлігіндегі "400 (бірінші бөлігінде), 406 (бірінші және екінші бөліктерінде)," деген сөздер алып тасталсын;

18) 729-баптың бірінші бөлігінде:

"338," деген цифрлардан кейін "382 (бірінші бөлігінде), 383 (бірінші және екінші бөліктерінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

"404 (бірінші, екінші," деген сөздер "404 (бірінші," деген сөздермен ауыстырылсын;

"406 (бірінші бөліктің 2) тармақшасын (ветеринариялық препараттар мен жемшөп қоспаларын өндіретін ұйымдарда жасалған бұзушылықтар бөлігінде), 3) және 5)

тармақшаларын қоспағанда, жетінші және сегізінші бөліктерінде)," деген сөздер алып тасталсын;

19) 785-баптың бірінші бөлігінің б) тармақшасындағы "құжаттар мен заттарды" деген сөздер "құжаттарды, заттар мен тауарларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 786-баптың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында:

"жануарлар дүниесін қорғау мен пайдалану туралы заңнаманы басқаша бұзушылықтар жасалған кезде - орман және аңшылық шаруашылығы мемлекеттік және ведомстволық күзетінің жұмыскерлері, аң аулау қағидаларының сақталуына мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын органдардың, балық қорғау органдарының осыған уәкілеттік берілген лауазымды адамдары" деген сөздер "Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын басқа да бұзушылықтар жасалған кезде – мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын орман шаруашылығы, жануарлар дүниесі, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар органдарының, сондай-ақ уәкілетті орган мен жергілікті атқарушы органдардың мамандандырылған ұйымдарының жұмыскерлері" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жануарлар дүниесінің қорғалуы мен пайдаланылуына" деген сөздер "жануарлар дүниесінің қорғалуына, өсімін молайту мен пайдаланылуына" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қорықтардың және басқа да ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың лауазымды адамдары, сондай-ақ" деген сөздер "ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың лауазымды адамдары," деген сөздермен ауыстырылсын;

21) 787-бапта:

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) Қазақстан Республикасының орман заңнамасы, Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамасы саласында құқық бұзушылықтар жасалған кезде – мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын орман шаруашылығы, жануарлар дүниесі, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар органдары, сондай-ақ уәкілетті орган мен жергілікті атқарушы органдардың мамандандырылған ұйымдары;"

9) тармақшадағы ", қорықтар мен басқа да ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 14-1) тармақшамен толықтырылсын:

"14-1) ветеринария саласындағы, өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті органдар сақталуын бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын қағидалар, талаптар бұзылған кезде – осы органдардың лауазымды адамдары; өсімдіктерді қорғау саласындағы уәкілетті орган сақталуын бақылауды жүзеге асыратын қағидалар, талаптар бұзылған кезде – осы органның лауазымды адамдары;"

22) 797-бапта:

бірінші бөлікте:

1) тармақша "396," деген цифрлардан кейін "400, 403 (екінші бөлігінде), 406 (жетінші және сегізінші бөліктерін қоспағанда)," деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақшадағы "571 (бесінші, алтыншы, жетінші және сегізінші бөліктерінде)" деген сөздер "400, 403 (екінші бөлігінде), 406 (жетінші және сегізінші бөліктерін қоспағанда), 571 (бесінші, алтыншы, жетінші және сегізінші бөліктерінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің бірінші абзацындағы "Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа әскерлері мен әскери құралымдарының, өз өкілеттіктері шегінде көліктік бақылау органдарының, орман және аңшылық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, балық қорғау органдарының (орман, балық, аңшылық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнаманы бұзған кезде) көлік құралын басқаратын адам әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде ішкі істер органдарының, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету және қорғау кезінде Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің, әскери полицияның қызметкерлері" деген сөздер "ішкі істер органдарының, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету және қорғау кезінде Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің, Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының, Қарулы Күштерінің, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының көлік құралын басқаратын адам әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде әскери полицияның, өз өкілеттіктері шегінде көліктік бақылау органдарының, орман және аңшылық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, балық қорғау органдарының (орман, балық, аңшылық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнаманы бұзған кезде) қызметкерлері, ветеринария саласындағы, өсімдіктер карантині жөніндегі және өсімдіктерді қорғау саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

23) 804-баптың бірінші бөлігінде:

1) тармақша "282 (үшінші және төртінші бөліктері)," деген сөздерден кейін "381-1," деген цифрлармен толықтырылсын;

7) тармақшадағы ", 463" деген цифрлар алып тасталсын;

9) тармақша:

"шаруашылығы" деген сөзден кейін ", ерекше қорғалатын табиғи аумақтар" деген сөздермен толықтырылсын;

"160 (екінші бөлігі)," деген сөздерден кейін "381-1 (екінші және үшінші бөліктері)," деген сөздермен толықтырылсын;

15) тармақшада:

"400 (екінші бөлігі)," деген сөздерден кейін "415 (екінші бөлігі) (пестицидтер айналымы саласындағы техникалық регламенттердің талаптарын бұзушылықтар бойынша)," деген сөздермен толықтырылсын;

"(химиялық өнімге қойылатын қауіпсіздік талаптарын бұзушылықтар бойынша)" деген сөздер "(пестицидтер айналымы саласындағы техникалық регламенттердің талаптарын бұзушылықтар бойынша)" деген сөздермен ауыстырылсын;

31) тармақшадағы "400 (екінші бөлігі) және 425 (екінші бөлігі)-баптарда" деген сөздер "425 (екінші бөлігі)-бапта" деген сөздермен ауыстырылсын;

50) тармақша "320 (бірінші, екінші және үшінші бөліктері)," деген сөздерден кейін "381-1," деген цифрлармен толықтырылсын.

11. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 20-II, 20-III, 112-құжат; 2016 ж., № 1, 4-құжат; № 6, 45-құжат; № 7-II, 55-құжат; № 8-I, 62, 65-құжаттар; № 8-II, 72-құжат; № 12, 87-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 124, 126-құжаттар; 2017 ж., № 9, 21-құжат; № 14, 50, 51-құжаттар; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 11, 37-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 46, 49, 50-құжаттар; № 19, 62-құжат; № 22, 82, 83-құжаттар; № 24, 94-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат; № 5-6, 27-құжат; № 7, 37, 39-құжаттар; № 8, 45-құжат; 2019 жылғы 5 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу мен дамыту, микроқаржылық қызмет және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) мазмұнындағы 240-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"240-бап. Агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандыруды мемлекеттік қолдау";

2) 90-6-баптың 37) тармақшасындағы "монополияға қарсы комплаенстің үлгілік сыртқы актісіне" деген сөздер "Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының нормаларына" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 138-баптың 27) тармақшасы алып тасталсын;

4) 139-баптың 19) тармақшасындағы "саласында жүзеге асырылады." деген сөздер "саласында;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 20), 21) және 22) тармақшалармен толықтырылсын:

"20) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында;

21) орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласында;

22) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында жүзеге асырылады.";

5) 140-бапта:

3-тармақтың бірінші бөлігінде:

2) тармақша "жүргізуге" деген сөзден кейін ", сондай-ақ өсімдіктер карантині саласында бақылау және қадағалау, фитосанитариялық және ветеринариялық бақылау бекеттерінде ветеринариялық бақылау жүргізуге" деген сөздермен толықтырылсын;

9) тармақшаның бірінші абзацындағы "бақылауды" деген сөз "бақылау мен қадағалауды" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақ "үш жыл бойы"" деген сөздерден кейін "тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары негізінде жүзеге асырылатын" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 141-баптың 3-тармағының он бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) жануарлардың аурулары мен олардың тамақтан улануының, карантинді объектілердің және (немесе) бөтен текті түрлердің пайда болуы мен таралуының себептері мен жағдайларын анықтау және белгілеу үшін, карантинді объектілердің, бөтен текті түрлердің, зиянды және (немесе) аса қауіпті зиянды организмдердің таралу ошақтарын анықтау, сондай-ақ мемлекеттік тіркеуден өтпеген пестицидтерді, жалған пестицидтерді өткізу, сақтау, қолдану және (немесе) әкелу фактілерін анықтау үшін аумақ пен объектілерге зерттеп-қарау жүргізілген;"

7) 144-баптың 7-тармағындағы "(улы химикаттарды)" деген сөздер алып тасталсын;

8) 146-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі "1) және 3) тармақшаларында" деген сөздер "1), 3) және 3-1) тармақшаларында" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 147-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі "1), 3) және 6) тармақшаларында" деген сөздер "1), 3), 3-1) және 6) тармақшаларында" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 169-баптың 6-тармағы екінші бөлігінің 2) тармақшасындағы "жүзеге асыру арқылы басқа заңды тұлға қабылдайтын шешімдерді тікелей немесе жанама түрде (заңды тұлға немесе бірнеше заңды тұлға арқылы) айқындау мүмкіндігі түсініледі." деген сөздер "жүзеге асыру;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) нарық субъектілерінің кәсіпкерлік қызметті жүргізу шарттарын айқындау немесе осы нарық субъектілеріне мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартына, кешенді

кәсіпкерлік лицензиясына (франчайзинг), лицензиялық шартқа немесе тауар белгісімен немесе құқық иеленуші (құқық иеленуші уәкілеттік берген тұлға) мен нарық субъектілері арасындағы құқық иеленушіні дараландырудың өзге де құралымен тауар сатуды ұйымдастыру туралы өзге де келісімге сәйкес орындау үшін міндетті нұсқаулар беру құқығын алу арқылы басқа заңды тұлға қабылдайтын шешімдерді тікелей немесе жанама түрде (заңды тұлға немесе бірнеше заңды тұлға арқылы) айқындау мүмкіндігі түсініледі.";

11) 170-баптың 4-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) тұтынушыларға алынатын артықшылықтардың мөлшерлес бөлігін бере отырып, озық технологияларды, стандарттауды, сапаны бақылау жүйесін, қоршаған ортаны қорғауды ендіру жолымен тауарлар өндіруді (өткізуді) жетілдіруге;"

12) 175-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Басқа тауармен алмастырылмайтын тауардың (оның ішінде шетелде шығарылған тауардың) немесе өзара алмастырылатын тауарлардың айналыс аясы тауар нарығы болып табылады, оның шекарасында (оның ішінде географиялық) сатып алушы экономикалық, техникалық немесе өзге де мүмкіндікті не орындылықты негізге ала отырып, тауарды сатып ала алады және оның шегінен тыс жерде мұндай мүмкіндік не орындылық болмайды.";

13) 195-1-баптың 3 және 4-тармақтарындағы "монополияға қарсы комплаенстің үлгілік сыртқы актісіне" деген сөздер "Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының нормаларына" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 216-баптың 2-тармағының 4) тармақшасындағы "хабарлауы болып табылады." деген сөздер "хабарлары;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) нарық субъектісінің, мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдардың, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымның әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы

заңнамасын бұзу белгілерінің бар екендігі туралы монополияға қарсы органның хабарламасын нарық субъектісінің, мемлекеттік органның, жергілікті атқарушы органның, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымның белгіленген мерзімде орындамауы болып табылады.";

15) 218-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы 4-1) және 4-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"4-1) тергеп-тексеру нысанасы;

4-2) тексерілетін кезең;"

16) 224-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы төртінші және бесінші бөліктермен толықтырылсын:

"Келісу комиссиясының ескертулерімен және ұсынымдарымен келіспеген жағдайда , лауазымды адам (лауазымды адамдар) келісу комиссиясының қарауына жататын уәжді қорытынды қалыптастырады.

Тергеп-тексеруді жүргізу мерзімінің өтуі тергеп-тексеру объектісінің өтініші немесе лауазымды адамның (лауазымды адамдардың) уәжді қорытындысы келіп түскен кезден бастап келісу комиссиясы ескертулер мен ұсынымдар шығарғанға дейін тоқтатыла тұрады.";

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Тергеп-тексеру нәтижелері бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешім шығарылған жағдайда, тергеп-тексеру нәтижелері бойынша қорытындыны бекіту туралы бұйрық ол қабылданған кезден бастап он жұмыс күні өткен соң күшіне енеді.

Тергеп-тексеру нәтижелері бойынша қорытындыны бекіту туралы бұйрыққа шағым жасау оның күшіне ену мерзімінің өтуін шағым қаралғанға дейін тоқтата тұрады.";

6-тармақтағы "бұйрыққа қол қойылған" деген сөздер "бұйрық күшіне енген" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 240-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"240-бап. Агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандыруды мемлекеттік қолдау

Агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандыруды мемлекеттік қолдау "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.";

18) 241-баптың 2-тармағының 4) тармақшасы алып тасталсын.

12. 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2017 ж., № 22-I, 22-II, 107-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 11, 37-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 42, 44-құжаттар; № 15, 50-құжат; № 19, 62-құжат; № 22, 82, 83-құжаттар; № 24, 93, 94-құжаттар; 2019 ж., № 1, 2, 4-құжаттар; № 2, 6-құжат; № 5-6, 27-құжат; № 7, 37, 39-құжаттар; № 8, 45-құжат; 2019 жылғы 5 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу мен дамыту, микроқаржылық қызмет және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 427-баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 8) тармақшасындағы "(улы химикаттар)" деген сөздер алып тасталсын;

2) 428-баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 8) тармақшасындағы "(улы химикаттар)" деген сөздер алып тасталсын;

3) 509-баптың 4-тармағының екінші бөлігі "бірінші бөлігінің" деген сөздерден кейін "және осы баптың 5-тармағының" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 554-баптың 4-тармағы кестесінің 1.16-жолындағы "(улы химикаттарды)" деген сөздер алып тасталсын;

5) 609-баптың 1-тармағының 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) мыналарды:

Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын өсімдіктер дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға арналған рұқсаттарды;

Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға арналған рұқсаттарды;

жекелеген жабайы өсетін өсімдіктер мен жабайы өсетін дәрілік шикізатты, оның ішінде сирек кездесетіндерін және құрып кету қаупі төнгендерін Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкетуге арналған қорытындыны (рұқсат беру құжатын);

жабайы жануарларды, оның ішінде сирек кездесетіндерін және құрып кету қаупі төнгендерін Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкетуге арналған қорытындыны (рұқсат беру құжатын) бергені үшін";

6) 615-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) мыналарды:

Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын өсімдіктер дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға арналған рұқсаттарды бергені үшін – 2 АЕК;

Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға арналған рұқсаттарды бергені үшін – 2 АЕК;

жекелеген жабайы өсетін өсімдіктер мен жабайы өсетін дәрілік шикізатты, оның ішінде сирек кездесетіндерін және құрып кету қаупі төнгендерін Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкетуге арналған қорытындыны (рұқсат беру құжатын) бергені үшін – 2 АЕК;

жабайы жануарларды, оның ішінде сирек кездесетіндерін және құрып кету қаупі төнгендерін Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкетуге арналған қорытындыны (рұқсат беру құжатын) бергені үшін – 2 АЕК;"

7) 623-баптың 1-тармағы 5) тармақшасының бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"мыналарды:

Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын өсімдіктер дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға,

Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға арналған рұқсаттарды;

Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға арналған рұқсаттарды;

жекелеген жабайы өсетін өсімдіктер мен жабайы өсетін дәрілік шикізатты, оның ішінде сирек кездесетіндерін және құрып кету қаупі төнгендерін Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкетуге арналған қорытындыны (рұқсат беру құжатын);

жабайы жануарларды, оның ішінде сирек кездесетіндерін және құрып кету қаупі төнгендерін Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкетуге арналған қорытындыны (рұқсат беру құжатын) бергені үшін;"

13. 2017 жылғы 26 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2017 ж., № 23-I, 23-II, 110-құжат; 2018 ж., № 15, 50-құжат; № 19, 62-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 7, 37, 39-құжаттар; 2019 жылғы 5 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу мен дамыту, микроқаржылық қызмет және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 12-баптың 2-тармағының 18) тармақшасы алып тасталсын;

2) 402-баптың 6 және 7-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттерінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасы талаптарының

орындалуын тексеру мақсатында жүзеге асырылады және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағын Еуразиялық экономикалық одақтың мүшелері болып табылмайтын басқа мемлекеттерден жануарлардың жұқпалы және экзотикалық ауруларын қоздырушылардың әкелінуі мен таралуынан қорғауға бағытталады.

Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттерінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомствосының мемлекеттік кіріс органдарына іссапарға жіберілген мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлары ветеринария саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырады.

7. Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттерінде мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау мен қадағалау Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасы талаптарының орындалуын тексеру мақсатында жүзеге асырылады және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағын Еуразиялық экономикалық одақтың мүшелері болып табылмайтын басқа мемлекеттерден карантинді объектілердің әкелінуінен немесе өздігінен енуінен қорғауға бағытталады.

Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттерінде мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау мен қадағалауды өсімдіктер карантині саласындағы уәкілетті орган ведомствосының мемлекеттік кіріс органдарына іссапарға жіберілген өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлары өсімдіктер карантині саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырады."

14. "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" 1998 жылғы 22 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 5-6, 49-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2002 ж., № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; № 24, 178-құжат; 2004 ж., № 5, 30-құжат; 2005 ж., № 14, 58-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24, 25-құжаттар; № 8, 45-құжат; 2007 ж., № 4, 28-құжат; № 20, 153-құжат; 2008 ж., № 13-14, 56-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; 2011 ж., № 1, 9-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-VII, 117-құжат; № 22-VI, 159-құжат;

2016 ж., № 6, 45-құжат; № 8-II, 70-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат; № 7, 37-құжат):

1) 43-баптың 2-тармағында:

бірінші абзацтағы "Жауапкершілігі" деген сөз "Егер осы тармақтың екінші бөлігінде өзгеше белгіленбесе, жауапкершілігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Кредиттік серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысы кредиттік серіктестіктің атқарушы органына кредиттік серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысының мынадай айрықша құзыреттерін беруге құқылы:

кредиттік серіктестікке қатысушыларды қабылдау (шығару);

кредиттік серіктестікке қатысушыларды қабылдауға (шығаруға) байланысты кредиттік серіктестіктің жарғысын өзгерту немесе оны жаңа редакцияда бекіту.";

2) 46-баптың 1-1-тармағы мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Кредиттік серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысын шақыру тәртібі мен мерзімдері Қазақстан Республикасының кредиттік серіктестіктер туралы заңнамасында айқындалады.";

3) 52-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі "мәселелері" деген сөзден кейін ", сондай-ақ осы Заңның 43-бабы 2-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген мәселелер" деген сөздермен толықтырылсын.

15. "Өсімдіктер карантині туралы" 1999 жылғы 11 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 2-3, 34-құжат; № 23, 931-құжат; 2002 ж., № 4, 30-құжат; 2003 ж., № 15, 121-құжат;

2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; 2009 ж., № 18, 84, 85-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат; № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 21, 123-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 13, 65-құжат; № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 8-I, 65-құжат; № 23-III, 111-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 7, 39-құжат):

1) 1-бапта:

1) тармақша алып тасталсын;

4) тармақшада:

"(карантинді зиянды организмдерді)" деген сөздер алып тасталсын;

"карантиндік шаралар" деген сөздер "карантиндік фитосанитариялық шаралар" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-1) тармақшадағы "бақылауға" деген сөз "бақылау мен қадағалауға" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) карантинді объект – өсімдіктерге және өсімдік өніміне айтарлықтай зиян келтіруі мүмкін, Қазақстан Республикасының аумағында жоқ немесе шектеулі таралған , Еуразиялық экономикалық одақтың карантинді объектілердің бірыңғай тізбесіне және (немесе) өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралар белгіленетін және жүзеге асырылатын карантинді объектілер мен бөтен текті түрлердің тізбесіне енгізілген өсімдіктер зиянкесі, ауруын қоздырғыш немесе арамшөп;"

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) карантиндік режим – карантинді объектінің таралу ошағын жоюға, карантинді объектінің таралуына жол бермеу мақсатында шаруашылық байланыстарды шектеуге немесе тоқтатуға және карантинді аймақ аумағынан карантинге жатқызылған өнімді тасымалдауды (өткізуді) тоқтата тұруға бағытталған өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды міндетті түрде жүргізуді көздейтін құқықтық режим;"

9) тармақша алып тасталсын;

9-3) тармақшада:

"және автомобиль өткізу пункттеріндегі уәкілетті орган" деген сөздер алып тасталсын;

"шарасы", "карантиндік шара" деген сөздер тиісінше "шарасы –", "карантиндік фитосанитариялық шара" деген сөздермен ауыстырылсын;

9-4) тармақшадағы "бақылау" деген сөз "бақылау –" деген сөзбен ауыстырылып, " және автомобиль өткізу пункттеріндегі уәкілетті органның" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 14-1) тармақшамен толықтырылсын:

"14-1) уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар – Қазақстан Республикасының аумағын карантинді объектілердің әкелінуінен және (немесе) одан әрі таралуынан қорғауды қамтамасыз ету не олар келтіретін зиянды төмендету мақсатында қолданылатын, басқа мемлекеттерден Қазақстан Республикасының аумағына карантинге жатқызылған өнімді әкелуге және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағы арқылы карантинге жатқызылған өнімнің транзитіне тыйым салу немесе оларды шектеу;"

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"15) фитосанитариялық бақылау бекеті – уәкілетті орган ведомствосының шекара және кеден пункттері (Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттері) аумағында, сондай-ақ автомобиль қатынасы шегінде Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы карантинге жатқызылған өнімді өткізудің өзге де орындарында және уәкілетті орган айқындаған өзге де орындарда орналасқан, қажетті жабдықпен және аспаптармен жарақтандырылған, мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық қадағалауды және (немесе) карантинге жатқызылған өнімнің әкелінуі, транзиті туралы алдын ала ақпаратты қабылдауды жүзеге асыратын бөлімшесі;"

17) тармақшадағы "фитосанитариялық шараларды" деген сөздер "карантиндік фитосанитариялық шараларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

17-1) тармақшадағы "карантиндік шараларды" деген сөздер "карантиндік фитосанитариялық шараларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 17-2) тармақшамен толықтырылсын:

"17-2) шұғыл шаралар – Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет немесе жаңадан анықталған карантинді объектілердің таралу ошақтарын дереу оқшаулау және жою жөніндегі іс-шаралар.";

2) 6-баптың 4) тармақшасындағы "кәсіпорын;" деген сөз "кәсіпорын кіреді." деген сөздермен ауыстырылып, 5) тармақша алып тасталсын;

3) 7-бапта:

1-тармақта:

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) карантиндік фитосанитариялық талаптарды әзірлейді және бекітеді;"

мынадай мазмұндағы 7-1), 7-2), 7-3), 7-4) және 8-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"7-1) жеке және заңды тұлғаларға жеміс дақылдарының бактериялық күйігін жұқтырған жойылған жеміс-жидек дақылдарын отырғызу мен өсіруге шығындарын өтеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

7-2) фитосанитариялық тәуекелге талдау жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

7-3) есепке алу нөмірлерін береді, қолданылуын тоқтата тұрады және кері қайтарып алады;

7-4) мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру кезінде материалдық құралдарды, фото- және бейнетіркеуге арналған техникалық құралдарды пайдалану тәртібін әзірлейді және бекітеді;"

"8-1) таралу ошақтарын оқшаулау және жою жөніндегі іс-шаралар бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын карантинді объектілер мен бөтен текті түрлердің тізбесін әзірлейді және бекітеді;"

9) тармақша "облыс аумағында" деген сөздерден кейін "(облыстардың аумағында карантинді объектінің жергілікті таралу жағдайларын қоспағанда)" деген сөздермен толықтырылсын;

10) тармақшадағы "(улы химикаттардың)" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 13-1) тармақшамен толықтырылсын:

"13-1) карантинді объектілер және (немесе) бөтен текті түрлер таралмаған немесе шектеулі таралған карантинге жатқызылған объектілерді, аймақтарды, орындарды, өндіріс учаскелерін айқындайды, импорттаушы елге растауды береді және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген жағдайларда импорттаушы елдің өкілдеріне инспекциялау жүргізу үшін қолжетімділікті қамтамасыз етеді;"

16) тармақшадағы "карантиндік шараларды" деген сөздер "карантиндік фитосанитариялық шараларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 19-1) тармақшамен толықтырылсын:

"19-1) Қазақстан Республикасының аумағын карантинді объектілер мен бөтен текті түрлерден қорғау жөніндегі қағидаларға сәйкес уақытша карантиндік фитосанитариялық шараларды енгізеді және олардың күшін жояды;"

20) және 21) тармақшалардағы "(улы химикаттарды)", "(улы химикаттардың)" деген сөздер алып тасталсын;

22) тармақшадағы "(улы химикаттарды)" деген сөздер алып тасталсын;

23) тармақшадағы "зертханалық сараптама" деген сөздер "карантиндік фитосанитариялық сараптама және (немесе) зертханалық сараптама" деген сөздермен ауыстырылсын;

24) тармақшада:

"карантинді объектілерден бос жатқан немесе олар аз таралған аймақтарды" деген сөздер "карантинді объектілер және (немесе) бөтен текті түрлер таралмаған немесе

шектеулі таралған аймақтарды, орындарды, өндіріс учаскелерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

"зертханалық сараптама" деген сөздер "карантиндік фитосанитариялық сараптама және (немесе) зертханалық сараптама" деген сөздермен ауыстырылсын;

25) және 27) тармақшалардағы "зертханалық сараптамасын", "оның зертханалық сараптамасын" деген сөздер тиісінше "карантиндік фитосанитариялық сараптаманы және (немесе) зертханалық сараптаманы", "оған карантиндік фитосанитариялық сараптаманы және (немесе) зертханалық сараптаманы" деген сөздермен ауыстырылсын ;

2-тармақтың екінші бөлігінде:

"аумақтық бөлімшелерінің" деген сөздер ", аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың аумақтық бөлімшелерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"өсімдіктер" деген сөздің алдынан ", аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақта:

"органның" деген сөзден кейін ", уәкілетті орган ведомствосының және оның аумақтық бөлімшесінің" деген сөздермен толықтырылсын;

"өз өкілеттіктері" деген сөздер "өздерінің өкілеттігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 7-1-бапта:

1-тармақта:

мынадай мазмұндағы 3-1), 3-2), 3-3) және 3-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"3-1) өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру тәртібі мен тәсілдерін регламенттейтін әдістерді, әдістемелерді, ұсынымдарды әзірлейді;

3-2) фитосанитариялық тәуекелге жүргізілген талдау негізінде уәкілетті органға карантинді объектілер мен бөтен текті түрлердің тізбесінен карантинді объектілерді, бөтен текті түрлерді алып тастау немесе оны карантинді объектілермен, бөтен текті түрлермен толықтыру туралы ұсыныстар енгізеді;

3-3) өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлар мен мүдделі адамдарды оқытуды жүргізеді;

3-4) карантинді объектілер мен бөтен текті түрлердің коллекциясын депонирлеу мен сақтауды қамтамасыз етеді;"

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) уәкілетті органға карантиндік фитосанитариялық талаптарды әзірлеуде әдістемелік көмек көрсетеді;"

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Республикалық фитосанитариялық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы:

1) карантинді объектілер мен бөтен текті түрлердің таралу ошақтарын анықтау мақсатында аумақты зерттеп-қарауды жүргізеді;

2) карантинді объектілер мен бөтен текті түрлердің таралу ошақтарының шекарасы мен алаңын айқындайды;

3) карантинді объектілер мен бөтен текті түрлердің таралу ошақтарын есепке алуды жүргізеді;

4) уәкілетті органның ведомствосына карантинді объектілер мен бөтен текті түрлер таралуының қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болжамдарын береді;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.";

5) 7-2-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Карантинді объектілер мен бөтен текті түрлердің тізбесіне енгізілген, оларға қатысты таралу ошақтарын оқшаулау және жою жөніндегі іс-шаралар бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын карантинді объектілер мен бөтен текті түрлердің таралу ошақтарын оқшаулау мен жою және (немесе) шұғыл шараларды жүргізу мемлекеттік монополияға жатады және оларды өсімдіктер карантинін қамтамасыз ету жөніндегі республикалық мемлекеттік кәсіпорын жүзеге асырады.

Карантинге жатқызылған өнімге карантиндік фитосанитариялық сараптаманы жүзеге асыру жөніндегі қызмет карантинді объектілер мен бөтен текті түрлердің тізбесіне енгізілген, оларға қатысты таралу ошақтарын оқшаулау және жою жөніндегі іс-шаралар бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын карантинді объектілер мен бөтен текті түрлердің таралу ошақтарын оқшаулау мен жою және (немесе) шұғыл шараларды жүргізу жөніндегі қызметпен технологиялық жағынан байланысты болып табылады.

Карантинді объектілер мен бөтен текті түрлердің таралу ошақтарын оқшаулау мен жоюды, сондай-ақ шұғыл шараларды жүргізу Қазақстан Республикасының аумағын карантинді объектілер мен бөтен текті түрлерден қорғау жөніндегі қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.";

6) 7-3-бап алып тасталсын;

7) мынадай мазмұндағы 7-4-баппен толықтырылсын:

"7-4-бап. Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың құзыреті

1. Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың құзыретіне:

1) мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру;

2) Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасын анықталған бұзушылықтарды жою туралы, өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды орындау туралы берілген нұсқаманың орындалуын бақылау;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету;

4) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау және әкімшілік жазалар қолдану;

5) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар толтыру;

6) қарап-тексеру, жете тексеру, карантиндік фитосанитариялық сараптама және (немесе) зертханалық сараптама жүргізу және қажет болған кезде зарарсыздандыру, жою кезеңінде, сондай-ақ олар карантиндік не фитосанитариялық сертификатсыз тасымалданған кезде немесе карантиндік фитосанитариялық талаптарға сәйкес келмеген жағдайларда фитосанитариялық бақылау бекеттерінде көлік құралдарын тоқтату және карантинге жатқызылған өнім мен мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау объектілерін кідірту;

7) Қазақстан Республикасының аумағын карантинді объектілер мен бөтен текті түрлерден қорғау жөніндегі қағидаларға сәйкес шұғыл шаралар жүргізуді ұйымдастыру және олардың жүргізілуін бақылау;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру кіреді.

2. Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жеке және заңды тұлғалар жоғары тұрған органдарға және (немесе) сотқа шағым жасай алады.";

8) 8-бапта:

1) тармақшада:

"фитосанитариялық сараптама" деген сөздер "карантиндік фитосанитариялық сараптама және (немесе) зертханалық сараптама" деген сөздермен ауыстырылсын;

"фитосанитариялық талаптарға" деген сөздер "карантиндік фитосанитариялық талаптарға" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1-1) карантиндік фитосанитариялық талаптарға және (немесе) Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін карантинге жатқызылған өнімді әкелуге, әкетуге және транзиттеуге тыйым салуға;"

3) тармақшадағы "зертханалық сараптама" деген сөздер "карантиндік фитосанитариялық сараптама және (немесе) зертханалық сараптама" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақшада:

"лауазымды адамдарына" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасын анықталған бұзушылықтарды жою туралы," деген сөздермен толықтырылсын;

"карантинді объектілердің таралу ошақтарында және көлікте" деген сөздер алып тасталсын;

9) 8-1-баптың тақырыбындағы және мәтініндегі "(улы химикаттар)", "(улы химикаттардың)" деген сөздер алып тасталсын;

10) 9-бапта:

тақырып және бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Жеке және заңды тұлғалардың карантинді объектілердің, бөтен текті түрлердің әкелінуінің және (немесе) таралуының алдын алу жөніндегі міндеттері

Жеке және заңды тұлғалар:";

1) тармақшадағы "уәкілетті органның" деген сөздер "өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектордың" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақшадағы "хабардар етуге міндетті." деген сөздер "хабардар етуге;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5), 6), 7) және 8) тармақшалармен толықтырылсын:

"5) өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізу кезінде кедергілер жасамауға;

6) карантинді объектілер мен бөтен текті түрлердің таралу ошақтарын оқшаулауды және жоюды жүргізу кезінде жәрдем көрсетуге;

7) карантинді объектілер мен бөтен текті түрлердің тізбесіне енгізілген, оларға қатысты өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралар белгіленетін және жүзеге асырылатын карантинді объектілер мен бөтен текті түрлердің таралу ошақтарын оқшаулау және жою жөніндегі іс-шараларды өз қаражаты есебінен жүргізуге;

8) енгізілген уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралардың талаптарын сақтауға міндетті.";

11) 9-1-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) уәкілетті орган ведомствосы аумақтық бөлімшелерінің ұсынуы келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тиісті аумақтарда карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу немесе оның күшін жою туралы шешім қабылдайды;"

12) 10-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігіндегі "зертханалық сараптама" деген сөздер "карантиндік фитосанитариялық сараптама және (немесе) зертханалық сараптама" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ алып тасталсын;

3-тармақтағы "Көлік құралдарын мемлекеттік", ", қарап-тексеру," "карантиндік шаралар" деген сөздер тиісінше "Мемлекеттік", ", көлік құралдарын қарап-тексеру," , " карантиндік фитосанитариялық шаралар" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Карантинді объектілердің және (немесе) бөтен текті түрлердің пайда болуы мен таралуының себептері мен жағдайларын анықтау және белгілеу, карантинді объектілердің, бөтен текті түрлердің таралу ошақтарын анықтау үшін аумақты және объектілерді зерттеп-қарау мақсатында бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау жүргізу туралы шешімді уәкілетті орган ведомствосының облыстық (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) аумақтық бөлімшесінің басшысы:

облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың аумағында бұрын тіркелмеген карантинді объект және (немесе) бөтен текті түр анықталған;

шекара маңындағы облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана және шекара маңындағы мемлекеттер аумағының карантиндік фитосанитариялық жай-күйінің нашарлағаны туралы ақпарат келіп түскен;

карантинді объектінің және (немесе) бөтен текті түрдің, оның ішінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағынан әкетілген карантинге жатқызылған өнімнің партиясында анықталу фактілері туралы нотификациялар, карантиндік ақпарат, хабарлама, дабыл хабар, сараптамалардың нәтижелері келіп түскен;

карантинге жатқызылған өнімді әкетуге немесе әкелуге тыйым салулар мен шектеулерді, уақытша карантиндік фитосанитариялық шараларды бұзу фактілері анықталған кезде қабылдайды.";

13) 11-баптың 1-тармағында:

бірінші бөлік "(погонсыз)" деген сөзден кейін ", материалдық құралдармен, фото- және бейнетіркеуге арналған техникалық құралдармен" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөлік "(погонсыз)" деген сөзден кейін ", сондай-ақ материалдық құралдармен, фото- және бейнетіркеуге арналған техникалық құралдармен" деген сөздермен толықтырылсын;

14) 12-баптың 5) тармақшасындағы "өңдейтін" деген сөз "қайта өңдейтін, зарарсыздандыратын" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) мынадай мазмұндағы 12-1-баппен толықтырылсын:

"12-1-бап. Өсімдіктер карантині саласындағы рұқсаттар және хабарламалар, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер

1. Фитосанитариялық сертификатты алу үшін жеке және заңды тұлғалар карантинге жатқызылған өнім орналасқан тиісті ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне өтініш береді, өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторға карантиндік жай-күйді айқындау үшін карантинге жатқызылған өнімді ұсынады.

Фитосанитариялық сертификатты өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор Қазақстан Республикасының аумағын карантинді объектілер мен бөтен текті түрлерден қорғау жөніндегі қағидаларға сәйкес береді және жеке қолын қойып, белгіленген үлгідегі мөрмен (мөртабанмен) куәландырады. Фитосанитариялық сертификат карантинге жатқызылған өнімнің әрбір партиясына беріледі және оның карантиндік жай-күйін куәландыруға, жүргізілген зарарсыздандыру, осы өнімді жеткізу бойынша басқа да қосымша карантиндік фитосанитариялық талаптардың орындалғаны туралы мәліметтері болуға тиіс.

Фитосанитариялық сертификат немесе оны беруден уәжді бас тарту оны алуға өтініш берілген күннен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ресімделеді.

Фитосанитариялық сертификатты беруден уәжді бас тарту үшін мыналар негіз болып табылады:

1) өтініш берушінің карантинге жатқызылған өнімді жете тексеруге ұсынбауы;

2) импорттаушы елдің талаптарымен (экспорттау кезінде) карантинге жатқызылған өнімде анықталған карантинді объектілердің болуына жол берілетін жағдайларды қоспағанда, карантинге жатқызылған өнімде карантинді объектілердің анықталуы;

3) импорттаушы елдің талаптарына (экспорттау кезінде) сәйкес келмеудің анықталуы;

4) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің уәкілетті органының лауазымды адамын карантинге жатқызылған өнімнің келгені туралы бірнеше рет (екі және одан көп рет) хабардар етпеу немесе оны жете тексеру үшін ұсынбау, межелі жердің өзгеру жағдайларын қоспағанда, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің тиісті уәкілетті мемлекеттік органынан ақпарат алынғаннан кейін күнтізбелік отыз күн ішінде фитосанитариялық сертификат беруден бас тарту үшін негіз болып табылады;

5) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де негіздер.

2. Карантиндік сертификатты алу үшін жеке және заңды тұлғалар карантинге жатқызылған өнім орналасқан тиісті ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне өтініш береді, өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторға карантиндік жай-күйді айқындау үшін карантинге жатқызылған өнімді ұсынады.

Карантиндік сертификатты өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор Қазақстан Республикасының аумағын карантинді объектілер мен бөтен текті түрлерден қорғау жөніндегі қағидаларға сәйкес береді және жеке қолын қойып, белгіленген үлгідегі мөрмен (мөртабанмен) куәландырады.

Карантиндік сертификат немесе оны беруден уәжді бас тарту оны алуға өтініш берілген күннен бастап үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ресімделеді.

Карантиндік сертификатты беруден уәжді бас тарту үшін мыналар негіз болып табылады:

- 1) өтініш берушінің карантинге жатқызылған өнімді жете тексеруге ұсынбауы;
- 2) осы Заңның 13-бабы 4-1-тармағының үшінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, карантинге жатқызылған өнімде карантинді объектілердің анықталуы;
- 3) уәкілетті орган ведомствосы аумақтық бөлімшесінің өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторын карантинге жатқызылған өнімнің келгені туралы бірнеше рет (екі және одан көп рет) хабардар етпеу немесе оны жете тексеру үшін ұсынбау, межелі жердің өзгеру жағдайларын қоспағанда, уәкілетті орган ведомствосының тиісті аумақтық бөлімшесінен ақпарат алынғаннан кейін күнтізбелік отыз күн ішінде карантиндік сертификат беруден бас тарту үшін негіз болып табылады;
- 4) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де негіздер.

3. Бекітілген тізбеге сәйкес карантинді объектілерді ғылыми-зерттеу мақсаттарында әкелу үшін жеке және заңды тұлғалар карантинге жатқызылған объект орналасқан тиісті ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне карантинді объектілерді ғылыми-зерттеу мақсаттарында әкелуге арналған келісу-хат алуға өтінім береді.

Карантинді объектілерді ғылыми-зерттеу мақсаттарында әкелуге арналған келісу-хат әрбір карантинді объектіге беріледі және берілген күнінен бастап алты ай ішінде қолданыста болады.

Карантинді объектілерді ғылыми-зерттеу мақсаттарында әкелуге арналған келісу-хат бір реттен артық пайдаланылмайды.

Карантинді объектілерді ғылыми-зерттеу мақсаттарында әкелуге арналған келісу-хат Қазақстан Республикасының аумағын карантинді объектілер мен бөтен текті түрлерден қорғау жөніндегі қағидаларға сәйкес беріледі.

Карантинді объектілерді ғылыми-зерттеу мақсаттарында әкелуге арналған келісу-хат немесе оны беруден уәжді бас тарту оны алуға өтінім берілген күннен бастап он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ресімделеді.

Әртүрлі биологиялық қауіпсіздік деңгейіндегі карантинді объектілерді оқшаулау жөніндегі талаптарға сәйкес келмеу және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де негіздер карантинді объектілерді ғылыми-зерттеу мақсаттарында әкелуге арналған келісу-хатты беруден уәжді бас тарту үшін негіз болып табылады.

4. Есепке алу нөмірін алу үшін жеке және заңды тұлғалар карантинге жатқызылған объект орналасқан тиісті ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне өтінім береді, өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторға карантиндік жай-күйді және карантиндік фитосанитариялық талаптарға сәйкестігін айқындау үшін карантинге жатқызылған объектіні ұсынады.

Есепке алу нөмірі:

карантиндік арамшөптер (*Striga* spp. текті карантиндік арамшөптерді қоспағанда) басқан астық пен оны қайта өңдеу өнімдерін карантиндік арамшөп өсімдіктерінің тұқымдары мен жемістерін өміршеңдіктен айыруды қамтамасыз ететін технологиялар бойынша қайта өңдеу;

ағаш қаптама материалын зарарсыздандыру және таңбалау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға беріледі.

Есепке алу нөмірі Қазақстан Республикасының аумағын карантинді объектілер мен бөтен текті түрлерден қорғау жөніндегі қағидаларға сәйкес код пен тіркеу нөмірі беріле отырып беріледі.

Есепке алу нөмірін беру немесе оны беруден уәжді бас тарту оны алуға өтінім берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде ресімделеді.

Есепке алу нөмірін беруден уәжді бас тарту үшін мыналар негіз болып табылады:

1) карантинге жатқызылған объектінің қойылатын карантиндік фитосанитариялық талаптарға сәйкес келмеуі;

2) карантинге жатқызылған объект аумағында карантинді объектілердің таралу ошақтарының анықталуы;

3) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген өзге де негіздер.

Есепке алу нөмірін кері қайтарып алу үшін мыналар негіз болып табылады:

1) карантинге жатқызылған объект аумағында карантинді объектілердің таралу ошақтарының анықталуы;

2) карантиндік фитосанитариялық талаптардың бұзылуы;

3) астық пен оны қайта өңдеу өнімдерін карантиндік арамшөп өсімдіктерінің тұқымдары мен жемістерін өміршеңдіктен айыруды қамтамасыз ететін технологиялар бойынша қайта өңдеу арқылы алынған өнімде тірі және (немесе) өміршең карантинді объектілердің анықталуы;

4) зарарсыздандырылған және таңбаланған ағаш қаптама материалында тірі және (немесе) өміршең карантинді объектілердің анықталуы;

5) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген өзге де негіздер.";

16) 13-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігіндегі "карантин шаралары" деген сөздер "карантиндік фитосанитариялық шаралар" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта:

бірінші және төртінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуді бастауға және аяқтауға фитосанитариялық бақылау бекеттері арқылы ғана рұқсат етіледі.";

"Басқа мемлекеттердің карантиндік фитосанитариялық шараларының баламалылығын тану Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес жүзеге асырылады.";

мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"Әкелінетін және транзиттік карантинге жатқызылған өнім карантиндік фитосанитариялық талаптарға және Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес келуге тиіс.";

бесінші бөліктегі "Импорттық" деген сөз "Әкелінетін" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы жетінші бөлікпен толықтырылсын:

"Фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнімнің межелі орындарында жөнелту орны мемлекетінің фитосанитариялық сертификатының түпнұсқасын өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор карантиндік фитосанитариялық бақылау мен қадағалауды жүзеге асырған кезде алып қоюға тиіс.";

2-1-тармақта:

1) тармақша "сертификаттарынсыз" деген сөзден кейін "фитосанитариялық тәуекелі жоғары" деген сөздермен толықтырылсын;

2) және 3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай карантиндік фитосанитариялық талаптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, карантинді объектілер мен бөтен текті түрлерді жұқтырған карантинге жатқызылған өнімді;

3) карантинді объектілердің таралу ошақтары бар аймақтардан, орындардан және (немесе) өндіріс учаскелерінен топырақты, тамыр жайған тірі өсімдіктерді топырағымен қоса;"

4) тармақшадағы "тұқымдарын әкелуге тыйым салынады." деген сөздер "тұқымдарын;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар енгізілген карантинге жатқызылған өнімді әкелуге тыйым салынады.";

4-тармақта:

бірінші бөлікте:

бірінші абзацтағы "уәкілетті органның" деген сөздер "уәкілетті орган ведомствосының" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) және 2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге – Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасының талаптары сақталған, импорттаушы елдің карантиндік фитосанитариялық талаптарына сәйкес фитосанитариялық сертификаттары болған кезде;

2) Қазақстан Республикасының ішінде – Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасының талаптары сақталған, фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнімге арналған карантиндік сертификаттары болған кезде рұқсат етіледі.";

екінші бөлік алып тасталсын;

үшінші бөлікте:

"әкетілетін, карантинге жатқызылған өнімнің карантиндік жай-күйін", "белгілейді" деген сөздер тиісінше "Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерге әкетілетін карантинге жатқызылған өнімнің карантиндік жай-күйінің импорттаушы елдің карантиндік фитосанитариялық талаптарына сәйкес келуін", "куәландырады" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қайта тиеусіз" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерге" деген сөздермен толықтырылсын;

"(бекетте)" деген сөз "(фитосанитариялық бақылау бекетінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші және бесінші бөліктер алып тасталсын;

4-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4-1. Фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнімді облысаралық тасымалдау уәкілетті орган ведомствосы аумақтық бөлімшесінің өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы беретін карантиндік сертификаттар болған кезде жүзеге асырылады.

Облысаралық тасымалдау кезінде карантинге жатқызылған өнімнің карантиндік жай-күйін өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлар – бастапқы тиеп-жөнелту орындарында және екінші рет карантинге жатқызылған өнімнің межелі орындарында куәландырады.

Мыналарға:

1) есепке алу нөмірін алған жеке және заңды тұлғаларға қайта өңдеуге жіберілген жағдайда, карантиндік арамшөптер (*Striga* spp. текті карантиндік арамшөптерді қоспағанда) басқан астық пен оны қайта өңдеу өнімдеріне карантиндік сертификат беруге жол беріледі. Карантиндік арамшөптер (*Striga* spp. текті карантиндік арамшөптерді қоспағанда) басқан астық пен оны қайта өңдеу өнімдері қайта өңделгеннен кейін карантинге жатқызылған өнімнің карантиндік жай-күйін өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлар карантинге жатқызылған өнімді жете тексеру мен карантиндік фитосанитариялық сараптаманың және (немесе) зертханалық сараптаманың нәтижелері бойынша айқындайды;

2) қараөрік шаркасының (шешегінің) (Plum Pox Potyvirus) вирусы, жалған қалқаншалы шымыр мен қалқаншалы шымырлардың карантиндік түрлері бар жемістер мен жидектерге карантиндік сертификат беруге жол беріледі.

Карантинге жатқызылған өнімді жүру жолында немесе межелі пунктінде басқа мекенжайға жіберу осы операция жүзеге асырылатын аумақтағы уәкілетті орган ведомствосы аумақтық бөлімшесінің рұқсатымен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының карантиндік аймағынан әкетілген карантинге жатқызылған өнімді жүру жолында басқа мекенжайға жіберуге тыйым салынады.

Орны ауыстырылатын карантинге жатқызылған өнім межелі пунктінде екінші рет карантиндік жете тексеруге жатады.

Фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнімнің межелі орындарында карантиндік сертификаттың түпнұсқасын өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор карантиндік фитосанитариялық бақылау мен қадағалауды жүзеге асырған кезде алып қоюға тиіс.";

5-тармақта:

бірінші бөліктегі "зертханалық сараптама" деген сөздер "карантиндік фитосанитариялық сараптама және (немесе) зертханалық сараптама" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі "экспорттаушы елдің ұлттық карантиндік қызметінің фитосанитариялық сертификатының" деген сөздер "фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнімге фитосанитариялық сертификаттың, карантиндік сертификаттың" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөлікте:

"экспорттаушы елге" деген сөздерден кейін "немесе карантинге жатқызылған өнімді облысаралық тасымалдау жүзеге асырылған кезде жөнелтушіге" деген сөздермен толықтырылсын;

"мемлекеттік инспектор" деген сөздерден кейін "карантинге жатқызылған өнімді экспорттаушы елге қайтару жүзеге асырылған кезде" деген сөздермен толықтырылсын;

"уәкілетті органның аумақтық бөлімшесін," деген сөздер "уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесін немесе" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші бөлікте:

"техникалық қайта өңдеуге" деген сөздерден кейін ", жоюға" деген сөзбен толықтырылсын;

"немесе қайта өңдеуге" деген сөздерден кейін ", оны жоюға" деген сөздермен толықтырылсын;

оныншы бөліктегі "қадағалау бекеттерінде карантиндік тексеруден өткізілген әкелінетін карантинге жатқызылған өнімдер, сондай-ақ көлік құралдары карантинге жатқызылған өнім жеткізілетін соңғы пунктте карантиндік тексеруге жатады" деген сөздер "бақылау бекеттерінде карантиндік жете тексеруден өткен әкелінетін карантинге жатқызылған өнім, сондай-ақ көлік құралдары карантинге жатқызылған өнімнің түпкілікті межелі пунктінде екінші рет карантиндік фитосанитариялық бақылау мен қадағалау жүргізу үшін өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторға беріледі" деген сөздермен ауыстырылсын;

он бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Карантинге жатқызылған өнімнің межелі пунктінде карантинге жатқызылған өнімді және көлік құралдарын жете тексеруді, талдау мен сараптама жасауға үлгілерді іріктеп алуды уәкілетті орган ведомствосы аумақтық бөлімшесінің өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлары жүзеге асырады, морфологиялық белгілері бойынша карантинді объектілерге, бөтен текті түрлерге ұқсас организмдер, өсімдіктер ауруларының нышандары, карантинге жатқызылған өнімнің карантинді объектілермен және бөтен текті түрлермен зақымдану белгілері мәлім болған жағдайда, үлгілер өсімдіктер зиянкестерінің, ауруларының және арамшөптердің түрлік құрамын анықтау үшін зертханалық сараптамаға жіберіледі. Карантиндік фитосанитариялық

бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша осы өнімді пайдалану жағдайлары туралы жазбасы бар акт толтырылады.";

6-тармақта:

екінші бөліктегі "Карантинге жатқызылған өнімнің иелері карантиндік қарап", "залалсыздандыруды фумигациялық отрядтармен шарт жасасу негізінде жүргізеді" деген сөздер тиісінше "Карантиндік жете", "зарарсыздандыру карантинге жатқызылған өнім иеленушілерінің қаражаты есебінен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асыруға рұқсат берілген жеке және заңды тұлғалармен шарттық негізде жүргізіледі" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Есепке алу нөмірін алмаған жеке және заңды тұлғалардың карантиндік арамшөптер (*Striga spp.* текті карантиндік арамшөптерді қоспағанда) басқан астық пен оны қайта өңдеу өнімдерін карантиндік арамшөп өсімдіктерінің тұқымдары мен жемістерін өміршеңдіктен айыруды қамтамасыз ететін технологиялар бойынша қайта өңдеуіне, ағаш қаптама материалын зарарсыздандыруына және таңбалауына тыйым салынады.";

17) 13-1-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі "Уәкілетті органның", "және қадағалау тексерулерін жүргізеді. Тексеру" деген сөздер тиісінше "Уәкілетті орган ведомствосы", "зерттеп-қарауын жүргізеді. Зерттеп-қарау" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 18-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бюджет қаражаты есебінен:

1) уәкілетті орган осы Заңның 7-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес айқындаған карантинді объектілер мен бөтен текті түрлердің таралу ошақтарын оқшаулау және жою жөніндегі іс-шараларды, сондай-ақ шұғыл шаралар жүргізуді;

2) мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау мен қадағалау жүйесіне аудит жүргізу үшін импорттаушы ел өкілдерінің қолжетімділігін ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

3) импорттаушы ел өкілдерінің карантинді объектілер және (немесе) бөтен текті түрлер таралмаған немесе шектеулі таралған карантинге жатқызылған объектілерді, аймақтарды, орындарды, өндіріс учаскелерін инспекциялауын ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру жүзеге асырылады.";

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, жеке және заңды тұлғалардың меншігіндегі және (немесе) жер пайдалануындағы жер учаскелерінде карантинді объектілер мен бөтен текті түрлердің таралу ошақтарын оқшаулау және жою жөніндегі іс-шаралар;"

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Осы баптың 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген іс-шараларды тиісті қаржы жылына арналған бюджет қаражаты есебінен оларды қаржыландыру көлемінен асыра қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздерден жүзеге асырылады."

16. "Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 19, 655-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2007 ж., № 5-6, 37-құжат; 2009 ж., № 24, 129-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 13, 16-құжаттар; № 14, 95-құжат; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат;

2015 ж., № 7, 34-құжат; № 20-VII, 115, 119-құжаттар; № 22-VII, 161-құжат; 2018 ж., № 11, 37-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат):

1) 2-бапта:

5) тармақша "сараптама жасауды" деген сөздерден кейін "және оны сынақтан өткізуді" деген сөздермен толықтырылсын;

13) және 17) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"13) селекциялық жетістік – адамның шығармашылық қызметінің нәтижесі болып табылатын, патент берілген өсімдіктің жаңа сұрпы, жануардың жаңа тұқымы (аң шаруашылығы, қоян шаруашылығы, марал шаруашылығы, қашыр шаруашылығы, бұғы шаруашылығы, есек шаруашылығы, құс шаруашылығы, бал ара шаруашылығы, балық өсіру шаруашылығы, ит шаруашылығы сияқты мал шаруашылығының қосымша салаларын қоса алғанда);";

"17) сұрып – аталған генотипті немесе генотиптер комбинациясын сипаттайтын белгілердің айқындылық дәрежесі бойынша айқындалатын, сол бір ботаникалық таксондағы ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің басқа топтарынан бір немесе бірнеше белгісімен не белгілердің айқындылық дәрежесімен ерекшеленетін және тұрақты болып табылатын ең төменгі ботаникалық таксондар шеңберіндегі ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тобы. Клон, желі, бірінші ұрпақ буданы, популяция сұрыптың қорғалатын санаттары болып табылады";

2) 4-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімдеріне тиісті тектер және түрлер енгізілген күнге пайдалануға ұсынылатын Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімінде тіркелген тұқым тұқымға жаңалық талаптары қойылмай патентке қабілетті деп танылуы мүмкін.";

3) 5-баптың 5-тармағының екінші бөлігі "сараптама жүргізуге" деген сөздерден кейін "және сынақтан өткізуге" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 10-бапта:

тақырыптағы "патент қабілетіне жасалған өтінімдер сараптамасы" деген сөздер "патентке қабілеттілігіне сараптама және сынақ" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың үшінші бөлігіндегі "Өтініш беруші ұрықтың немесе асыл тұқымдық материалдың сараптама үшін қажетті мөлшерін табыс етуге" деген сөздер "Өтінім беруші сынақтан өткізуге тұқымдардың немесе асыл тұқымдық материалдың қажетті мөлшерін ұсынуға" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтың бірінші бөлігі "сараптама жүргізу" деген сөздерден кейін "және сынақтан өткізу" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 17-баптың 3) тармақшасындағы "жөніндегі іс-әрекеттер патент иеленушінің құқықтарын бұзу болып танылмайды." деген сөздер "жөніндегі;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) селекциялық жетістіктерді тұқымдық мақсаттарда өткізу құқығынсыз өз мұқтажы үшін пайдалану жөніндегі әрекеттер патент иеленушінің құқықтарын бұзу деп танылмайды."

17. "Қазақстан Республикасының Патент Заңы" 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 20, 718-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2007 ж., № 5-6, 37-құжат; 2009 ж., № 15-16, 75-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; № 14, 95-құжат; 2014 ж., № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 7, 34-құжат; 19-II, 102-құжат; № 20-VII, 115, 119-құжаттар; 2018 ж., № 11, 37-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат):

5-баптың 3-тармағының екінші бөлігіндегі "(улы химикатқа)" деген сөздер алып тасталсын.

18. "Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 20, 720-құжат; 2004 ж., № 5, 27-құжат; № 23, 140, 142-құжаттар; 2006 ж., № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 17, 82-құжат; 2010 ж., № 15, 71-құжат; № 22, 128-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 11, 65-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 19-I, 101-құжат; № 23-I, 169-құжат; 2016 ж., № 22, 116-құжат; 2017 ж., № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 24, 94-құжат; 2019 ж., № 8, 45-құжат):

3-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Осы бапта көзделген этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу "Биоотын өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында регламенттелетін биоэтанол өндірісіне және айналымына қолданылмайды."

19. "Астық туралы" 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 2, 12-құжат; № 15-16, 232-құжат; 2003 ж., № 19-20, 148-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 9, 67-құжат; № 18, 145-құжат; 2008 ж., № 13-14, 58-құжат; № 20, 89-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 14, 94-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 11, 52-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 8-II, 68-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат):

1) 1-бапта:

2-1) тармақша алып тасталсын;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) астық қоймасы (элеватор, астық қабылдау пункті) – экспорт кедендік рәсімімен орналастырылған астықты бір көлік түрінен екіншісіне қайта тиеуге арналған техникалық құрылысжайларды қоспағанда, астық сақтауға арнап мамандандырылған техникалық құрылысжай;"

7-2) тармақша алып тасталсын;

7-3) тармақшадағы "ақпараттық жүйеде" деген сөздер "тіркеуші ақпараттық жүйеде" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-4) тармақша алып тасталсын;

10-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10-1) астық қолхаты – шығару кезінде айқындалған көлемде және сапада астық қабылдау кәсіпорнынан астық алуға оны ұстаушының құқықтарын куәландыратын, құжатсыз борыштық эмиссиялық емес бағалы қағаз түріндегі қоймалық куәлік;"

13-3) тармақша алып тасталсын;

18-3) тармақшадағы "ақпараттық жүйеде" деген сөздер "тіркеуші ақпараттық жүйеде" деген сөздермен ауыстырылсын;

27) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 28-1), 28-2) және 28-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"28-1) тіркеуші – жарғылық капиталына мемлекет қатысатын, бағалы қағаздар нарығында жұмыс тәжірибесі бар, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлға;

28-2) тіркеуші ақпараттық жүйе – астық қолхаттары мен оларды ұстаушылар жөніндегі ақпаратты сақтауға, өңдеуге, іздеуге, таратуға, беруге және ұсынуға арналған , тізілімді жүргізудің автоматтандырылған жүйесі;

28-3) тіркеуші ақпараттық жүйенің веб-порталы – Интернет желісінде орналастырылған, тізілім деректеріне қол жеткізудің бірыңғай нүктесін ұсынатын интернет-ресурс;"

2) 4-баптың 4-2) тармақшасы алып тасталсын;

3) 5-баптың 4-1) тармақшасындағы "астық қолхаттарын" деген сөздер алып тасталсын;

4) 6-баптың 32-5) тармақшасындағы "астық қолхаттарын" деген сөздер алып тасталсын;

5) 6-1-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"6-1-бап. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органының құзыреті";

1-тармақта:

б) тармақшадағы "гербицидтердің" деген сөз "пестицидтердің" деген сөзбен ауыстырылсын;

17-6) тармақшадағы "астық қолхаттары тізілімінің" деген сөздер "тізілім" деген сөзбен ауыстырылсын;

17-13) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органының құзыретіне:

1) астық қолхаттарын шығару арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті лицензиялау;

2) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес астық қабылдау кәсіпорындарының астықты сандық-сапалық есепке алуды жүргізу, астықты сақтау, астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларын сақтауын бақылау;

3) Қазақстан Республикасының астық туралы заңнамасының бұзылуы туралы нұсқамалар беру, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау;

4) әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде астық нарығының мониторингін жүзеге асыру ;

5) астық қолхаттарын ұстаушыларға астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқару жөніндегі комиссияның құрамына енгізу үшін кандидатуралар ұсыну туралы хабарлама жіберу;

6) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру кіреді.";

6) 9-4-баптың 2-тармағындағы "агрохимикаттардың" деген сөз "тыңайтқыштардың" деген сөзбен ауыстырылсын;

7) 13-1-бапта:

2-тармақтың екінші бөлігіндегі "ақпараттық жүйенің" деген сөздер "тіркеуші ақпараттық жүйенің" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "облыстардың жергілікті атқарушы органдары" деген сөздер "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақта:

1) тармақшадағы "ақпараттық жүйе" деген сөздер "тіркеуші ақпараттық жүйе" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақшадағы "ақпараттық жүйеге" деген сөздер "тіркеуші ақпараттық жүйеге" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) және 6) тармақшалардағы "ақпараттық жүйені", "ақпараттық жүйенің" деген сөздер тиісінше "тіркеуші ақпараттық жүйені", "тіркеуші ақпараттық жүйенің" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 17-баптың 2) тармақшасындағы "астық қолхаттары тізілімінің" деген сөздер "тізілім" деген сөзбен ауыстырылсын;

9) 18-бап алып тасталсын;

10) 19-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігінде:

1) және 2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ұн және жарма өнімін, құрама-жем, нан-бөлке, макарон өнімдерін өндіру және өткізу, майлы тұқымдар мен оларды қайта өңдеу өнімдерін қайта өңдеу және өткізу;

2) бәсекелес кірме жол болмаған жағдайда, кірме жолдар қызметтерін, сондай-ақ жанар-жағармай материалдарын, қатты отынды сақтау бойынша қызметтер көрсету;"

мынадай мазмұндағы 5) және 6) тармақшалармен толықтырылсын:

"5) астықты, астық қалдықтарын және астық сақтау бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру процесінде алынатын өзге де мүлікті өткізу;

6) астық қалдықтарын сақтау бойынша қызметтер көрсету.";

2-тармақта:

1) тармақша алып тасталсын;

2) тармақшадағы "немесе тұтынушылардан белгіленген тарифтерде ескерілмеген ақы алу есебінен табыс табуға" деген сөздер алып тасталсын;

11) 30-баптың 1-тармағындағы "облыстың жергілікті атқарушы органының" деген сөздер "жергілікті атқарушы органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 33-баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасындағы "облыстың тиісті жергілікті атқарушы органына" деген сөздер "тиісті жергілікті атқарушы органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 6-1-тараудың тақырыбындағы "Астықты экспортқа шығарушылардың және астық" деген сөздер "Астық" деген сөзбен ауыстырылсын;

14) 33-2-баптың 2-тармағының 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) Қазақстан Республикасының астық туралы заңнамасын бұзушылықтар анықталған жағдайда, астық қабылдау кәсіпорындарына және жергілікті атқарушы органдарға нұсқамалар беруді;"

15) 37-баптың 2-тармағындағы "ақпараттық жүйенің" деген сөздер "тіркеуші ақпараттық жүйенің" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 39-баптың 1-тармағындағы "ақпараттық жүйеде" деген сөздер "тіркеуші ақпараттық жүйеде" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 39-1-баптың 2-тармағындағы "күнтізбелік үш күннен" деген сөздер "үш жұмыс күнінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 41-2-баптың 1-тармағының үшінші бөлігіндегі "тізілімнің" деген сөз "тіркеуші ақпараттық жүйенің" деген сөздермен ауыстырылсын.

20. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 3, 17-құжат; № 9, 86-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 103-құжат; 2004 ж., № 10, 56-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 142-құжат; № 24, 144-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 13, 86, 87-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 99-құжат; № 18, 113-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 14-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-

құжат; № 17, 139-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114, 124-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 9-құжат; № 24, 133-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 3, 7-құжаттар; № 2, 28-құжат; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 2, 11-құжат; № 3, 21-құжат; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 81-құжат; № 20, 113-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 3, 21-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 49-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 67-құжат; № 12, 82-құжат; № 14, 84, 86-құжаттар; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 21, 118, 122-құжаттар; № 22, 131-құжат; 2015 ж., № 9, 46-құжат; № 19-I, 101-құжат; № 19-II, 103-құжат; № 21-I, 121, 124, 125-құжаттар; № 21-II, 130, 132-құжаттар; № 22-I, 140-құжат; № 22-V, 154, 156, 158-құжаттар; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-I, 47, 49-құжаттар; № 8-II, 72-құжат; № 23, 118-құжат; 2017 ж., № 3, 6-құжат; № 8, 16-құжат; № 13, 45-құжат; № 15, 55-құжат; № 16, 56-құжат; 2018 ж., № 12, 39-құжат; № 16, 56-құжат; № 21, 72-құжат; № 22, 83-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37, 39-құжаттар):

1) 6-баптың 2-2-тармағы "жануарларды асырау қағидаларын," деген сөздерден кейін "елді мекендерде ауыл шаруашылығы жануарларын асырау қағидаларын, ауыл шаруашылығы жануарларын жаю қағидаларын," деген сөздермен толықтырылсын;

2) 27-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 36) және 37) тармақшалармен толықтырылсын:

"36) дәрілік өсімдіктер мен өсімдіктен алынатын техникалық шикізатты жинауға тыйым салу және оның күшін жою туралы шешім қабылдайды;

37) жерді дамыту және пайдалану мәселелері жөніндегі іс-шараларды тиісті аумақты дамыту бағдарламасына енгізуді қамтамасыз етеді.";

3) 31-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 1-11) тармақшамен толықтырылсын:

"1-11) жерді дамыту және пайдалану мәселелері жөніндегі іс-шараларды тиісті аумақты дамыту бағдарламасына енгізуді қамтамасыз етеді";

4) 33-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 14-1) тармақшамен толықтырылсын:

"14-1) облыстардың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға олар тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте ветеринария саласындағы функцияларды орындаған кезде жәрдем көрсетеді;"

5) 35-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 14-2) тармақшамен толықтырылсын:

"14-2) облыстардың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға олар тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте ветеринария саласындағы функцияларды орындаған кезде жәрдем көрсетеді;"

21. "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 17-18, 243-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 6, 10-құжат; № 7-8, 19-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; № 23, 144-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 16, 129-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 15-16, 76-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 3, 21, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 13, 63-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 1, 4, 6-құжаттар; № 2, 10, 12-құжаттар; № 7, 37-құжат; № 8, 44-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 86-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 19-I, 99, 101-құжаттар; № 19-II, 103-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 21-I, 128-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-II, 53-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 14, 51-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат; № 22, 82-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 7, 37, 39-құжаттар; № 8, 45-құжат):

30-баптың 1-тармағындағы "Елді мекендердің аумақтарында" деген сөздер "Қазақстан Республикасының аумағында" деген сөздермен ауыстырылсын.

22. "Өсімдіктерді қорғау туралы" 2002 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж.,

№ 13-14, 140-құжат; 2004 ж., № 17, 98-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2009 ж., № 18, 84, 85-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-I, 50-құжат; 2017 ж., № 12, 34-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат; № 24, 93-құжат):

1) бүкіл мәтін бойынша "(улы химикаттарды)", "(улы химикаттар)", "(улы химикаттардың)" және "(улы химикаттың)" деген сөздер алып тасталсын;

2) 1-бапта:

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) биоагенттер – табиғи жағдайларда көбейетін, зиянды, аса қауіпті зиянды организмдердің, сондай-ақ карантинді объектілердің тіршілік әрекетін жоятын және (немесе) басатын, өсімдіктерді қорғау мақсатында қолданылатын организмдер;"

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) өсімдіктерді қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау (бұдан әрі – мемлекеттік фитосанитариялық бақылау) – уәкілетті орган ведомствосының және оның аумақтық бөлімшелерінің жеке және заңды тұлғалардың, сондай-ақ лауазымды адамдардың Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасының талаптарын сақтауын тексеру және байқау жөніндегі қызметі, оның нәтижелері бойынша жедел ден қоюсыз құқық шектеу сипатындағы шаралар қолданылуы мүмкін;"

мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

"8-1) өсімдіктерді қорғау құралдары – өсімдіктерді қорғау мақсатында қолданылатын пестицидтер, биоагенттер, сондай-ақ техникалық және басқа да құралдар;"

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) пестицидтер – зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге, карантинді объектілер мен бөтен текті түрлерге, сақталатын ауыл шаруашылығы өнімінің зиянкестеріне қарсы күрес үшін, сондай-ақ тұқымдарды дәрілеу, егінді жинау алдында құрғатып алу, жапырақтарды түсіру және өсімдіктердің өсуін реттеу үшін пайдаланылатын химиялық және (немесе) биологиялық препараттар (инсектицидтер, родентицидтер, фунгицидтер, гербицидтер, өнуге қарсы құралдар және өсімдіктердің өсуін реттеушілер, дефиолианттар, десиканттар);" ;

11) тармақшадағы ", сондай-ақ олардың ыдыстарын" деген сөздер "және олардың ыдыстарын, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

12), 16) және 16-1) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"12) пестицидті мемлекеттік тіркеу – нәтижесі бойынша тіркелушіге (өтініш берушіге) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пестицидке арналған тіркеу куәлігі берілетін рәсім;" ;

"16) пестицидтер тізімі – Қазақстан Республикасының аумағында өндіруге (формуляциялауға), әкелуге, сақтауға, тасымалдауға, өткізуге және қолдануға рұқсат етілген тіркелген пестицидтер тізбесі;

16-1) пестицидтерді тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтары – ұсақмөлдекті тәжірибелерде және өндірістік жағдайларда жүзеге асырылатын, пестицидтерді биологиялық, шаруашылық, уыттылық, гигиеналық және экологиялық

бағалауды қамтитын, пестицидтерді тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарынан өткізу және мемлекеттік тіркеу қағидаларына сәйкес пестицидтерді пайдалану тиімділігі мен қауіпсіздігін растау рәсімі;"

мынадай мазмұндағы 17-1) тармақшамен толықтырылсын:

"17-1) тіркелуші (өтініш беруші) – пестицидтерді тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарынан өткізуге, сондай-ақ тіркеу куәлігін алу үшін пестицидтерді мемлекеттік тіркеуге өтініш берген жеке немесе заңды тұлға;"

22) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"22) фитосанитариялық іс-шаралар – зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерді жоюды және (немесе) олардың саны мен зиян тигізуін зиян тигізудің экономикалық шегінен төмен етіп азайтуды қамтамасыз ететін шаралар кешені.";

3) 4-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) уәкілетті орган, уәкілетті органның ведомствосы және оның аумақтық бөлімшелері;"

4) 6-баптың 1-тармағында:

бірінші абзацтағы "1. Уәкілетті" деген сөздер "Уәкілетті" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) және 5-1) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"5) өсімдіктерді қорғау құралдарының (пестицидтердің) қауіпсіздігі туралы техникалық регламентті әзірлеу және бекіту;

5-1) Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының шешімдеріне сәйкес тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарынан өткізу және (немесе) ғылыми зерттеулерді жүргізу үшін өсімдіктерді қорғаудың тіркелмеген құралдарының (пестицидтердің) үлгілерін әкелуге қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру;"

мынадай мазмұндағы 5-2) тармақшамен толықтырылсын:

"5-2) өсімдіктерді қорғау құралдарын (пестицидтерді) импорттауға лицензия беру;"

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен келісу бойынша пестицидтерді тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарынан өткізу және мемлекеттік тіркеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;"

8), 10), 17) және 24) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"8) пестицидтерді мемлекеттік тіркеу және пестицидтерге арналған тіркеу куәліктерін беру;"

"10) фитосанитариялық іс-шараларды жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;"

"17) пестицидтерді тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарын және мемлекеттік тіркеуді ұйымдастыру;"

"24) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен келісу бойынша пестицидтерді залалсыздандыру тәртібін, сондай-ақ арнаулы сақтау орындарын (көмінділерді) тиісті жағдайда күтіп-ұстау шаттарын айқындау;"

5) 7-бапта:

1-тармақтағы "Ведомствоның", "бөлінісінің" деген сөздер тиісінше "Уәкілетті орган ведомствосының", "бірліктерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2, 3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау жөніндегі Бас мемлекеттік инспекторының құзыретіне:

1) Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасы талаптарының сақталуына мемлекеттік фитосанитариялық бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

2) жеке және заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасын анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар шығару және олардың орындалуын бақылау;

3) фитосанитариялық есепке алу мен есептілікті жүргізуді ұйымдастыру;

4) мемлекеттік фитосанитариялық бақылауды жүзеге асыру кезінде үлгілерді іріктеп алу;

5) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар толтыру, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау және әкімшілік жазалар қолдану;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру кіреді.

3. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің өсімдіктерді қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторының құзыретіне:

1) тиісті аумақта Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасы талаптарының сақталуына мемлекеттік фитосанитариялық бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

2) жеке және заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасын анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар шығару және олардың орындалуын бақылау;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті аумақта фитосанитариялық есепке алу мен есептілікті ұйымдастыру, жүргізу және есепті ұсыну ;

4) мемлекеттік фитосанитариялық бақылауды жүзеге асыру кезінде үлгілерді іріктеп алу;

5) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар толтыру, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау және әкімшілік жазалар қолдану кіреді.

4. Өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектордың құзыретіне:

1) тиісті аумақта Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасы талаптарының сақталуына мемлекеттік фитосанитариялық бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

2) белгіленген нысан бойынша фитосанитариялық есепке алу мен есептілікті жүргізу және оларды уәкілетті органның ведомствосына ұсыну;

3) мемлекеттік фитосанитариялық бақылауды жүзеге асыру кезінде үлгілерді іріктеп алу;

4) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар толтыру, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау және әкімшілік жазалар қолдану;

5) жеке және заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасын анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар шығару және олардың орындалуын бақылау кіреді.";

6) 9-бапта:

1) тармақшадағы "қоршаған ортаны қорғау және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен келісім" деген сөздер "қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен келісу" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары саяқ көк қасқа шегірткелерге қарсы күрес жөніндегі фитосанитариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу;"

7) 10-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Өсімдіктерді қорғау саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымдарды Қазақстан Республикасының Үкіметі мынадай қызмет түрлерін орындау мақсатында құрады:

1) зиянды және аса қауіпті зиянды организмдер қоныстанған орындарды анықтау бойынша фитосанитариялық мониторинг жүргізу;

2) зиянды және аса қауіпті зиянды организмдер таралуының фитосанитариялық болжамын жасау және уәкілетті органның ведомствосына беру;

3) тіркеуге ұсынылатын пестицидтерді өндірістік жағдайларда байқаудан өткізу үшін оларды тіркеу (өндірістік) сынақтарынан өткізу;

4) ауыл шаруашылығы өнімін пестицидтердің қалдық мөлшерінің бар-жоғы тұрғысынан талдау және сараптама жасау;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.";

3-тармақтағы "заңдарында", "уәкілетті органға" деген сөздер тиісінше " заңнамасында", "уәкілетті органның ведомствосына" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 12-бапта:

тақырыптағы және 1-тармақтағы "тасымалдау" деген сөз "өткізу" деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Пестицидтерді сақтау, өткізу және қолдану шарттарына қойылатын міндетті талаптар пестицидтер айналымы саласындағы техникалық регламенттерде белгіленеді."
";

3-тармақ алып тасталсын;

9) 13-баптың 1-тармағындағы "уәкілетті органға" деген сөздер "уәкілетті органның ведомствосына" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 14-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"14-бап. Өсімдіктерді қорғау саласындағы қызметті лицензиялау

Өсімдіктерді қорғау саласындағы қызметті лицензиялау Еуразиялық экономикалық одақтың тарифтік емес реттеу саласындағы заңнамасына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы, мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынатын тиісті лицензиясы болмаса, жеке және заңды тұлғалардың пестицидтерді өндіру (формуляциялау), пестицидтерді өткізу, пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі, сондай-ақ өсімдіктерді қорғау құралдарын (пестицидтерді) импорттау жөніндегі қызметіне тыйым салынады.";

11) 14-1-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Тыйым салынған, жарамсыз болып қалған пестицидтер, олардың ыдыстары, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстары пестицидтерді залалсыздандыру тәртібіне сәйкес залалсыздандыруға жатады.";

3-тармақтағы "зиянсыздандыруға рұқсатты қоршаған орта және су ресурстары саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздер "залалсыздандыруға рұқсатты қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "қоршаған орта және су ресурстары және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен" деген сөздер "қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 14-2-бапта:

1-тармақтағы "уәкілетті органның" деген сөздер "уәкілетті орган ведомствосының" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ алып тасталсын;

13) 14-5-бапта:

1) тармақшадағы "зиянды организмдердің зиян тигізудің экономикалық шегінен көп" деген сөздер "саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы "уәкілетті органға" деген сөздер "уәкілетті органның ведомствосына" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) пестицидтерді тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарынан өткізу және мемлекеттік тіркеу қағидаларына сәйкес пестицидтерді тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарынан өткізуге;"

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілеріне қолжетімділігін қамтамасыз етуге;"

14) 14-6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"14-6-бап. Пестицидтерді мемлекеттік тіркеу

1. Пестицидтерді мемлекеттік тіркеу пестицидтерді тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарынан өткізу және мемлекеттік тіркеу қағидаларына сәйкес тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарының қорытындысы бойынша жүргізіледі.

Пестицидтерді мемлекеттік тіркеуден уәжді бас тарту үшін мыналар негіз болып табылады:

1) тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарынан өткізу үшін мәлімделген пестицидтердің химиялық құрамының, рецептурасы мен өндіру технологиясының (формуляциясының) пестицидтерді мемлекеттік тіркеуге ұсынылған пестицидтердің химиялық құрамына, рецептурасы мен өндіру технологиясына (формуляциясына) сәйкес келмеуі;

2) пестицидтерге жататын өнертабыстарға патент иеленушілер құқықтарының бұзылуы;

3) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де негіздер.

Мемлекеттік тіркеуден өткен пестицидтерді өндіруге (формуляциялауға), әкелуге, сақтауға, тасымалдауға, өткізуге, қолдануға рұқсат етіледі және уәкілетті орган пестицидтер тізіміне енгізеді.

Пестицидтерді тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарынан өткізу және мемлекеттік тіркеу қағидаларына сәйкес:

1) егер қажетті мақсаттағы пестицидтер болмаса, таралуы өсімдіктер мен өсімдік өніміне айтарлықтай зиян келтіруге, фитосанитариялық ахуалдың нашарлауына алып келуі мүмкін жекелеген зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет анықталған карантинді объектілерге қарсы күрес;

2) тәуекелі төмен биологиялық препараттар үшін екі жылдан аспайтын мерзімге пестицидтерді уақытша тіркеуге жол беріледі.

Биологиялық препаратты уақытша тіркеу кезеңінде тіркелуші (өтініш беруші) оны мемлекеттік тіркеу үшін қажетті құжаттарды алдағы уақытта ұсына отырып, тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтары өткізілуге тиіс.

2. Пестицидке арналған тіркеу куәлігінен айыру (оны кері қайтарып алу):

1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган растаған, адамдардың денсаулығы немесе қоршаған орта үшін пестицидтің қауіптілігі туралы бұрын белгісіз болған мәліметтер алынған;

2) пестицид Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелуге тыйым салынған, 2001 жылғы 22 мамырдағы Орнықты органикалық ластағыштар туралы Стокгольм конвенциясының А және В қосымшаларының күші қолданылатын өсімдіктерді қорғау құралдарының тізбесіне енгізілген;

3) фитосанитариялық іс-шаралар жүргізу қорытындысы бойынша алынған нәтижелер негізінде қолданылатын тіркелген пестицидтің биологиялық тиімділігінің болмау фактісі расталған жағдайларда жүзеге асырылады.

3. Пестицидке арналған тіркеу куәлігінің қолданылуын тоқтата тұру мемлекеттік фитосанитариялық бақылауды жүргізу нәтижелері бойынша қолданылатын тіркелген пестицидтің әрекет етуші заты химиялық құрамы мен мөлшерінің пестицидті мемлекеттік тіркеу кезінде тіркеу дерекнамасында мәлімделген әрекет етуші заттың химиялық құрамы мен мөлшеріне сәйкес келмеу фактісі анықталған кезде жүзеге асырылады.

Қолданылатын тіркелген пестицидтің әрекет етуші затының химиялық құрамы мен мөлшері пестицидті мемлекеттік тіркеу кезінде тіркеу дерекнамасында мәлімделген

әрекет етуші заттың химиялық құрамы мен мөлшеріне сәйкес келмеу фактісі анықталған кезде уәкілетті органның ведомствосы пестицидке арналған тіркеу куәлігінің қолданылуын он екі ай мерзімге тоқтата тұру туралы шешім қабылдайды.

Тіркеу куәлігінің қолданылуын қайта бастау Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының шешімдеріне сәйкес тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарынан өткізу және (немесе) ғылыми зерттеулер жүргізу үшін тіркелмеген өсімдіктерді қорғау құралдарының (пестицидтердің) үлгілерін әкелуге арналған қорытынды (рұқсат беру құжаты) негізінде тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарынан өткізу және (немесе) ғылыми зерттеулер жүргізу үшін әкелінетін тәжірибелік үлгілерді қоспағанда, мемлекеттік тіркеуден өтпеген пестицидтерді, сондай-ақ тіркелмеген пестицидтерді өндіруге (формуляциялауға) арналған бастапқы құрамдастарды өндіруге (формуляциялауға), әкелуге, сақтауға, тасымалдауға, өткізуге және қолдануға тыйым салынады. Тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтары және (немесе) ғылыми зерттеулер үшін әкелінетін пестицидтердің мөлшерін уәкілетті орган айқындайды.

Пестицидтерді тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарынан өткізу жоспарларында тіркелмеген пестицидтердің болмауы, ғылыми зерттеулер жүргізуге шарттың болмауы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарынан өткізу және (немесе) ғылыми зерттеулер жүргізуге арналған пестицидтердің тіркелмеген үлгілерін әкелуден уәжді бас тартуға негіз болып табылады.";

15) 15-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) пестицидтер, фитосанитариялық іс-шараларды жүргізу үшін пайдаланылатын арнайы техника;"

16) 15-1-бапта:

тақырыптағы және 1-тармақтағы "Өсімдіктерді қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау (мемлекеттік фитосанитариялық бақылау)" деген сөздер "Мемлекеттік фитосанитариялық бақылау" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Зиянды және (немесе) аса қауіпті зиянды организмдердің пайда болуы мен таралуының себептерін анықтау және белгілеу, сондай-ақ мемлекеттік тіркеуден өтпеген пестицидтерді, жалған пестицидтерді өткізу, сақтау, қолдану және (немесе) әкелу фактілерін анықтау үшін аумақ пен объектілерге зерттеп-қарау жүргізу мақсатында бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу туралы шешімді уәкілетті орган ведомствосының облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумақтық бөлімшесінің басшысы:

1) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында бұрын тіркелмеген зиянды және (немесе) аса қауіпті зиянды организмнің таралуы туралы;

2) Қазақстан Республикасымен шекаралас елдермен шекара маңындағы аумақтардың және облыстардың фитосанитариялық ахуалының нашарлауы туралы (аса қауіпті зиянды организмдердің қоныстану фактілері);

3) тиісті аумақта аса қауіпті зиянды организмдерге қарсы жедел фитосанитариялық іс-шараларды жүргізу туралы;

4) мемлекеттік тіркеуден өтпеген пестицидтердің, жалған пестицидтердің таралуын болғызбау мақсатында оларды өткізу, сақтау, қолдану және (немесе) әкелу фактілері туралы;

5) тиісті аумақтан әкетілген өсімдік шаруашылығы өніміндегі пестицидтердің қалдық мөлшері болуының анықталған фактілері туралы ақпарат болған және (немесе) келіп түскен кезде қабылдайды.";

17) 17-баптың 2), 4) және 5) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"2) пестицидтерді өндіру (формуляциялау), сақтау, өткізу және қолдану кезінде өсімдіктерді қорғау құралдарының (пестицидтердің) қауіпсіздігі туралы техникалық регламент, сондай-ақ пестицидтер тізімінде көрсетілген пестицидтерді қолдану регламенттері талаптарының сақталуына;"

"4) пестицидтерді тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарынан өткізуге;

5) пестицидтерді залалсыздандыруға және арнаулы сақтау орындарының (көмінділердің) тиісті жай-күйде күтіп-ұсталуына;"

18) 19 және 19-2-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"19-бап. Пестицидтердің сақталуын, өткізілуін және қолданылуын бақылау

1. Пестицидтердің сақталуын, өткізілуін және қолданылуын бақылау пестицидтерді сақтау, өткізу және қолдану жағдайларының өсімдіктерді қорғау құралдарының (пестицидтердің) қауіпсіздігі туралы техникалық регламенттің, сондай-ақ пестицидтер тізімінде көрсетілген пестицидтерді қолдану регламенттерінің міндетті талаптарына сәйкестігі тұрғысынан жүзеге асырылады. Өсімдіктерді қорғау құралдарының (пестицидтердің) қауіпсіздігі туралы техникалық регламенттің міндетті талаптарына сәйкестікті айқындау үшін үлгілер іріктеп алынады.

2. Пестицидтердің сақталуын, өткізілуін және қолданылуын бақылау жылына екі реттен аспайтын мерзімділікпен және ұзақтығы бес жұмыс күнінен асырылмай және бес жұмыс күніне дейін ұзартылып жүзеге асырылады."

"19-2-бап. Пестицидтерді тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарынан өткізуді бақылау

1. Пестицидтерді тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарынан өткізуді бақылау әдістемелік орындылық, сондай-ақ пестицидтерді тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарынан өткізу және мемлекеттік тіркеу қағидаларының сақталуы тұрғысынан жүзеге асырылады.

2. Пестицидтерді тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарынан өткізуді бақылау олар өткізілген кезеңде жылына екі реттен аспайтын мерзімділікпен және ұзақтығы бес жұмыс күнінен асырылмай және бес жұмыс күніне дейін ұзартылып жүзеге асырылады.";

19) 19-3-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

20) 19-10-бап алып тасталсын;

21) 20-бапта:

1-тармақта:

2), 3) және 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"2) саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары үйірлі көк қасқа шегірткелерге (азиялық, марокколық және итальяндық прус) қарсы химиялық өңдеу жүргізу үшін пестицидтер сатып алуды, сондай-ақ пестицидтер қорын қалыптастыруды, сақтау мен жанартып отыруды;

3) саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары үйірлі көк қасқа шегірткелерге (азиялық, марокколық және итальяндық прус) қарсы пестицидтерді кедендік декларациялауды, сақтау мен тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алуды;

4) саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары үйірлі көк қасқа шегірткелерге (азиялық, марокколық және итальяндық прус) қоныстанған орындарға химиялық өңдеу жүргізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алуды;"

7) тармақшадағы "ұстау, салу және жөндеуді қамтиды." деген сөздер "ұстауды, салу мен жөндеуді;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) пестицидтерді, оларды сақтау, тасымалдау, саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары саяқ көк қасқа шегірткелерге қарсы қоныстанған орындарды химиялық өңдеу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алуды қамтиды.";

3-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қызметі мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілерімен байланысты жеке және заңды тұлғалардың қаражаты есебінен жүзеге асырылатын іс-шаралар мыналарды қамтиды:";

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) осы баптың 1-тармағының 2), 3), 4) және 8) тармақшаларында көрсетілген іс-шараларды қоспағанда, зиянды, аса қауіпті зиянды организмдерге қарсы фитосанитариялық іс-шаралар жүргізу;"

3) тармақшадағы "өнімінде пестицидтердің (улы химикаттардың) қалдық мөлшерінің бар-жоғына талдау және сараптау жүргізіледі" деген сөздер "өнімін пестицидтердің қалдық мөлшерінің бар-жоғы тұрғысынан талдау және оған сараптама жасау" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Пестицидтерді тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтары пестицидтерді тіркеушілердің (өтініш берушілердің) қаражаты есебінен жүргізіледі."

23. "Геодезия және картография туралы" 2002 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 13-14, 141-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2011 ж., № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 7-I, 50-құжат; № 7-II, 56-құжат; 2018 ж., № 19, 62-құжат; 2019 ж., № 5-6, 27-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 14) тармақшамен толықтырылсын:

"14) Ұлттық кеңістіктік деректер инфрақұрылымы – нысаны, орналасқан жері мен қасиеттері туралы мәліметтерді қамтитын, картографиялық негізде көрсетілген, оның ішінде координаттар пайдаланыла отырып ұсынылған кеңістіктік объектілер туралы деректер.";

2) 4-бапта:

2-тармақтың 17) тармақшасындағы "қамтамасыз етуді қамтиды." деген сөздер "қамтамасыз етуді;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 18) тармақшамен толықтырылсын:

"18) Ұлттық кеңістіктік деректер инфрақұрылымын құруды және дамытуды қамтиды.";

3-тармақтың 6) тармақшасындағы "жұмыстарды қамтиды." деген сөздер "жұмыстарды;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) салалық (ведомстволық) деректер негізінде кеңістіктік деректер инфрақұрылымын құруды және дамытуды қамтиды.";

3) 6-бапта:

мынадай мазмұндағы 1-2) тармақшамен толықтырылсын:

"1-2) мемлекеттік геодезиялық желіні құру және дамыту;"

б) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 7-2), 7-3), 7-4), 7-5), 7-6) және 7-7) тармақшалармен толықтырылсын:

"7-2) бюджет қаражаты есебінен орындалатын аэротүсірілім, топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстардың сметалық нормаларын, бағаларын, құнын әзірлеу және бекіту;

7-3) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын межелеу мен шегендеуді жүргізуді техникалық қамтамасыз ету туралы қағидаларды әзірлеу және бекіту;

7-4) бюджет қаражаты есебінен жасалатын картографиялық өнімді жаңартып отыру мерзімділігін әзірлеу және бекіту;

7-5) бюджет қаражаты есебінен картографиялық өнімді жасау жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлеу және бекіту;

7-6) Ұлттық кеңістіктік деректер инфрақұрылымын құру, жаңартып отыру, пайдалану тәртібін регламенттейтін нұсқаулықтарды, қағидаларды әзірлеу және бекіту;

7-7) салалық көтермелеу жүйесін әзірлеу және бекіту;"

4) 12-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ұлттық картографиялық-геодезиялық қор уәкілетті органның қарамағында болады және оны мемлекеттік кәсіпорын жүргізеді.

Ұлттық картографиялық-геодезиялық қорды жүргізу кезінде мемлекеттік кәсіпорын мыналарды жүзеге асырады:

1) жергілік жердің геодезиялық және картографиялық зерделенуі және әкімшілік-аумақтық бірліктер арасындағы шекаралардың, сондай-ақ географиялық объектілер атауларының өзгерістері көрсетіле отырып, кезекші анықтамалық картаны жүргізу;

2) геодезиялық пункттерді есепке алу;

3) Қазақстан Республикасының географиялық атауларын мониторингтеу;

4) тақырыптық картографиялау;

5) қордың құрамына жатқызылған материалдар мен деректерді мемлекеттік есепке алу, сақтау және сақталуын қамтамасыз ету.

Орталық және жергілікті атқарушы органдар Ұлттық картографиялық-геодезиялық қорға әкімшілік-аумақтық бірліктер шекарасының өзгеруі туралы шешімдердің көшірмесін ұсынуға міндетті."

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Картографиялық-геодезиялық қоры Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің қарамағында болады."

24. "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 15, 148-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 18, 84, 86-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7-құжаттар; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 16-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 21, 123-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-II, 145-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; 2017 ж., № 23-III, 111-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 14, 42-құжат; № 19, 62-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 7, 39-құжат):

1) 1-бапта:

1) тармақша алып тасталсын;

1-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1-1) аймақ – жануарлардың жұқпалы аурулары бойынша эпизоотиялық жағдаймен сипатталатын, ауру ошағының маңайында оның белең алуына байланысты немесе осы аумақты жұқпалы аурулардың пайда болуынан қорғау үшін ұйымдастырылатын эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізілетін, әкімшілік-аумақтық бөлінісіне қарамастан шартты түрде шектелген аумақ;"

4) тармақшадағы "буферлік аймақ" деген сөздер "буфер (қорғаныш) аймағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) және 7) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"5) буфер (қорғаныш) аймағы – жануарлар ауруын қоздырғыштың әкелінуіне жол бермеу мақсатында ветеринариялық іс-шаралар жүргізу арқылы қолайлы аймақта немесе мәртебесі белгіленбеген аймақта жануарлар субпопуляциясының зоосанитариялық мәртебесін қорғау үшін белгіленетін аймақ;"

"7) ветеринариялық бақылау бекеті – уәкілетті орган ведомствосының шекара және кеден пункттері (Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттері) аумағында, сондай-ақ автомобиль қатынасы шегінде Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы тауарларды өткізудің өзге де орындарында және уәкілетті орган айқындаған өзге де орындарда орналасқан, қажетті жабдықпен және аспаптармен жарақтандырылған, өткізілетін (тасымалданатын) объектілерге мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды және (немесе) өткізілетін (тасымалданатын) объектілердің әкелінуі, транзиті туралы алдын ала ақпаратты қабылдауды жүзеге асыратын бөлімшесі ;"

9) тармақшада:

"ветеринариялық сертификат" деген сөздер "ветеринариялық сертификат, ветеринариялық-санитариялық қорытынды" деген сөздермен ауыстырылсын;

"мемлекеттік ветеринариялық дәрігерлер беретін ветеринариялық-санитариялық қорытынды;" деген сөздер алып тасталсын;

"аттестатталған" деген сөз алып тасталсын;

10) тармақшадағы "жануарлардың", "жасы" деген сөздер тиісінше "жануардың", "жасы (туған күні), жеке нөмірі" деген сөздермен ауыстырылсын;

16-1) тармақшадағы "ауданның" деген сөз "облыстың" деген сөзбен ауыстырылсын;

24) және 28) тармақшалардағы ", сондай-ақ автомобиль өткізу пункттеріндегі уәкілетті органның лауазымды адамы" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 36-1) тармақшамен толықтырылсын:

"36-1) компармент – сауда мақсатында ветеринариялық бақылау мен қадағалау, профилактика және биологиялық қауіпсіздік шаралары қолданылатын бір немесе бірнеше ауру бойынша белгілі бір зоосанитариялық мәртебеге ие, биологиялық қауіпсіздікті басқарудың бірыңғай жүйесі бар бір немесе бірнеше мал өсіру шаруашылығы жануарларының субпопуляциясы.

Компарментке зарарсыздандырылуына кепілдік беретін технологиялық сатылардан өткен, жануарлардан алынатын өнім ғана сақталатын немесе қайта өңделетін объектілерді қоспағанда, аумақтарында аталған мал өсіру шаруашылықтарында ұсталатын жануарларды сою, осындай жануарлардан алынған жануарлардан алынатын өнімді қайта өңдеу мен сақтау жүзеге асырылатын объектілер жатуы мүмкін;"

38-1) тармақшадағы "бақылауға жататын тауарлардың қауіпсіздігін, әкелуге (әкетуге) немесе олардың транзитіне" деген сөздер "тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайдың бағалануын ескере отырып, өткізілетін (тасымалданатын) объектілердің қауіпсіздігін, экспортына, импортына және транзитіне арналған" деген сөздермен ауыстырылсын;

39-2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"39-2) өңірлендіру – жануарлардың субпопуляциясы мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауға жататын объектілерді ветеринариялық бақылау мен қадағалау, олардың профилактикасы, жойылуы және биологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары қолданылатын жұқпалы ауру

бойынша белгілі бір зоосанитариялық мәртебеге ие болатын жұқпалы ауру бойынша мемлекеттің немесе оның әкімшілік-аумақтық бірлігінің (ауыл, кент, ауылдық округ, қаладағы аудан, қала, аудан, облыс) мәртебесін айқындау процесі;"

мынадай мазмұндағы 44-1) тармақшамен толықтырылсын:

"44-1) шұғыл шаралар – ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларда айқындалған тәртіппен жануарлардың Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет немесе жаңадан анықталған аса қауіпті, экзотикалық ауруларының таралу ошақтарын дереу оқшаулау және жою жөніндегі іс-шаралар;"

2) 8-бапта:

13) және 24) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"13) ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын, аспаптарды, құрал-саймандарды бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын байқаудан өткізуді, тіркеу сынақтарынан өткізуді ұйымдастыру және олардың мемлекеттік тізілімдерін жүргізу;"

"24) өңірлендіру, аумақты аймақтарға, компарментке бөлу тәртібін айқындау;"

мынадай мазмұндағы 24-1) және 32-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"24-1) аумақты компарментке бөлу туралы, өңірлендіру туралы шешім шығару;"

"32-1) жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөпті және жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есепке алу нөмірлер беру және олардың тізілімін жүргізу;"

46-8) тармақша алып тасталсын;

46-20) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"46-20) ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын байқаудан өткізу және тіркеу сынақтарынан өткізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;"

мынадай мазмұндағы 46-25), 46-26), 46-27), 46-28), 46-29) және 46-30) тармақшалармен толықтырылсын:

"46-25) ветеринария саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттама нысанын, сондай-ақ оны толтыру және шығару тәртібін әзірлеу және бекіту;

46-26) ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдар қызметінің тиімділігін бағалау үшін ветеринария саласындағы нысаналы индикаторларды есептеу әдістемесін әзірлеу және бекіту;

46-27) өңірлер бөлінісінде ветеринария саласындағы нысаналы индикаторлардың жоспарлы мәндерін бекіту;

46-28) микроорганизмдердің штамдарын депонирлеу, Микроорганизмдердің депонирленген штамдарының ұлттық коллекциясын жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

46-29) мал қорымдарының (биотермиялық шұңқырлардың) тізілімін жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

46-30) мал қорымдарының (биотермиялық шұңқырлардың) тізілімін жүргізу;"

3) 9-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасындағы ", аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың," деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақта:

", аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Облыстардың жергілікті атқарушы органдарының ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелерінің аудандар, облыстық маңызы бар қалалар деңгейінде бекітілген өкілдерінің болуына жол беріледі.";

2-1-тармақтағы ", аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың" деген сөздер алып тасталсын;

4) 10-бапта:

1-тармақта:

мынадай мазмұндағы 4-1), 4-2), 4-3), 4-4), 4-5), 4-6), 4-7), 4-8) және 4-9) тармақшалармен толықтырылсын:

"4-1) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жеке және заңды тұлғалардан ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламалар қабылдау, сондай-ақ рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізу;

4-2) мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) салуды, реконструкциялауды ұйымдастыру және оларды күтіп-ұстауды қамтамасыз ету;

4-3) облыстың жергілікті өкілді органына бекіту үшін жануарларды асырау қағидаларын, иттер мен мысықтарды асырау және серуендету қағидаларын, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидаларын, жануарларды асыраудың санитариялық аймақтарының шекараларын белгілеу жөнінде ұсыныстар енгізу;

4-4) мүдделі тұлғаларға жүргізіліп жатқан ветеринариялық іс-шаралар туралы ақпарат беруді ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

4-5) жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерін, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөпті және жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарды пайдалануға қабылдау жөніндегі мемлекеттік комиссияларды ұйымдастыру;

4-6) жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты алып қоймай залалсыздандыру (зарарсыздандыру) және қайта өңдеу;

4-7) жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу;

4-8) ауру жануарларды санитариялық союды ұйымдастыру;

4-9) қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру;"

7) тармақшадағы "өткізуді ұйымдастыру" деген сөздер "ұйымдастыруды және жүргізуді үйлестіру" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) тармақшадағы "оларды аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына" деген сөздер алып тасталсын;

11-1), 11-2), 11-4), 11-6), 11-7) және 11-8) тармақшалар алып тасталсын;

14) тармақшадағы "оларды сақтауды және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына тасымалдауды (жеткізуді)" деген сөздер "ветеринариялық препараттарды сақтауды және тасымалдауды (жеткізуді), жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізуді" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 17-4) тармақшамен толықтырылсын:

"17-4) мал қорымдарының (биотермиялық шұңқырлардың) тізіліміне енгізу үшін мал қорымдары (биотермиялық шұңқырлар) туралы деректерді (мәліметтерді) жинауды ұйымдастыру және жинақтау;"

1-1-тармақта:

7) тармақшадағы "жүргізуді ұйымдастыру" деген сөздер "ұйымдастыруды және жүргізуді үйлестіру" деген сөздермен ауыстырылсын;

11-1), 11-2), 11-3), 11-5), 11-7), 11-8) және 11-9) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 11-10) тармақшамен толықтырылсын:

"11-10) мал қорымдарының (биотермиялық шұңқырлардың) тізіліміне енгізу үшін мал қорымдары (биотермиялық шұңқырлар) туралы деректерді (мәліметтерді) жинауды ұйымдастыру және жинақтау;"

24) тармақшадағы "ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға сәйкес мал қорымын" деген сөздер "мал қорымдарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) облыстың жергілікті атқарушы органына жануарларды асырау қағидаларын, жануарларды асыраудың санитариялық аймақтарының шекараларын белгілеу жөнінде ұсыныстар енгізу;"

2), 3), 4), 5), 6), 7) және 8) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 10-1) және 10-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"10-1) облыстардың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға олар тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте ветеринария саласындағы функцияларды орындаған кезде жәрдем көрсету;

10-2) облыстардың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қызметтік үй-жайлармен қамтамасыз ету;"

11-1), 11-2), 11-3), 11-4), 11-5), 11-6), 11-7), 12), 13), 14), 14-1), 15), 16), 17), 19), 20-3), 20-6) және 20-7) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 20-8) тармақшамен толықтырылсын:

"20-8) мал қорымдарының (биотермиялық шұңқырлардың) тізіліміне енгізу үшін мал қорымдары (биотермиялық шұңқырлар) туралы деректерді (мәліметтерді) облыстардың жергілікті атқарушы органдарына ұсыну;"

5) 11-бапта:

1-тармақта:

1) тармақшаның алтыншы абзацындағы "функцияларын жүзеге асыру мақсатында мемлекеттік мекеме" деген сөздер "функцияларын" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

"шұғыл шаралар жүргізуді жүзеге асыру мақсатында мемлекеттік мекеме;"

3) тармақшаның жетінші абзацындағы "мониторингін жүзеге асыру мақсатында республикалық мемлекеттік кәсіпорын нысанында мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар құрады." деген сөздер "мониторингін;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы сегізінші және тоғызыншы абзацтармен толықтырылсын:

"микроорганизмдердің штамдарын депонирлеуді;

жануарлардың Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет анықталған аса қауіпті және экзотикалық ауруларының диагностикасын жүзеге асыру мақсатында республикалық мемлекеттік кәсіпорын нысанында мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар құрады.";

4-тармақта:

бірінші бөліктің бірінші абзацында:

"Республикалық" деген сөз "Облыстардың, республикалық" деген сөздермен ауыстырылсын;

", аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың" деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың жергілікті атқарушы органдары құратын мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар аудандарда, облыстық маңызы бар қалаларда ветеринариялық пункттерімен құрылады.";

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жергілікті атқарушы органдар құратын мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы Заңның 13-бабында көрсетілген ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызмет түрлерін жүзеге асыра алады.";

б) мынадай мазмұндағы 12-1 және 12-2-баптармен толықтырылсын:

"12-1-бап. Ветеринария саласындағы қызметке арналған лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданылуын тоқтата тұру, қайта бастау, одан айыру (оны кері қайтарып алу)

1. Ветеринария саласындағы қызметке арналған лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданылуы мынадай негіздердің бірі бойынша тоқтатыла тұрады:

1) ветеринария саласындағы лицензияланатын қызметті жүзеге асыру кезінде жануарлар саулығы мен адам денсаулығының қауіпсіздігіне қатер төндіретін, біліктілік, ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптар мен қағидаларды бұзушылықтың (бұзушылықтардың) белгіленуі (мәлім болуы, анықталуы);

2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де негіздер.

Ветеринария саласындағы қызметке арналған лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданылуын ветеринария саласындағы қызметке арналған

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган тоқтата тұрады.

2. Ветеринария саласындағы қызметке арналған лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданылуын тоқтата тұрған негіздер алты ай ішінде жойылуға тиіс.

3. Ветеринария саласындағы қызметке арналған лицензиядан және (немесе) лицензияға қосымшадан айыру (оны кері қайтарып алу) мынадай негіздердің бірі бойынша жүзеге асыралады:

1) лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданылуын тоқтата тұруға негіз болған мән-жайлардың, себептердің белгіленген мерзімдерде жойылмауы;

2) лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданылуының соңғы екі жыл ішінде бірнеше рет (екі реттен артық) тоқтатыла тұруы;

3) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруге негіз болған құжаттарда анық емес ақпарат беру фактісінің анықталуы;

4) соңғы екі жыл ішінде лицензиялық қызметтің жүзеге асырылмауы;

5) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де негіздер.

4. Ветеринария саласындағы қызметке арналған лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданылуын тоқтата тұру, қайта бастау, одан айыру (оны кері қайтарып алу) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

12-2-бап. Ветеринария саласындағы екінші санаттағы рұқсатты және (немесе) оған қосымшаны беруден бас тарту, одан айыру (оны кері қайтарып алу), ветеринария

саласындағы екінші санаттағы рұқсаттың және (немесе) оған қосымшаның қолданылуын тоқтата тұру, қайта бастау, тоқтату

1. Осы Заңда көзделмеген, ветеринария саласындағы екінші санаттағы рұқсатты және (немесе) оған қосымшаны беруден бас тарту, одан айыру (оны кері қайтарып алу), ветеринария саласындағы екінші санаттағы рұқсаттың және (немесе) оған қосымшаның қолданылуын тоқтата тұру, қайта бастау, тоқтату Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Ветеринария саласындағы екінші санаттағы рұқсаттың және (немесе) оған қосымшаның қолданылуын тоқтата тұру үшін мыналар негіз болып табылады:

1) жануарлардың аса қауіпті және жұқпалы аурулары бойынша мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау объектісінің шығу (болу), жүру (бағыты) және (немесе) келу (межелі пункт) орнының эпизоотиялық ахуалының нашарлауы;

2) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау объектісінің қауіпсіздігі мониторингінің нәтижелері бойынша жануарлар саулығы мен адам денсаулығының қауіпсіздігіне төнетін қатердің расталуы;

3) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша жануарлар саулығы мен адам денсаулығының қауіпсіздігіне қатер төндіретін, Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасы талаптарын бұзушылықтың анықталуы;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайлар.

3. Осы баптың 2-тармағы 1) тармақшасының күші ветеринария саласындағы мынадай екінші санаттағы рұқсаттарға қолданылмайды:

1) мемлекеттік тіркелуімен жемшөп қоспаларына арналған тіркеу куәлігі;

2) ветеринариялық препараттарға арналған тіркеу куәлігі.

4. Ветеринария саласындағы екінші санаттағы рұқсаттар және (немесе) оларға қосымшалар иелерінің осы қолданылуы тоқтатыла тұрған, жүзеге асырылуына ветеринария саласындағы екінші санаттағы рұқсат және (немесе) оған қосымша берілген қызметті немесе әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыруына жол берілмейді.

5. Ветеринария саласындағы екінші санаттағы рұқсаттан және (немесе) оған қосымшадан айыру (оны кері қайтарып алу) үшін мыналар негіз болып табылады:

1) ветеринария саласындағы екінші санаттағы рұқсаттың және (немесе) оған қосымшаның қолданылуын тоқтата тұруға негіз болған бұзушылықтың белгіленген мерзімде жойылмауы;

2) жануарлар саулығы мен адам денсаулығының қауіпсіздігіне қатер төндіретін, ветеринария саласындағы екінші санаттағы рұқсаттың және (немесе) оған қосымшаның қолданылуын тоқтата тұруға негіз болған бұзушылықтың соңғы күнтізбелік он екі ай ішінде қайтадан анықталуы;

3) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау объектісі өндірісінің процесіндегі жүйелі іркілістің (соңғы он екі ай ішінде екі реттен артық) салдары болып табылатын және жануарлар саулығы мен адам денсаулығының қауіпсіздігіне қатер төндіретін бұзушылықтардың анықталуы;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайлар.

Ветеринария саласындағы екінші санаттағы рұқсаттан және (немесе) оған қосымшадан айыру (оны кері қайтарып алу) соттың шешімі бойынша жүзеге асырылады.

6. Ветеринария саласындағы екінші санаттағы рұқсаттың және (немесе) оған қосымшаның қолданылуын тоқтату үшін мыналар негіз болып табылады:

1) ветеринария саласындағы екінші санаттағы рұқсаттың және (немесе) оған қосымшаның оларға берілген қолданылу мерзімінің өтуі;

2) жүзеге асырылуы үшін берілген әрекеттің (операцияның) толық көлемде жасалуы ;

3) ветеринария саласындағы екінші санаттағы рұқсаттан және (немесе) оған қосымшадан айыру (оны кері қайтарып алу);

4) жеке тұлға қызметінің тоқтатылуы, заңды тұлғаның таратылуы;

5) өтініш берушінің ветеринария саласындағы екінші санаттағы рұқсаттың және (немесе) оған қосымшаның қолданылуын тоқтату туралы ерікті түрде өтініш жасауы;

6) Қазақстан Республикасының аумағында жануарлардың аса қауіпті және жұқпалы ауруларының пайда болу және таралу тәуекелінің жоғары болуы;

7) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайлар.

Ветеринария саласындағы екінші санаттағы рұқсаттың және (немесе) оған қосымшаның қолданылуы тоқтатылған кезден бастап ветеринария саласындағы екінші санаттағы рұқсатты және (немесе) оған қосымшаны алу талап етілетін қызмет түрлерін немесе әрекетті (операцияны) жүзеге асыруға жол берілмейді.";

7) 13-1-бапта:

2, 3, 4, 5 және 6-тармақтардағы "республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың", "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың" деген сөздер тиісінше "

облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың", "Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

8) 2-тарау мынадай мазмұндағы 13-2-баппен толықтырылсын:

"13-2-бап. Жануарлардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін айқындау жөніндегі өндірістік бақылау бөлімшелері ветеринариялық дәрігерлерінің ветеринариялық анықтама беру жөніндегі қызметті жүзеге асыруды бастағаны немесе тоқтатқаны туралы хабарламалар

1. Жануарлардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін айқындау жөніндегі өндірістік бақылау бөлімшелері ветеринариялық дәрігерлерінің ветеринариялық анықтама беру жөніндегі қызметті жүзеге асыруы хабардар етуге жатады.

2. Жануарлардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін айқындау жөніндегі өндірістік бақылау бөлімшелерінің ветеринариялық дәрігерлері ветеринариялық анықтама беру жөніндегі қызметті жүзеге асыруды бастағанға немесе тоқтатқанға дейін "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен бұл туралы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесін хабардар етуге міндетті.

3. Уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесін ветеринариялық анықтама беру жөніндегі қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы хабардар еткен жануарлардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін айқындау жөніндегі өндірістік бақылау бөлімшелері ветеринариялық дәрігерлерінің:

1) ветеринария саласындағы мамандықтар бойынша жоғары немесе орта білімнен кейінгі, немесе техникалық, немесе кәсіптік білімі болуға;

2) жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс субъектісімен, жемшөпті өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйыммен еңбек қатынастары болуға міндетті.

Хабарламаға осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген құжаттар қоса беріледі.

4. Жануарлардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін айқындау жөніндегі өндірістік бақылау бөлімшелері ветеринариялық дәрігерлерінің ветеринариялық анықтама беру жөніндегі қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы хабарламаның қолданылуы мынадай негіздердің бірі бойынша тоқтатыла тұрады:

1) ветеринариялық анықтама беру жөніндегі қызметті жүзеге асыру кезінде ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптар мен қағидаларды бұзушылықтың (бұзушылықтардың) белгіленуі (мәлім болуы, анықталуы);

2) осы баптың 3-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келмеудің анықталуы;

3) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша жануарлар саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының талаптарын бұзушылықтардың анықталуы;

4) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де негіздер.

Жануарлардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін айқындау жөніндегі өндірістік бақылау бөлімшелері ветеринариялық дәрігерлерінің ветеринариялық анықтама беру жөніндегі қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы хабарламаның қолданылуы осы тармақта көрсетілген негіздер бойынша уәкілетті орган ведомствосы аумақтық бөлімшесінің шешімімен алты айға тоқтатыла тұрады.

5. Жануарлардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін айқындау жөніндегі өндірістік бақылау бөлімшелері ветеринариялық дәрігерлерінің ветеринариялық анықтама беру жөніндегі қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы хабарламаның қолданылуын қайта бастау " Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен және растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, бұзушылықтардың жойылғаны туралы өтініш берілген кезден бастап жүзеге асырылады.

Уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі бұзушылықтардың жойылғаны туралы өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен олардың жойылғанын тексереді және соның нәтижелері бойынша бір жұмыс күні ішінде хабарламаның қолданылуын қайта бастау туралы шешім қабылдайды не хабарламаның қолданылуын қайта бастаудан бас тарту туралы уәжді жауап ұсынады.";

9) 14-бапта:

1-тармақтағы "және жергілікті атқарушы органдардың" деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау:";

1) және 5) тармақшалардағы "құзыреті шегінде" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 6-3) және 6-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"6-3) жергілікті атқарушы органдардың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелерінің қызметін бақылау мен қадағалауды;

6-4) ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендірудің ұйымдастырылуын және өткізілуін, ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі дерекқордың жүргізілуін және ондағы ақпараттың жаңартылып отырылуын бақылау мен қадағалауды;"

2-1-тармақ алып тасталсын;

3-тармақтағы "және мемлекеттік ветеринариялық дәрігерлер" деген сөздер алып тасталсын;

10) 14-1-бапта:

1-тармақта:

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) ішкі сауда объектілерінде;"

2) және 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"2) ветеринария саласындағы кәсіпкерлік, оның ішінде лицензияланатын қызметті жүзеге асыратын тұлғаларда;"

"4) ветеринариялық бақылау бекеттерінде;"

5), 6) және 7) тармақшалардағы "объектілердің экспорты (импорты) және транзиті кезінде оларды", "экспорты (импорты) және транзиті кезінде жануарлар", "экспорт (

импорт) және транзит кезінде тасымалдау" деген сөздер тиісінше "объектілерді", "жануарлар", "тасымалдау" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) тармақшадағы "экспорт (импорт) және транзит кезінде" және "құзыреті шегінде" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

"8-1) мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), күтіп-ұстауға, көбейтуге, пайдалануға, өндіруге, дайындауға (союға), сақтауға, қайта өңдеуге және өткізуге байланысты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау объектілерін орналастыру, салу, реконструкциялау және пайдалануға беру кезінде, сондай-ақ орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдау (орнын ауыстыру) кезінде зоогигиеналық және ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптардың сақталуына;"

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) жергілікті атқарушы органдардың және олардың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелерінің функцияларын орындауына жүзеге асырылады.";

2-тармақ алып тасталсын;

3-тармақта:

"1 және 2-тармақтарында" деген сөздер "1-тармағында" деген сөздермен ауыстырылсын;

", мемлекеттік ветеринариялық дәрігерлері" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Жануарлар ауруларының пайда болуы мен таралуының және олардың тамақтан улануының себептері мен жағдайларын анықтау және белгілеу үшін аумақ пен объектілерге зерттеп-қарауды жүргізу мақсатында бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау жүргізу туралы шешімді уәкілетті орган ведомствосының облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумақтық бөлімшесінің басшысы:

1) жеке және заңды тұлғалар ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдардың бөлімшелеріне, жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау органдарына жануарлар қырылған, бірнеше жануар бір мезгілде ауырған немесе олар әдеттен тыс мінез көрсеткен жағдайлар туралы хабарлаған;

2) эпизоотологиялық зерттеп-қарау жүргізілген;

3) жануарлардың жұқпалы ауруларының, оның ішінде тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктен әкетілген орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің партиясында анықталғаны туралы нотификациялар, хабарлар, хабарламалар келіп түскен;

4) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді әкетуге немесе әкелуге тыйым салулар мен шектеулерді, уақытша ветеринариялық-санитариялық шараларды бұзу фактілері анықталған кезде қабылдайды.";

4-тармақ алып тасталсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Ішкі сауда объектілерінде, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінде, шекара және кеден пункттерінде (Еуразиялық

экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде), сондай-ақ автомобиль қатынасы шегінде Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы тауарларды өткізудің өзге де орындарында және уәкілетті орган айқандаған өзге де орындарда, сондай-ақ жануарлар мен құстардың аса қауіпті аурулары бойынша карантиндік аймақтарда және қолайсыз пункттерде Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының жануарлардың жұқпалы ауруларының белең алуына, таралуына жол бермеу, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының аумағын басқа мемлекеттерден жануарлардың жұқпалы және экзотикалық ауруларының әкелінуі мен таралуынан қорғау жөніндегі талаптарының сақталуы тұрғысынан мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау күн сайын жүзеге асырылады.";

6-тармақтағы ", мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау функциясының құзыреті шегінде жүзеге асырылатындарды қоса алғанда," деген сөздер алып тасталсын;

7-тармақта:

", мемлекеттік ветеринариялық дәрігер" деген сөздер алып тасталсын;

орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

7-1-тармақта:

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы ", мемлекеттік ветеринариялық дәрігер" деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Бақылауға жататын өнімді әкелуге, әкетуге, орнын ауыстыруға, өндіруге, дайындауға, қайта өңдеуге, зарарсыздандыруға, сақтауға, тасымалдауға және өткізуге байланысты қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар, жергілікті атқарушы органдар және олардың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелері, мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар, ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар бармай профилактикалық бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) болып табылады."

;

төртінші бөліктегі ", мемлекеттік ветеринариялық дәрігер" деген сөздер алып тасталсын;

бесінші бөліктегі ", мемлекеттік ветеринариялық дәрігер" деген сөздер алып тасталсын;

оныншы бөліктегі ", мемлекеттік органдардың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын ветеринариялық бөлімшелері" және ", мемлекеттік органның ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын ветеринариялық бөлімшесінің" деген сөздер алып тасталсын;

8-тармақта:

", мемлекеттік ветеринариялық дәрігер" деген сөздер алып тасталсын;

"өз құзыреті шегінде" деген сөздер алып тасталсын;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау актісі тексеру нәтижелері туралы актілерді тіркеудің арнайы журналында тіркеледі, ол нөмірленген, тігілген және уәкілетті орган ведомствосы аумақтық бөлімшелерінің мөрімен бекемделген болуға тиіс.";

11) 15-бапта:

б) тармақшадағы "мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау функциясының құзыреті шегінде жүзеге асырылатындарды қоса алғанда," деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

"10-1) мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар;"

12) 16-бапта:

1-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) шекара және кеден пункттерінде (Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде), сондай-ақ автомобиль қатынасы шегінде Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы тауарларды өткізудің өзге де орындарында және уәкілетті орган айқындаған өзге де орындарда мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды ұйымдастыру және жүзеге асыру кіреді.";

3-тармақ мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беруге құқығы бар мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың тізімін бекіту;"

4-тармақ мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беруге құқығы бар мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың тізімін бекіту;"

13) 17-бапта:

тақырыптағы "инспекторлар мен мемлекеттік ветеринариялық дәрігерлердің" деген сөздер "инспекторлардың" деген сөзбен ауыстырылсын;

1-тармақта:

бірінші абзацтағы ", мемлекеттік ветеринариялық дәрігерлердің" деген сөздер алып тасталсын;

1) тармақшадағы "заңдары" деген сөз "заңнамасы" деген сөзбен ауыстырылып, "(қызмет куәлігін көрсетіп)" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) ветеринариялық жете тексеруді, қарап-тексеруді, диагностиканы немесе ветеринариялық-санитариялық сараптаманы жүргізу кезеңінде, сондай-ақ олар ветеринариялық құжаттарсыз тасымалданған кезде немесе ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларға, талаптарға сәйкес келмеген жағдайларда, ветеринариялық бақылау бекеттерінде көлік құралдарын тоқтатуға және орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді кідіртуге;"

2-тармақтағы ", мемлекеттік ветеринариялық дәрігерлердің әрекетіне" деген сөздер "әрекеттеріне" деген сөзбен ауыстырылып, ", жергілікті атқарушы органдарға" деген сөздер алып тасталсын;

14) 18-бапта:

тақырыптағы ", мемлекеттік ветеринариялық дәрігерлердің" деген сөздер алып тасталсын;

1-тармақта:

бірінші абзацтағы ", мемлекеттік ветеринариялық дәрігерлер құзыреті шегінде" деген сөздер алып тасталсын;

2) тармақшадағы "заңдары", "тәртіптік жаза қолдану туралы немесе әкімшілік жауапқа" деген сөздер тиісінше "заңнамасы", "әкімшілік жауаптылыққа" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 20-баптың 4 және 8-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының аумағына басқа мемлекеттерден жануарлардың жұқпалы және экзотикалық ауруларының әкелінуі мен таралуының алдын алу мақсатында мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру үшін уәкілетті орган айқындаған тәртіппен ветеринариялық бақылау бекеттерін ұйымдастырады.";

"8. Ветеринариялық бақылау бекеттерінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру тәртібін уәкілетті орган бекітеді.

Ветеринариялық бақылау бекеттерінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау құжаттық, физикалық және зертханалық ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау нысанында жүзеге асырылады.";

16) 22-баптың 7-тармағындағы "мемлекеттік ветеринариялық дәрігерлерге," деген сөздер алып тасталсын;

17) 23-баптың 3-тармағындағы ", мемлекеттік ветеринариялық дәрігерлерге" деген сөздер алып тасталсын;

18) 24-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын:

"Уәкілетті орган айқындаған тәртіппен, жануарлардың Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет анықталған, таралуы эпизоотиялық жағдайдың нашарлауына алып келуі мүмкін аса қауіпті және экзотикалық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу үшін ветеринариялық препараттарды екі жылдан аспайтын мерзімге уақытша тіркеуге жол беріледі.

Ветеринариялық препараттарды уақытша тіркеу қолданылатын кезеңде ветеринариялық препараттарды мемлекеттік тіркеу үшін қажетті тіркеу сынақтары өткізілуге тиіс.";

19) 26-баптың 1-тармағының 2) тармақшасындағы "буферлік аймақты" деген сөздер "буфер (қорғаныш) аймағын" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 26-1-баптың 3-тармағындағы "аймақтардың болуы" деген сөздер "аймақтардың, компарменттің болуы, өңірлендіру" деген сөздермен ауыстырылсын;

21) 26-2-бапта:

тақырып және 1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"26-2-бап. Аумақты аймақтарға, компарментке бөлу және өңірлендіру

1. Аумақты аймақтарға, компарментке бөлу және өңірлендіру:";

2-тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) буфер (қорғаныш) аймағы;"

мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес айқындалған өзге де аймақтар.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Аумақты аймақтарға, компартамент пен олардың шекараларына бөлу және өңірлендіру уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады.";

22) 35-бапта:

1-тармақта:

мынадай мазмұндағы 4-1), 4-2) және 4-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"4-1) импорттаушы ел өкілдерінің ауру таралмаған немесе ауру аз таралған аумақты немесе оның бір бөлігін инспекциялауын және мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау жүйесінің аудитін қоса алғанда, осы аумақтардан экспортталатын орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру рәсімін ұйымдастыру және жүргізу;

4-2) импорттаушы ел өкілдерінің орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортын жүзеге асыру мақсатында жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерін, сондай-ақ ветеринариялық

препараттарды, жемшөпті және жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарды инспекциялауын ұйымдастыру және жүргізу;

4-3) жануарлардың Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет анықталған аса қауіпті, экзотикалық ауруларының профилактикасы, диагностикасы және оларды жою;"

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) ветеринариялық паспортты дайындау бойынша, ауыл шаруашылығы жануарларын электрондық тәсілмен сәйкестендіру үшін пайдаланылатындарды қоспағанда, ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіруді жүргізуге арналған бұйымдарды (құралдарды) және атрибуттарды сатып алуға арналған шығыстар.";

2-тармақта:

2) тармақша алып тасталсын;

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) ветеринариялық-санитариялық қорытындының, ветеринариялық сертификаттың бланкілерін түсетін қаражатты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бюджет кірісіне есепке жатқыза отырып беру, ауыл шаруашылығы жануарларын электрондық тәсілмен сәйкестендіруді жүргізуге арналған бұйымдарды (құралдарды) және атрибуттарды сатып алу;"

мынадай мазмұндағы 6-2) және 6-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"6-2) ветеринарияда пайдаланылатын, Микроорганизмдердің депонирленген штамдарының ұлттық коллекциясында сақталуға жатпайтын микроорганизмдердің штамдарын депонирлеу;

6-3) тамақ қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша референцияларды тиісті қаржы жылына арналған бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын олардың көлемінен асыра жүргізу (өтініш жасалған жағдайда);";

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Осы баптың 1-тармағының 4-2) тармақшасында көзделген іс-шараларды тиісті қаржы жылына арналған бюджет қаражаты есебінен оларды қаржыландыру көлемінен асыра қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздерден жүзеге асырылады."

25. "Тұқым шаруашылығы туралы" 2003 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 3, 16-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-VII, 161-құжат; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат; № 24, 93-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 20-1) тармақшамен толықтырылсын:

"20-1) тұқымға арналған аттестат – бірегей және элиталық тұқымдардың сұрыптық және егістік сапасын растайтын құжат;"

2) 6-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 31-2) тармақшамен толықтырылсын:

"31-2) сұрып сынағын өткізу саласындағы мемлекеттік мекемелер өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағасын белгілейді;"

3) 14-1-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) байқаудан өткізушілер үшін – агрономия, жеміс-көкөніс шаруашылығы, топырақтану және агрохимия, өсімдіктерді қорғау және олардың карантині, тұқым сарапшылары үшін – агрономия, жеміс-көкөніс шаруашылығы, қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы (ауыл шаруашылығы), стандарттау және сертификаттау (ауыл шаруашылығы) мамандықтары бойынша жоғары немесе орта білімнен кейінгі білімінің бар екенін;"

2-тармақта:

1) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"агрономия, жеміс-көкөніс шаруашылығы, топырақтану және агрохимия, өсімдіктерді қорғау және олардың карантині мамандықтары бойынша жоғары немесе орта білімнен кейінгі білімінің;"

2) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"агрономия, жеміс-көкөніс шаруашылығы, қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы (ауыл шаруашылығы), стандарттау және сертификаттау (ауыл шаруашылығы) мамандықтары бойынша жоғары немесе орта білімнен кейінгі білімінің;"

4) 19-бапта:

7-тармақтағы "заңдарында", "өсімдіктер карантині жөніндегі бақылау, фитосанитариялық" деген сөздер тиісінше "заңнамасында", "мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау мен қадағалау" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

"8. Қазақстан Республикасына әкелінетін тұқым партияларымен бірге патент иеленуші құқықтарының сақталуын растайтын құжат (лицензиялық немесе сублицензиялық шарт) жүруге тиіс.";

5) 23-3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"23-3-бап. Сұрыптардың патентке қабілеттілігі мен шаруашылыққа пайдалылығына сараптама және сынақ

1. Ауыл шаруашылығы өсімдіктері сұрыптарының патентке қабілеттілігі мен шаруашылыққа пайдалылығы уәкілетті орган бекітетін өсімдіктер тектері мен түрлерінің тізбелеріне сәйкес мемлекеттік сынақтың және (немесе) өтініш берушінің деректері бойынша бағаланады.

2. Дақылдар бөлінісінде шаруашылыққа пайдалылығына, ерекшелігіне, біртектілігіне және тұрақтылығына сұрып сынағын өткізу әдістемелерін Ауыл шаруашылығы дақылдарына сұрып сынағын өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссия бекітеді.

3. Ауыл шаруашылығы дақылдарына сұрып сынағын өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссия сұрыптың шаруашылыққа пайдалылығына сынақ өткізумен бір мезгілде ерекшелігіне, біртектілігіне, тұрақтылығына сынақ өткізеді және морфологиялық белгілері бойынша ресми сипаттама жасайды."

26. "Кредиттік серіктестіктер туралы" 2003 жылғы 28 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 5, 32-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 14, 55-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 11, 55-құжат; 2010 ж., № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; 2012 ж., № 13, 91-құжат; 2014 ж., № 19-І, 19-ІІ, 96-құжат; 2016 ж., № 12, 87-құжат; № 24, 126-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат; 2019 жылғы 5 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу мен дамыту, микроқаржылық қызмет және салық

салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 8-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Кредиттік серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысын шақыру тәртібі мен мерзімдері кредиттік серіктестіктің жарғысында көзделеді. Егер кредиттік серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысын шақыру тәртібі мен мерзімдері жарғыда көзделмеген болса, онда кредиттік серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама кредиттік серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысы ашылғанға дейін кемінде он жұмыс күнінен кешіктірілмей, кредиттік серіктестіктің жарғысында көрсетілген мерзімді баспасөз басылымында немесе кредиттік серіктестіктің интернет-ресурсында жариялануға, тапсырысты хатпен, табыс етілгені туралы хабарламасы бар жеделхатпен, телефонограммамен, ұялы байланыс арналары бойынша қысқа мәтіндік хабарлар немесе электрондық пошта арқылы, сондай-ақ хабарлаудың тіркелуін қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдары пайдаланыла отырып жіберілуге тиіс.";

2) 9-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Кворум болмаған жағдайда кредиттік серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысы қайтадан шақырылады. Кредиттік серіктестікке қатысушылардың қайтадан шақырылатын жалпы жиналысын өткізу күнін кредиттік серіктестіктің басқармасы белгілейді. Кредиттік серіктестікке қатысушылардың қайтадан шақырылған жалпы жиналысы, осы баптың 1 және 4-тармақтарында көзделген жағдайдарды қоспағанда, егер оған кредиттік серіктестікке қатысушылардың кез келген саны тіркелсе, заңды болып табылады.";

3) 10-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Кредиттік серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысы кредиттік серіктестіктің басқармасына кредиттік серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысының мынадай айрықша құзыреттерін бере алады:

кредиттік серіктестікке қатысушыларды қабылдау (шығару);

кредиттік серіктестікке қатысушыларды қабылдауға (шығаруға) байланысты кредиттік серіктестіктің жарғысын өзгерту немесе оны жаңа редакцияда бекіту."

27. "Сауда қызметін реттеу туралы" 2004 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 6, 44-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 23, 141-құжат; 2009 ж., № 17, 80-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 2, 26-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 14-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; № 15, 81-құжат; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 11, 52-құжат; № 19-I, 101-құжат; № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 8-II, 70-құжат; № 12, 87-құжат; 2017 ж., № 12, 34-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат; 2019 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; 2019 жылғы 5 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу мен дамыту, микроқаржылық қызмет және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 14-1) тармақшамен толықтырылсын:

"14-1) көтерме-тарату орталығы – азық-түлік тауарларын кейіннен ішкі және сыртқы нарықтарда көтерме саудада өткізу үшін сатып алу, дайындау, тарату және олармен өзге де операцияларды орындауға арналған қойма үй-жайларынан, павильондардан және арнайы жабдығы бар басқа да үй-жайлардан тұратын көпфункционалы инфрақұрылымдық сауда-логистикалық кешен;"

2) 7-бап мынадай мазмұндағы 4-3) тармақшамен толықтырылсын:

"4-3) агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша көтерме-тарату орталықтарына қойылатын талаптарды әзірлейді және бекітеді;"

28. "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 18, 107-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 21, 161-құжат; 2012 ж., № 3, 27-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 12, 57-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; 2017 ж., № 12, 34-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; 2019 ж., № 7, 37-құжат):

1) 1-бапта:

18) тармақша "ауланған" деген сөзден кейін "немесе балық өсіру шаруашылықтарында өсірілген" деген сөздермен толықтырылсын;

44) тармақшадағы "жеке тұлғалардың" деген сөздер "тексерілетін субъектілердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 7-бапта:

"бойынша" деген сөзден кейін ", сондай-ақ балық өсіру шаруашылықтарында" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші, үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Балықтар мен басқа да су жануарларының мемлекеттік мониторингі жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Балықтар мен басқа да су жануарларының мемлекеттік мониторингі заңсыз пайда болған балықтар мен басқа да су жануарларын уақтылы анықтау және олардың өткізілуін болғызбау мақсатында ауланған, сатып алынған, қолдан өсірілген балықтар немесе басқа да су жануарлары, балықтар мен басқа да су жануарларының көтерме

және бөлшек саудада өткізілуі, экспорты және импорты туралы ақпаратты жинауды және уақтылы өңдеуді қамтамасыз етуге қабілетті жүйені білдіреді.

Балықтар мен басқа да су жануарларының мемлекеттік мониторингін уәкілетті орган балықтар мен басқа да су жануарларының мониторингі қағидаларына сәйкес жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып жүзеге асырады.";

3) 9-баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде:

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан жабайы тірі жануарларды, оның ішінде сирек кездесетіндерін және құрып кету қаупі төнгендерін әкетуге қорытынды (рұқсат беру құжатын) береді;"

10) тармақшадағы "әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге" деген сөздер "импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 20-1) тармақшамен толықтырылсын:

"20-1) ғылыми ұйымның ұсынымдары негізінде балық шаруашылығы су айдындарына балық жіберу жоспарын әзірлейді және бекітеді;"

52) тармақшадағы "әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге" деген сөздер "импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға" деген сөздермен ауыстырылсын;

69) тармақша "ұстау" деген сөзден кейін "және өсіру" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 77-9), 77-10) және 77-11) тармақшалармен толықтырылсын:

"77-9) балықтар мен басқа да су жануарларының мониторингі қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

77-10) кәсіпшілік балық аулауды жүргізу үшін бекітіп берілген балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін балық өсіруді (акваөсіруді) жүргізуге арналған балық шаруашылығы су айдындарына және (немесе) учаскелеріне ауыстыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

77-11) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан жабайы тірі жануарларды, оның ішінде сирек кездесетіндерін және құрып кету қаупі төнгендерін экспорттауға лицензия береді;"

4) 10-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) кәсіпшілік балық аулауды жүргізу үшін бекітіп берілген балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін балық өсіруді (акваөсіруді) жүргізуге арналған балық шаруашылығы су айдындарына және (немесе) учаскелеріне ауыстыру жөнінде шешімдер қабылдайды;"

5) 14-баптың 3-тармағының 10) тармақшасындағы "улы химикаттарды" деген сөздер "улы химикаттарды және басқа да химиялық препараттарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 16-баптың тақырыбындағы және мәтініндегі "(улы химикаттарды)" деген сөздер "улы химикаттарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 17-баптың 3-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) балық ресурстары мен басқа да су жануарларына келтірілетін және келтірілген, оның ішінде болмай қоймайтын зиянды уәкілетті органның ведомствосымен жасалған

шарт негізінде балық шаруашылығы су айдындарына балық өсіру материалын жіберуді , уылдырық шашатын орындарды қалпына келтіруді, су объектілерінің балық шаруашылығы мелиорациясын, өсім молайту кешенінің инфрақұрылымын салуды немесе балық ресурстары мен басқа да су жануарларының өсімін молайту жөніндегі қолданыстағы кешендерді реконструкциялауды, ғылыми зерттеулерді қаржыландыруды, сондай-ақ өзендердің жайылмасы мен теңіз ортасында (рифтер) жасанды уылдырық шашу орындарын жасауды көздейтін іс-шараларды орындау арқылы, уәкілетті орган бекіткен әдістемеге сәйкес айқындалатын мөлшерде өтеудің орнын толтыруға міндетті.";

8) 26-баптың 1-3-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Балықтың қайда ауланғаны туралы анықтаманы жазуға жануарлар дүниесі объектілерін алып қоюға бөлінген квота, балықтың нақты ауланғанын растайтын құжаттар шегінде, мелиорациялық аулау, сондай-ақ қолдан өсірумен айналысатын ұйымның жобалық қуаты шеңберінде рұқсат етіледі.";

9) 27-бапта:

1-тармақтың 7) тармақшасындағы "пайдалануға құқығы бар." деген сөздер " пайдалануға;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) кәсіпшілік балық аулауды жүргізу үшін өздеріне бекітіп берілген балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) олардың учаскелерін балық өсіруді (акваөсіруді) жүргізуге арналған балық шаруашылығы су айдындарына және (немесе) олардың учаскелеріне ауыстыруға құқығы бар.";

2-тармақтың бірінші бөлігінің 23) тармақшасындағы "сақтауға міндетті." деген сөздер "сақтауға;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 24) тармақшамен толықтырылсын:

"24) бекітіп берілген балық шаруашылығы су айдынына және (немесе) учаскесіне ғылыми ұйымның ұсынымдары негізінде, уәкілетті орган бекіткен балық

шаруашылығы су айдындарына балық жіберу жоспарына сәйкес, бөлінетін квоталардың жыл сайынғы көлемдеріне мөлшерлес балық құртшабақтарының көлемдерін жіберуді жүргізуге міндетті.";

10) 33-1-баптың 3-тармағы бірінші бөлігінің 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) бекітіп берілген аңшылық алқаптарында аң аулау объектілері болып табылатын жануарлар түрлерінің санын есепке алуды жүргізуге қатысуды, аңшылық шаруашылығының субъектілері ұсынған деректерді талдау мен жалпылауды және жануарлар дүниесі объектілерін алып қою лимитін дайындау үшін уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелеріне ұсынымдар енгізуді;"

11) 38-баптың 5-тармағының 10) және 23) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"10) қозғалтқышы іске қосылған авиа-, авто-, мотокөлік құралдарын, қарда жүретін техниканы, шағын көлемді кемелерді, түнде көру аспаптарын, лазерлік нысана көрсеткіштерді, жарық беру және дыбыс шығару аспаптарын қолдана отырып, әуесқойлық (спорттық) мақсатта;"

"23) дала кеміргіштерін құрту кезінде, сондай-ақ жануарлардың құтыру эпизоотиясы және басқа да аурулары болған жағдайларда улы химикаттар және басқа да химиялық препараттар қолдануды қоспағанда, жарғыш құрылғыларды, улы химикаттарды және басқа да химиялық препараттарды қолданып;"

12) 39-баптың 5-тармағының 14) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"14) жарғыш құрылғыларды, улы химикаттарды және басқа да химиялық препараттарды, сондай-ақ атыс қаруын қолданып;"

13) 40-баптың 1-тармағында:

екінші бөліктің бірінші сөйлемі "комиссия" деген сөзден кейін ", аңшылық алқаптары мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін қайта бекітіп беруді қоспағанда, мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталын пайдалана отырып, Конкурс өткізу қағидаларында айқындалған тәртіппен электрондық нысанда" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы сегізінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде өсім молайту мақсаттары үшін өсім молайту кешенінің мемлекеттік кәсіпорындарына балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелері, ұйықтар (ұйықтық учаскелер) уәкілетті орган ведомствосының ұсынуы бойынша конкурстан тыс негізде қырық тоғыз жылға дейінгі мерзімге бекітіп берілуі мүмкін.";

14) 49-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"49-бап. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау

1. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау жоспардан тыс тексеру және профилактикалық бақылау мен қадағалау нысанында жүзеге асырылады.

2. Жоспардан тыс тексеру мен бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

3. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

4. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалауды уәкілетті орган, ведомство және оның аумақтық

бөлімшелері өздерінің қызметі бойынша әртүрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді салыстыру арқылы жүргізеді.

5. Тексерілетін субъектілер бақылау және қадағалау субъектілері болып табылады.

6. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалаудың мақсаттары бұзушылықтардың дер кезінде жолын кесу және оларға жол бермеу, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды өз бетінше жою құқығын бақылау және қадағалау субъектілеріне беру және оларға әкімшілік жүктемені азайту болып табылады.

7. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау бақылау және қадағалау субъектілері ұсынатын есепті, сондай-ақ бақылау және қадағалау субъектісінің қызметі туралы басқа да мәліметтерді талдау арқылы жүргізіледі.

8. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша бақылау және қадағалау субъектісінің әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) бұзушылықтар анықталған жағдайда, бұзушылықтар анықталған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде бұзушылықтарды жою туралы ұсыным ресімделеді және жіберіледі.

9. Бұзушылықтарды жою туралы ұсыным бақылау және қадағалау субъектісіне қол қойғызып, жеке өзіне немесе жөнелту және алу фактілерін растайтын өзге де тәсілмен табыс етілуге тиіс.

10. Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген бұзушылықтарды жою туралы ұсыным мынадай жағдайларда:

1) қолма-қол – ұсынымға алғаны туралы белгі қойылған күннен бастап;

2) поштамен – тапсырысты хатпен;

3) электрондық тәсілмен – уәкілетті орган, ведомство немесе оның аумақтық бөлімшесі сұрау салған кезде хатта көрсетілген бақылау және қадағалау субъектісінің электрондық мекенжайына жөнелтілген күннен бастап табыс етілді деп есептеледі.

11. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыным табыс етілген күнінен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындалуға тиіс.

12. Бақылау және қадағалау субъектісі бұзушылықтарды жою туралы ұсынымда көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, ұсынымды жіберген уәкілетті органға, ведомствоға немесе оның аумақтық бөлімшесіне ұсыным табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарсылық жіберуге құқылы.

13. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды белгіленген мерзімде орындамау бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау жүргізудің жартыжылдық тізіміне енгізу арқылы бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындауға алып келеді.

14. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау тоқсанына бір реттен жиілетпей жүргізіледі.";

15) 50-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) жануарларды еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда ұстау және өсіру шарттары;"

16) 52-бапта:

1-тармақтың 8), 9) және 10) тармақшаларындағы "жеке тұлғалардан" деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақ мынадай мазмұндағы 8-1) және 8-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"8-1) жеке және заңды тұлғалардың аңшылық және балық шаруашылығын жүргізуге арналған шарт талаптарын орындауына;

8-2) жануарларды еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда ұстау және өсіру, сондай-ақ зоологиялық коллекцияларды жасау тәртібінің сақталуына;"

17) 53-баптың 1-тармағында:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзған жағдайда кінәлі тұлғаларды әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы қаулы;"

мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұза отырып пайдаланылған атыс қаруын, аулау құралдарының тыйым салынған түрлерін және заңсыз ауланған жануарлар дүниесі объектілері мен олардың тіршілік ету өнімдерін сот шешімі шығарылғанға дейін уақытша сақтау үшін алып қою туралы хаттама шығарады.";

18) 55-бапта:

2-тармақтың 6) тармақшасындағы "заңдарында", "алып жүру құқығы беріледі." деген сөздер тиісінше "заңнамасында", "алып жүру;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7) және 8) тармақшалармен толықтырылсын:

"7) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында құқық бұзушылықтар жасаған адамдарды ұстау және құқық қорғау органдарына жеткізу;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке және заңды тұлғалардан Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұза отырып пайдаланылған атыс қаруын, аулау құралдарының тыйым салынған түрлерін, заңсыз ауланған жануарлар дүниесі объектілері мен олардың тіршілік ету өнімдерін алып қою және олардың одан әрі тиесілі болуы туралы мәселені шешу құқығы беріледі.";

3-тармақтың 2) тармақшасындағы "заңдарын", "сотқа жіберуге;" деген сөздер тиісінше "заңнамасын", "сотқа жіберуге міндетті." деген сөздермен ауыстырылып, 3) және 4) тармақшалары алып тасталсын.

29. "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 13, 52-құжат; 2007 ж., № 5-6, 42-құжат; № 18, 145-құжат; 2008 ж., № 23, 124-құжат; 2009 ж., № 17, 82-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 2, 26-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 16-құжат; № 14, 94-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 11, 52-құжат; № 20-I, 110-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VII, 161-құжат; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., № 8-I, 65-құжат; № 8-II, 72-құжат; 2017 ж., № 12, 34-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 14, 42-құжат; 2019 ж., № 7, 37-құжат):

1) 1-бапта:

мынадай мазмұндағы 3-1) және 3-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"3-1) агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандырудың ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – сақтандырудың ақпараттық жүйесі) – агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандырудың электрондық шарттарын жасасуды, тараптарды белгілі бір уақыт кезіне сәйкестендіруді және агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандырудың жасалған электрондық шарттары мен олардың тараптары туралы дерекқорды (мәліметтер жиынтығы) жүргізуді қамтамасыз ететін автоматтандырылған жүйе;

3-2) агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандыру саласындағы оператор – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен құрылған, жалғыз акционері мемлекет болып табылатын агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдинг құрамына кіретін акционерлік қоғам;"

5) тармақшадағы "балық шаруашылығын дамытуды қоспағанда," деген сөздер алып тасталсын;

6-2) және 6-3) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 19-1) тармақшамен толықтырылсын:

"19-1) ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші – ауыл шаруашылығы өнімін өндірумен айналысатын жеке немесе заңды тұлға;"

24-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"24-1) сарапшылық кеңес – агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандыру саласындағы оператордың жанынан құрылатын, құрылу мен қызметінің мақсаты сақтандыру өнімдерін қарау болып табылатын және сақтандыру ұйымдарының, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органның, агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандыру саласындағы оператордың, тәуелсіз сарапшылар мен өзге де тұлғалардың өкілдерінен тұратын алқалы орган;"

мынадай мазмұндағы 24-2) тармақшамен толықтырылсын:

"24-2) сатып алу бағасы – бәсекеге қабілетті өнім өндіру үшін қайта өңдеуші кәсіпорындар ауыл шаруашылығы өніміне ұсына алатын баға;"

26-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"26-1) суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйін мониторингтеу және бағалау – суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйін бағалауға және оларды жақсарту бойынша ұсынымдар әзірлеуге бағытталған іздестіру жұмыстарының кешені;"

мынадай мазмұндағы 26-3) және 30) тармақшалармен толықтырылсын:

"26-3) субсидиялау – бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын, субсидияларды нақты алушыларды өтеусіз және қайтарымсыз негізде қаржыландыру;"

"30) электрондық алаң – тұғырнамасында агроөнеркәсіптік кешен субъектілері өздерінің ауыл шаруашылығы тәуекелдерін шығаратын және орналастыратын, сақтандырудың ақпараттық жүйесі базасында жұмыс істейтін ұйымдастырылған электрондық алаң.";

2) 5-баптың 9) және 11) тармақшалары алып тасталсын;

3) 6-баптың 1-тармағында:

мынадай мазмұндағы 3-1), 3-2) және 3-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"3-1) ауыл шаруашылығы дақылдары егіс алаңдарының құрылымын әртараптандыру мәселесі бойынша келісімнің (меморандумның) үлгілік нысанын әзірлеу және бекіту;

3-2) ауыл шаруашылығы дақылдары егіс алаңдарының құрылымын әрараптандыру мәселесі бойынша келісім (меморандум) жасасу;

3-3) ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың үлгілік қағидаларын әзірлеу және бекіту;"

б) тармақша "қадағалауды," деген сөзден кейін "карантиндік фитосанитариялық бақылау мен қадағалауды," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) қарсы күрес бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын зиянды организмдердің тізбесін және фитосанитариялық іс-шаралар жүргізу тәртібін әзірлеу және бекіту;"

11) тармақша "әзірлеу" деген сөзден кейін "және бекіту" деген сөздермен толықтырылсын;

22-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"22-1) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша:

суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйіне мониторинг және бағалау жүргізуге арналған заттай нормаларды;

суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйін бағалау жөніндегі жұмыстарды орындау кезінде пайдалану шығындарына арналған материалдар шығыстарының заттай нормаларын әзірлеу және бекіту;"

23) және 24) тармақшалар алып тасталсын;

28) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"28) агроөнеркәсіптік кешенді ғылыми қамтамасыз ету және кадрлар даярлау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, оның ішінде ведомстволық бағынысты жоғары оқу орындарын, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-эксперименттік ұйымдарды дамыту жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру;"

34) тармақша "әзірлеу" деген сөзден кейін "және бекіту" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 40-1) және 40-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"40-1) суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйіне мониторинг және бағалау жүргізу кезінде республикалық мемлекеттік мекеменің ақылы қызмет түрлерін көрсету қағидаларын әзірлеу және бекіту;

40-2) суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйіне мониторинг және бағалау жүргізу кезінде республикалық мемлекеттік мекеме көрсететін ақылы қызмет түрлеріне арналған тарифтерді әзірлеу және бекіту;"

41) тармақшада:

екінші абзац алып тасталсын;

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды;"

жетінші, сегізінші және оныншы абзацтар алып тасталсын;

он үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын, техникасы мен технологиялық жабдығын сатып алуға лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін;"

он төртінші абзац алып тасталсын;

он алтыншы абзац алып тасталсын;

он жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін;"

мынадай мазмұндағы он сегізінші және он тоғызыншы абзацтармен толықтырылсын:

"облигациялар бойынша купондық сыйақыны;

ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды әзірлеуге және ендіруге шығындардың құнын субсидиялау қағидаларын әзірлеу және бекіту;"

мынадай мазмұндағы 41-8), 41-9), 41-10), 41-11) және 41-12) тармақшалармен толықтырылсын:

"41-8) агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандыру саласындағы операторды айқындау;

41-9) сақтандыру сыйлықақыларын субсидиялау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

41-10) сақтандыру өнімдерін әзірлеу және бекіту тәртібін айқындау;

41-11) агроөнеркәсіптік кешен үшін кадрлар даярлауды жүзеге асыратын, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыруға қатысу;

41-12) агроөнеркәсіптік кешен үшін кадрлар даярлауды жүзеге асыратын, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысының бөлінуі мен орналастырылуын бекіту;"

4) 7-бапта:

2-тармақта:

мынадай мазмұндағы 1-2) тармақшамен толықтырылсын:

"1-2) ауыл шаруашылығы дақылдары егіс алаңдарының құрылымын әртараптандыру мәселесі бойынша келісім (меморандум) жасасу;"

11) тармақшадағы ", улы химикаттарды" деген сөздер алып тасталсын;

12-2) тармақшадағы "Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған" деген сөздер "агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган айқындайтын" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 12-9), 12-10), 12-11), 12-12), 12-13), 12-14) және 12-15) тармақшалармен толықтырылсын:

"12-9) тыңайтқыштардың (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) құнын субсидиялауды жүзеге асыру;

12-10) шитті мақта сапасының сараптамасына шығындардың құнын субсидиялауды жүзеге асыру;

12-11) басым дақылдардың, оның ішінде көпжылдық екпелердің өндірісін субсидиялауды жүзеге асыру;

12-12) саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге және карантинді объектілерге қарсы өңдеу жүргізуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) құнын субсидиялауды жүзеге асыру;

12-13) жеке және заңды тұлғаларға жеміс дақылдарының бактериялық күйігін жұқтырған жойылған жеміс-жидек дақылдарын отырғызу мен өсіру шығындарын өтеу;

12-14) тиісті жергілікті өкілді органның бекітуіне ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың үлгілік қағидалары негізінде әзірленген ауыл шаруашылығы жануарларын жаю қағидаларын ұсыну;

12-15) ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шаралар жүргізуді, мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) салуды, күтіп-ұстау мен реконструкциялауды ұйымдастыру;"

17-9) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 17-12), 17-13) және 17-14) тармақшалармен толықтырылсын:

"17-12) агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын, техникасы мен технологиялық жабдығын сатып алуға лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауды жүзеге асыру;

17-13) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауды жүзеге асыру;

17-14) облигациялар бойынша купондық сыйақыны субсидиялауды жүзеге асыру;"

4-тармақта:

5) тармақшадағы "малын ұстау мен жаюдың ережелерін" деген сөздер " жануарларын асырау қағидаларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың үлгілік қағидалары негізінде ауыл шаруашылығы жануарларын жаю қағидаларын әзірлеу;"

б) тармақша алып тасталсын;

5-тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) ветеринария саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды жүргізуге қатысу;"

4) тармақшадағы ", улы химикаттарды" деген сөздер алып тасталсын;

5) 9-баптың 2-тармағының 12) тармақшасындағы "қолдану арқылы жүзеге асырылады." деген сөздер "қолдану;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 13) және 14) тармақшалармен толықтырылсын:

"13) агроөнеркәсіптік кешенде технологиялық міндеттерді мониторингтеу, болжау және технологиялар трансфертін ұйымдастыру;

14) қолданбалы ғылыми зерттеулерді және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қоса қаржыландыруға тарту арқылы жүзеге асырылады.";

б) мынадай мазмұндағы 10-1-баппен толықтырылсын:

"10-1-бап. Агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандыруды дамытуды қолдау

1. Агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандыруды дамытуды мемлекеттік қолдау сақтандыру сыйақыларын субсидиялау арқылы жүзеге асырылады.

2. Сақтандыру ұйымдары (бұдан әрі – сақтандырушылар):

1) агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандыру саласындағы оператор бекіткен сақтандыру өнімдерінің шеңберінде;

2) сақтандырудың ақпараттық жүйесі арқылы жасасқан агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары субсидиялауға жатады.

3. Сақтандыру сыйлықақыларын субсидиялау және агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандыру саласындағы оператор көрсететін қызметтерге ақы төлеу үшін

агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органға тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда айқындалатын бюджет қаражаты бөлінеді.

Агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандыру саласындағы оператор көрсететін қызметтерге ақы төлеуге көзделген қаражат агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган мен агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандыру саласындағы оператор арасында жасалатын шартқа сәйкес агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандыру саласындағы оператордың екінші деңгейдегі банктегі ағымдағы шотына аударылуы мүмкін.

4. Агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандыру саласындағы операторға агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган мен агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандыру саласындағы оператор арасында жасалатын шарт негізінде агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган беретін қаражатты басқаруды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде (бұдан әрі – Ұлттық Банк) ағымдағы шот ашылады.

Уақытша бос қаражат Ұлттық Банктегі ағымдағы шоттан Ұлттық Банктегі депозиттерге және мемлекеттік бағалы қағаздарға орналастырылуы мүмкін.

Ұлттық Банктегі ағымдағы шоттың кіріс бөлігі агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган шарт негізінде беретін бюджет қаражаты және уақытша бос қаражатты Ұлттық Банктегі депозиттерге және мемлекеттік бағалы қағаздарға орналастырудан түсетін кірістер есебінен қалыптастырылады.

Ұлттық Банктегі ағымдағы шоттың шығыс бөлігі Ұлттық Банктегі депозиттерге және мемлекеттік бағалы қағаздарға орналастыру сомаларын, сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін өтеуге арналған шығыстарды қамтиды.

Ұлттық Банктегі ағымдағы шоттағы қаражаттың қаржы жылының соңына есептелетін қалдықтары агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органға және тиісінше мемлекеттік бюджетке қайтаруға жатпайды, келесі қаржы жылы сақтандыру сыйлықақыларын субсидиялауға жұмсалады.

5. Агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандыру саласындағы оператордың функцияларына:

1) сақтандырудың ақпараттық жүйесіне қолжетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу және оны қолдап отыру;

2) бюджет қаражатын сақтандыру сыйлықақылары бойынша субсидиялар түрінде бөлу процесін әкімшілендіру;

3) субсидиялауға жататын сақтандыру өнімдерін әзірлеу, сараптама жүргізу және бекіту кіреді. Сақтандыру өнімдерін агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандыру саласындағы оператор немесе сақтандырушылар әзірлейді. Субсидиялауға жататын сақтандыру өнімдері қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келісіледі;

4) агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандыру саласының мониторингі;

5) агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органға агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандыруды дамыту жөнінде ұсыныстар енгізу;

б) сарапшылық кеңестің қызметін ұйымдастыру кіреді.

6. Сақтандырудың ақпараттық жүйесіне қойылатын талаптар:

1) құқықтық және жер кадастрларының деректерімен, сақтандыру жөніндегі бірыңғай дерекқормен, рұқсаттар және хабарламалар, жеке және заңды тұлғаларды тіркеу, бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есептілік салаларындағы орталық атқарушы органдардың, басқа да орталық және жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының деректерімен интеграциялану;

2) Жерді ғарыштан қашықтықтан зондтау түсірілімдерін алу және өңдеу мүмкіндігі.

Сақтандырудың ақпараттық жүйесінің функционалы:

1) агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне сақтандыру өнімдері және агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандыруды жүзеге асыратын сақтандырушылар жөнінде толық ақпарат орналастырылатын бірыңғай ақпараттық ресурсты ұсыну;

2) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің сақтандыру өнімін сатып алуға өтінімдер беруі;

3) егер сақтандырудың ақпараттық жүйесінің иесі мен сақтандырушы арасында тиісті келісім жасалған болса, сақтандырушы мен сақтанушы арасында агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандыру шарттарын жасасу;

4) сақтандыру сыйлықақысының субсидияланатын бөлігіне ақы төлеу үшін жасалған агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандыру шарттары бойынша тізілімді (деректерді) қалыптастыру;

5) сақтандыру жөніндегі бірыңғай дерекқорға нақты уақыт режимінде электрондық нысанда жасалған агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандыру шарттары бойынша тізілімді (деректерді) беру;

6) сақтандырушылардың жасалған агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандыру шарттары шеңберінде сақтандыру сыйлықақылары бойынша субсидияны алуға өтінімдер беруі;

7) электрондық алаңда агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің өздері сақтандыруды қалайтын тәуекелдері туралы ақпаратты орналастыру;

8) агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандыру мәселелері бойынша ақпарат алмасу.";

7) 11-бапта:

2-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын, техникасы мен технологиялық жабдығын сатып алуға лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін арзандату;"

1-2) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 1-3), 1-4) және 3-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-3) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін арзандату;

1-4) облигациялар бойынша купондық сыйақыны субсидиялау;"

"3-1) агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандыруды дамыту;"

5) және 5-2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"5) басым дақылдардың, оның ішінде көпжылдық екпелердің өндірісін дамыту;"

"5-2) ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге, карантинді объектілерге қарсы өңдеу жүргізуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) құнын арзандату;"

5-4) тармақша алып тасталсын;

8) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 8-9) және 8-10) тармақшалармен толықтырылсын:

"8-9) жеке және заңды тұлғаларға жеміс дақылдарының бактериялық күйігін жұқтырған жойылған жеміс-жидек дақылдарын отырғызу мен өсіру шығындарын өтеу;

8-10) ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды әзірлеуге және ендіруге арналған шығындардың құнын субсидиялау;"

5-тармақтың бірінші бөлігінің бірінші абзацындағы "тиісті жылы" деген сөздер "тиісті тоқсанда не жылы" деген сөздермен ауыстырылып, 27) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"27) ірі қара малдың, жылқы тұқымдас жануарлардың, қойлардың, ешкілердің түтілген жүнін, терісін, иленбеген былғарысын өткізуден түскен кірісі өнімді өткізуден түскен кірісінің кемінде 90 пайызын құраған агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға қаржы жылының әрбір тоқсанының қорытындысы бойынша не күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша беріледі.";

8) 13-баптың 2-тармағында:

1) тармақшадағы "қадағалауды және" деген сөздер "қадағалауды, карантиндік фитосанитариялық бақылау мен қадағалауды," деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) ветеринария саласындағы уәкілетті орган бекітетін тізбе бойынша жануарлардың аса қауіпті ауруларының профилактикасы, диагностикасы және оларды жою;"

3) тармақшадағы ", улы химикаттарды" деген сөздер алып тасталсын;

б) тармақшадағы "малдың және адамның денсаулығына қауіп төндіретін малды, малдан", "өтеу іс-шараларын жүзеге асырады." деген сөздер тиісінше "жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан", "өтеу;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) жеке және заңды тұлғаларға жеміс дақылдарының бактериялық күйігін жұқтырған жойылған жеміс-жидек дақылдарын отырғызу мен өсіруге шығындарын өтеу іс-шараларын жүзеге асырады.";

9) 13-1-бапта:

2-тармақтың бесінші абзацы алып тасталсын;

3-тармақта:

үшінші және төртінші абзацтар алып тасталсын;

сегізінші абзацтағы ", агрохимикаттарға" деген сөз алып тасталсын;

10) мынадай мазмұндағы 13-2-баппен толықтырылсын:

"13-2-бап. Суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйін мониторингтеу мен бағалауды қамтамасыз ету

1. Суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйін мониторингтеу мен бағалауды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын республикалық мемлекеттік мекемелер жүзеге асырады.

2. Республикалық мемлекеттік мекемелердің функциялары мыналар болып табылады:

1) суармалы жерлерді агро-мелиорациялық зерттеп-қарау, олардың бар-жоғы мен пайдаланылуын мониторингтеу;

2) суармалы жерлердегі жерасты суларының деңгейлік-тұздылық режиміне гидрогеологиялық байқаулар ұйымдастыру және жүргізу;

3) суармалы жерлерде топырақ-мелиорациялық ізденістер мен зерттеп-қараулар жүргізу;

4) коллекторлық-дренаждық сулардың ағысын айқындау және суару, жер астындағы және коллекторлық-дренаждық сулардың химизмін байқау;

5) мемлекеттік байқау ұңғымаларының желісін бұрғылау мен жабдықтауды, топографиялық-геодезиялық, зертханалық және басқа да зерттеулер мен іздестіру жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу;

6) суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйін бағалау және оларды жақсарту мен ұтымды пайдалану жөнінде ұсынымдар әзірлеу;

7) суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйін мониторингтеу мен бағалауды жүргізу бойынша нормативтік және әдістемелік құжаттама әзірлеу.

3. Республикалық мемлекеттік мекемелер:

- 1) суармалы жерлердің топырақ-мелиорациялық және тұздылық түсірілімін жүргізу ;
- 2) жерасты суларының деңгейіне гидрорежимдік байқаулар жүргізу;
- 3) топырақ пен суға олардағы тұздың мөлшеріне талдаулар жүргізу;
- 4) жер бетіндегі және жер астындағы суларға ирригациялық бағалау жүргізу және оларды суару үшін қолдану жөнінде ұсынымдар әзірлеу;
- 5) байқау ұңғымаларын жабдықтау және суға ұңғымаларды бұрғылау бойынша ақылы қызметтер көрсетуге құқылы.";

11) 14-бапта:

тақырыптағы "техникалық" деген сөз "техникалық және технологиялық" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші абзацтағы "техникалық" деген сөз "техникалық және технологиялық" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақшадағы "инспекция жүргізу арқылы жүзеге асырылады." деген сөздер "инспекцияны жүзеге асыру;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) технологиялар трансферті жөніндегі мамандандырылған ұйымның озық отандық және шетелдік технологияларды іздеуі, трансферті және ендіруі арқылы жүзеге асырылады.";

12) 14-1-бап алып тасталсын;

13) 17-бапта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) агроөнеркәсіптік кешен мен аграрлық ғылымды дамытудың басым бағыттары бойынша, оның ішінде ведомстволық бағынысты жоғары оқу орындарын дамыту бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыруды ұйымдастыру, олардың инфрақұрылымын жаңғырту, профессорлық-оқытушылық құрамның біліктілігін арттыру және жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеу арқылы кадрларды даярлауды және қайта даярлауды, аттестаттауды;"

5) тармақшадағы "жаңартуды ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады." деген сөздер "жаңартып отыруды," деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы б) тармақшамен толықтырылсын:

"б) ғылымды, білімді және өндірісті интеграциялауды ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады."

30. "Өзара сақтандыру туралы" 2006 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 13, 84-құжат; 2007 ж., № 8, 52-құжат; 2009 ж., № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2016 ж., № 12, 87-құжат; 2019 жылғы 5 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу мен дамыту, микроқаржылық қызмет және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 4-баптың 5-тармағы алып тасталсын;

2) 13-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) міндетті сақтандыру түрлері бойынша қызметті жүзеге асыруға құқылы емес."

31. "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 16, 96-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; 2008 ж., № 21, 95-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 114-құжат; 2012 ж., № 3, 27-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 23-II, 172-құжат; 2017 ж., № 3, 6-құжат; № 12, 34-құжат; № 23-V, 113-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат):

1) 1-бапта:

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік қадағалау – ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органның тексерілетін субъектілердің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауын тексеру және байқау жөніндегі қызметі, оны жүзеге асыру барысында және оның нәтижелері бойынша құқық шектеу сипатындағы шаралар, оның ішінде жедел ден қою шаралары қолданылуы мүмкін;"

9) тармақшадағы "бақылау" деген сөз "бақылау мен қадағалау" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 3-баптың 2) тармақшасындағы "және бақылау" деген сөздер ", бақылау мен қадағалау" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 2-тараудың тақырыбындағы "және бақылау" деген сөздер ", бақылау мен қадағалау" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 7-баптың 2) тармақшасындағы "республикалық", "аумақтар мен" деген сөздер тиісінше "заңды тұлға мәртебесіндегі республикалық", "аумақтарды және республикалық маңызы бар" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 8-баптың бірінші бөлігінде:

5-3) тармақша алып тасталсын;

6) тармақшаның екінші абзацы "заңды" деген сөздің алдынан "Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзінің қарамағындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

6-1) тармақшада:

жетінші абзац алып тасталсын;

он екінші абзацтағы "және рұқсат беру" деген сөздер алып тасталсын;

14-3) тармақша алып тасталсын;

15) тармақшадағы "бақылауды" деген сөз "бақылау мен қадағалауды" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 10-баптың 2-тармағының 12) тармақшасындағы "бақылауды" деген сөз "бақылау мен қадағалауды" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 11-бапта:

тақырыптағы "бақылау" деген сөз "бақылау мен қадағалау" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақта:

"бақылау" деген сөз "бақылау мен қадағалау" деген сөздермен ауыстырылсын;

"және Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады" деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақтағы "бақылауды" деген сөз "бақылау мен қадағалауды" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 14-баптың 6-тармағының үшінші бөлігіндегі "табиғат ескерткіштерін" деген сөздер "табиғат ескерткіштерін және ботаникалық бақтарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 23-баптың 2-тармағының екінші бөлігінде:

"шаруашылық қызметтің шектеулі режимі белгіленген учаскелерді ғана, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында көзделген туризм объектілерін," деген сөздер "ықтимал орналастырудың басқа нұсқалары болмаған кезде," деген сөздермен ауыстырылсын;

", сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының объектілерін ықтимал орналастырудың басқа жолдары болмаған кезде" деген сөздер "және шаруашылық қызметтің шектеулі режимі белгіленген учаскелерді ғана, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының объектілерін салу, жайғастыру және олардың жұмыс істеуі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"оларды салу, жайғастыру және күтіп-ұстау" деген сөздер "қорғаныс мұқтажы" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 32-баптың 2-тармағында:

"Мемлекеттік табиғат" деген сөздер "Егер осы тармақтың екінші бөлігінде өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік табиғат" деген сөздермен ауыстырылсын;

"уәкілетті органның" деген сөздер "уәкілетті орган ведомствосының" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жергілікті атқарушы органдардың қарамағындағы, мемлекеттік орман қоры жерінде орналасқан республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғи қамалдарды бекітіп беру облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарымен келісу бойынша уәкілетті орган ведомствосының шешімімен жүргізіледі.";

11) 32-1-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Өсімдіктер дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын Қазақстан Республикасына әкелу және (немесе) оның шегінен тыс жерге әкету Қазақстан Республикасының орман заңнамасына сәйкес берілген рұқсат негізінде жүзеге асырылады.";

12) 33-баптың 1-тармағында:

2) тармақшадағы "бақылау" деген сөз "мемлекеттік бақылау мен қадағалау" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) тармақшадағы "киіп жүруге құқығы бар." деген сөздер "киіп жүруге;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

"12) Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын, Қазақстан Республикасы орман заңнамасын бұзушылықтар анықталған кезде жеке және заңды тұлғалардың қызметін тоқтата тұруға құқығы бар.";

13) 38-баптың 1-тармағы 2) тармақшасының төртінші абзацындағы "өткізу", "жинау" деген сөздер тиісінше "өткізуден", "жинау, бақ шаруашылығы" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 40-баптың 4-тармағындағы "мемлекеттік табиғи қорықтың әкімшілігі" деген сөздер "мемлекеттік табиғи қорық" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 41-баптың 4-тармағындағы "мемлекеттік табиғи қорықтың әкімшілігімен" деген сөздер "мемлекеттік табиғи қорықпен" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 43-баптың 1-тармағының 3) тармақшасындағы "улы химикаттар, тыңайтқыштар мен гербицидтер" деген сөздер "пестицидтер, улы химикаттар мен тыңайтқыштар" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 46-1-баптың 1-тармағындағы "мемлекеттік ұлттық табиғи парктің әкімшілігімен" деген сөздер "мемлекеттік ұлттық табиғи паркпен" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 47-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасы "жинау" деген сөзден кейін ", бақ шаруашылығы" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

19) 56-баптың 4-тармағы алып тасталсын.

32. "Мақта саласын дамыту туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 16, 130-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 14, 71-құжат; № 15, 78-құжат; № 20-I, 110-құжат; № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат):

1) 1-баптың 26) тармақшасы алып тасталсын;

2) 4-баптың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) аккредиттелген сынақ зертханаларының (орталықтарының) шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу және шитті мақтаның сапасы туралы куәлік беру қағидаларын, шитті мақтаның сапасы туралы куәлік нысанын (үлгісін) және мақта талшығының сапа паспорты нысанын (үлгісін), сондай-ақ мақта талшығының сапасына сараптама жүргізу және мақта талшығының сапа паспортын беру қағидаларын сақтауы;"

3) 5-бапта:

2) тармақшаның сегізінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"мақта өндірумен айналысатын ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес субсидиялау;"

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мақта егістерін сақтандыру;"

4) 6-баптың 5) тармақшасы алып тасталсын;

5) 7-бапта:

5) тармақшаның үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"техникалық реттеу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша аккредиттелген сынақ зертханаларына (орталықтарына) қойылатын біліктілік талаптарын әзірлеу және бекіту;"

18) тармақшаның жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"мақта өндірумен айналысатын ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес субсидиялау қағидаларын;"

21-2) тармақша алып тасталсын;

6) 8-бапта:

8) тармақша алып тасталсын;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) мақта қауіпсіздігі мен сапасын бақылау;"

7) 10-бапта:

1-тармақта:

бірінші бөлік "(орталықтары)" деген сөзден кейін "осы Заңның 7-бабы 6) тармақшасының екінші абзацына сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлік "тиісті" деген сөзден кейін "аккредиттелген" деген сөзбен толықтырылсын;

3-тармақ алып тасталсын;

8) 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"11-бап. Мақта талшығының сапасына сараптама жасау

Мақта талшығының сапасына сараптама жасауды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аккредиттелген сынақ зертханалары (орталықтары) осы Заңның 7-бабы 18) тармақшасының екінші абзацына сәйкес жүзеге асырады.

Мақта талшығының сапасына сараптама жасауды аккредиттелген сынақ зертханалары (орталықтары) мақта талшығының әрбір бумасы бойынша (бума бойынша) шарт негізінде жүзеге асырады."

33. "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 17, 133-құжат; 2009 ж., № 18, 86-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 16-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-VII, 161-құжат; 2016 ж., № 8-II, 70-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат):

1) бүкіл мәтін бойынша "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органның", "халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті орган", "

халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органмен" деген сөздер тиісінше "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның", "халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган", "халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-бапта:

22-1) тармақша алып тасталсын;

27) тармақшадағы "органикалық тамақ өнімі," деген сөздер алып тасталсын;

48) және 49) тармақшалар алып тасталсын;

3) 6-бапта:

3-тармақтың бірінші бөлігінің 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауға жататын тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалар мен нормативтерді, нормативтік құжаттарды, ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауға жататын тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттерді әзірлеу және бекіту;"

4-тармақтың 1) тармақшасындағы "және Қазақстан Республикасының органикалық өнім өндіру саласындағы заңнамасының" деген сөздер алып тасталсын;

4) 10-баптың 8) және 8-1) тармақшалары алып тасталсын;

5) 13-баптың 3-тармағындағы "агрохимикаттар" деген сөз "тыңайтқыштар" деген сөзбен ауыстырылсын;

б) 16-баптың 2-тармағында:

"13-бабының 3-тармағында және 26-1-бабында көзделген жағдайларды" деген сөздер "13-бабының 3-тармағында көзделген жағдайды" деген сөздермен ауыстырылсын;

"агрохимикаттарды" деген сөз "тыңайтқыштарды" деген сөзбен ауыстырылсын;

7) 26 және 26-1-баптар алып тасталсын.

34. "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 20, 151-құжат; 2008 ж., № 23, 124-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 21-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 16, 128-құжат; № 18, 142-құжат; 2012 ж., № 2, 11-құжат; № 4, 32-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 2, 7-құжат; № 7, 34-құжат; № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 81-құжат; 2014 ж., № 1, 4, 6-құжаттар; № 3, 21-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 2, 3-құжат; № 10, 50-құжат; № 14, 72-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 21-III, 135-құжат; № 22-I, 140-құжат; № 22-V, 156, 158-құжаттар; № 23-II, 170, 172-құжаттар; 2016 ж., № 8-II, 67-құжат; № 23, 119-құжат; 2017 ж., № 8, 16-құжат; № 9, 17, 18-құжаттар; № 13, 45-құжат; № 14, 50, 53-құжаттар; № 16, 56-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 9, 31-құжат; № 10, 32-құжат; № 14, 42-құжат; № 15, 47, 48-құжаттар; № 22, 83-құжат; 2019 ж., № 3-4, 16-құжат; № 7, 36-құжат; № 8, 46-құжат):

47-баптың 17-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Осы Заңның 26-бабы 8-тармағының 3) тармақшасында белгіленген квота шегінде педагогтік, медициналық, ветеринариялық және ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша оқуға түскен ауыл жастары қатарынан шыққан азаматтар жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымын бітіргеннен

кейін тиісінше ауылдық жерде орналасқан мемлекеттік білім беру ұйымдарында, мемлекеттік медицина ұйымдарында, ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдар бөлімшелерінде, мемлекеттік ветеринария ұйымдарында және меншік нысанына қарамастан, аграрлық бейіндегі ұйымдарда кемінде үш жыл жұмыспен өтеуге міндетті."

35. "Биоотын өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" 2010 жылғы 15 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 22, 127-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат):

1) 1-баптың 2) және 10) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"2) биоотын – биологиялық туынды шикізатты қайта өңдеу арқылы алынған отын, оның ішінде биоэтанол;"

"10) биоэтанол – биологиялық туынды шикізаттан өндірілген, міндетті түрде мұнай өнімдерімен араластыруға немесе отын құрамдастарын, октан арттырғыш қосындыларды, отын қоспаларын, эфирлерді, сондай-ақ биоотынның басқа түрін өндіру мақсатында пайдалануға арналған дегидратталған этил спирті;"

2) 6-бапта:

13-2) тармақшадағы "есептер ұсыну нысандары мен оларды биоотын өндірісі саласындағы уәкілетті органға" деген сөздер "есептердің нысандары мен оларды облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органына" деген сөздермен ауыстырылсын;

13-3) тармақша алып тасталсын;

3) 7-1-баптың 3) тармақшасы алып тасталсын;

4) 9-баптың 2-тармағының 1) тармақшасындағы "өндірісін жүзеге асыратын және (немесе) мұнай өнімдерін компаундирлеуге лицензиясы бар" деген сөздер "өндіруді және (немесе) мұнай өнімдерін компаундирлеуді жүзеге асыратын" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 10-баптың 2-тармағында:

1) тармақшадағы "биоотын өндірісі саласындағы уәкілетті органға" деген сөздер "облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) өндірілген биоотынның әрбір партиясының Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасына сәйкес белгіленген талаптарға сәйкестігін растауды қамтамасыз етуге;"

3) тармақшадағы "биоотынды техникалық регламенттерде белгіленген құрамға" деген сөздер "биоотын құрамына" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 11-бапта:

1-тармақта:

3) және 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"3) құрамына сәйкес келмейтін биоотынды өткізуді жүзеге асыруға;

4) денатуратталмаған биоэтанолды, оны биоотын өндіретін зауытқа немесе отын құрамдастарын, октан арттырғыш қосындыларды, отын қоспаларын, эфирлерді

өндіретін кәсіпорынға жеткізу үшін немесе биоотынның басқа түрлеріне қайта өңдеу үшін мұнай өңдеу зауытына жеткізу жағдайларын қоспағанда, айналымға шығаруға;"

9) тармақшадағы "жүзеге асырмайтын және (немесе) мұнай өнімдерін компаундирлеуге лицензиясы жоқ" деген сөздер "және (немесе) мұнай өнімдерін компаундирлеуді жүзеге асырмайтын" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "жүзеге асырмайтын және (немесе) мұнай өнімдерін компаундирлеуге лицензиясы жоқ" деген сөздер "және (немесе) мұнай өнімдерін компаундирлеуді жүзеге асырмайтын" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 13-баптағы "техникалық регламенттерде айқындалған" деген сөздер "Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 15-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"15-бап. Биоотынға және оның өмірлік циклінің процестеріне қойылатын қауіпсіздік талаптары

Биоотын және оның өмірлік циклінің процестері адамның өмірі мен денсаулығы және қоршаған ортаны қорғау үшін қауіпсіз болуға, Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарға сай келуге тиіс."

9) 16-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Биоотынды сақтау кезіндегі қауіпсіздік талаптары тәуекелдерге қарай Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасына сәйкес белгіленеді.";

10) 18-баптағы "техникалық регламенттерде белгіленген тәртіппен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасына сәйкес" деген сөздермен ауыстырылсын.

36. "Ғылым туралы" 2011 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 4, 36-құжат; 2013 ж., № 15, 82-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 20-VII, 119-құжат; № 21-III, 135-құжат; 2018 ж., № 15, 47-құжат; № 22, 83-құжат; 2019 ж., № 5-6, 27-құжат):

1) 26-баптың 8-тармағындағы "мерзімді баспасөз басылымдарында жариялануға және" деген сөздер алып тасталсын;

2) 27-бапта:

10-тармақтағы "мерзімді баспасөз басылымдарында жариялануға және" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 11-тармақпен толықтырылсын:

"11. Қоғамдық, гуманитарлық ғылымдар, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қорғаныс ғылымы саласындағы қолданбалы зерттеулерді қоспағанда, жекеше әріптес тарапынан қоса қаржыландыруды тарту кезінде қолданбалы ғылыми зерттеулерді қаржыландыру тәртібі ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық, гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қағидаларында айқындалады."

37. "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 5, 42-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; № 17, 136-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 16-құжаттар; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 41-құжат; № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 95-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 15, 82-құжат; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 9-

құжат; № 2, 10, 12-құжаттар; № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 11, 57-құжат; № 14, 72-құжат; № 19-I, 99-құжат; № 19-II, 103, 105-құжаттар; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 21-I, 124-құжат; № 21-II, 130-құжат; № 21-III, 135-құжат; № 22-II, 145, 148-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; № 23-II, 170, 172-құжаттар; 2016 ж., № 7-I, 47-құжат; № 7-II, 56-құжат; № 8-I, 62-құжат; № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 9, 22-құжат; № 11, 29-құжат; № 13, 45-құжат; № 14, 51, 54-құжаттар; № 15, 55-құжат; № 20, 96-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 1, 4-құжат; № 7-8, 22-құжат; № 10, 32-құжат; № 11, 37-құжат; № 15, 47-құжат; № 19, 62-құжат; № 22, 82-құжат; № 23, 91-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат; № 5-6, 27-құжат; № 7, 37, 39-құжаттар; № 8, 45, 46-құжаттар; 2019 жылғы 5 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу мен дамыту, микроқаржылық қызмет және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 134-бапта:

2-тармақта:

8) тармақша "мемлекеттік жер кадастры үшін" деген сөздердің алдынан "топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстарды жүргізу," деген сөздермен толықтырылсын;

10) тармақшадағы "фитосанитариялық сараптамасы" деген сөздер "карантиндік фитосанитариялық сараптамасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) тармақшаның он сегізінші абзацындағы "қызмет көрсетуді жүзеге асыру" деген сөздер "қызметтер көрсетуді" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы он тоғызыншы және жиырмамыншы абзацтармен толықтырылсын:

"микроорганизмдердің штамдарын депонирлеуді;

жануарлардың Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет анықталған аса қауіпті және экзотикалық ауруларын диагностикалауды жүзеге асыру;"

3-тармақтың 7) тармақшасы алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Жергілікті атқарушы органдар құратын мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабында көрсетілген ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызмет түрлерін жүзеге асыра алады.";

2) 161-баптың 2-тармағындағы "ветеринария" деген сөз "суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйін мониторингтеу және бағалау, ветеринария" деген сөздермен ауыстырылсын.

38. "Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы" 2013 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2013 ж., № 15, 80-құжат; 2014 ж., № 12, 82-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 21-I, 128-құжат; № 22-V, 152-құжат; 2016 ж., № 7-I, 47-құжат; № 7-II, 55-құжат; 2017 ж., № 23-III, 111-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 11, 36-құжат; № 19, 62-құжат; № 22, 82-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат; № 8, 46-құжат):

11-баптың 1-1-тармағы мынадай мазмұндағы 3-1) және 3-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"3-1) импорттаушы ел өкілдерінің карантинді объектілер және (немесе) бөтен текті түрлер таралмаған немесе шектеулі таралған карантинге жатқызылған объектілерге, аймақтарға, орындарға, өндіріс учаскелеріне инспекциялау жүргізуін ұйымдастыру бөлігінде оператордың функцияларын жүзеге асырады;

3-2) импорттаушы ел өкілдерінің орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортын жүзеге асыру мақсатында жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөпті және жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға инспекциялау жүргізуін ұйымдастыру бөлігінде оператордың функцияларын жүзеге асырады;"

39. "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 9, 51-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 2, 3-құжат; № 8, 45-құжат; № 9, 46-құжат; № 11, 57-құжат; № 16, 79-құжат; № 19-II, 103-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 21-I, 128-құжат; № 21-III, 135-құжат; № 22-II, 144, 145-құжаттар; № 22-V, 156, 158-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; № 23-I, 169-құжат; 2016 ж., № 1, 2, 4-құжаттар; № 6, 45-құжат; № 7-I, 50-құжат; № 7-II, 53-құжат; № 8-I, 62-құжат; № 8-II, 68-құжат; № 12, 87-құжат; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 7-құжат; № 9, 21, 22-құжаттар; № 11, 29-құжат; № 12, 34-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 47, 49-құжаттар; № 23, 91-құжат; № 24, 94-құжат; 2019 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 6-құжат; № 5-6, 27-құжат; № 7, 37, 39-құжаттар; № 8, 45-құжат; 2019 жылғы 5 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу мен дамыту, микроқаржылық қызмет және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1-қосымшада:

39-жолдағы "(ұлы химикаттарды)" деген сөздер алып тасталсын;

63 және 63-1-жолдардың 3-бағанындағы "6. Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру" деген сөздер алып тасталсын;

2) 2-қосымшада:

мынадай мазмұндағы 102-1-жолмен толықтырылсын:

"

102-1.	Астық пен оны қайта өңдеу өнімдерін карантиндік арамшөп өсімдіктерінің тұқымдары мен жемістерін өміршеңдіктен айыруды қамтамасыз ететін технологиялар бойынша қайта өңдеуді және (немесе) ағаш қаптама материалын зарарсыздандыру мен таңбалауды жүзеге асыратын объектілерге есепке алу нөмірін беру	Есепке алу нөмірін беру туралы растау
--------	---	---------------------------------------

”;

154, 170 және 236-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

154	Әкімшілік органның Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға арналған рұқсаттар беруді	Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға арналған рұқсат
-----	--	---

”;

"

170	Карантинді объектілерді ғылыми-зерттеу мақсаттарында әкелуге уәкілетті мемлекеттік орган беретін келісу	Карантинді объектілерді ғылыми-зерттеу мақсаттарында әкелуге арналған келісу-хат
-----	---	--

”;

"

	Әкімшілік органның Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық	Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын өсімдіктер
--	--	--

236	сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын өсімдіктер дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға арналған рұқсаттар беруі	дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға арналған рұқсат
-----	---	---

”;

265 және 266-жолдар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 316-1-жолмен толықтырылсын:

”

316-1.	Аңшылар және аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің, сондай-ақ балық аулаушылар және балық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарын аккредиттеу	Аңшылар және аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарын аккредиттеу туралы к у ә л і к ; Балық аулаушылар және балық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарын аккредиттеу туралы куәлік
--------	--	--

”;

389-жолдағы "(улы химикаттарды)", "(улы химикаттарға)" деген сөздер алып тасталсын;

3) 3-қосымшада:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Зоологиялық коллекцияны жасау туралы хабарлама";

мынадай мазмұндағы 58-тармақпен толықтырылсын:

"58. Жануарлардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін айқындау жөніндегі өндірістік бақылау бөлімшелері ветеринариялық дәрігерлерінің ветеринариялық анықтама беру жөніндегі қызметті жүзеге асыруды бастағаны немесе тоқтатқаны туралы хабарлама."

40. "Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы" 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 20-I, 109-құжат):

10-баптағы "гербицидтермен, пестицидтермен (улы химикаттармен)" деген сөздер "пестицидтермен" деген сөзбен ауыстырылсын.

41. "Органикалық өнім өндіру туралы" 2015 жылғы 27 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 22-VII, 160-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат):

1) 1-баптың 1) тармақшасындағы "(балық өсіру шаруашылығы)" деген сөздер "және балық аулау" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 7-баптағы "халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органмен", "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті орган" деген сөздер тиісінше "халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен", "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 11-бапта:

1-тармақтың 2) тармақшасындағы "(улы химикаттарды)" деген сөздер алып тасталсын;

3-тармақтағы "міндетті талаптар" деген сөздер "талаптар" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 12-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Органикалық өнімнің ұлттық сәйкестік белгісінің бейнесі, оған қойылатын техникалық талаптар мен оны басуға қойылатын талаптар ұлттық стандартта белгіленеді."

42. "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 23-II, 171-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 8-II, 72-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 9, 18-құжат; № 14, 51-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 11, 37-құжат; № 13, 41-құжат; № 22, 82-құжат; 2019 ж., № 5 -6, 27-құжат; № 8, 45-құжат; 2019 жылғы 5 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу мен дамыту, микроқаржылық қызмет және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

39-баптың 3-тармағының 4) тармақшасы "жою үшін," деген сөздерден кейін " Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет немесе жаңадан анықталған, жануарлардың аса қауіпті, экзотикалық ауруларын, карантинді объектілерді, бөтен текті түрлерді оқшаулау және (немесе) жою үшін, карантиндік аймақтарда және жануарлардың аса қауіпті аурулары бойынша қолайсыз пункттерде, карантинді объектілердің таралу ошақтарында іс-шаралар, шұғыл фитосанитариялық іс-шаралар жүргізу үшін," деген сөздермен толықтырылсын.

2-бап.

1. Осы Заң:

- 1) 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 29-тармағы 4) тармақшасының он бесінші абзацын;
- 2) 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 29-тармағы 4) тармақшасының он жетінші және он сегізінші абзацтарын;
- 3) 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 29-тармағы 3) тармақшасының отыз үшінші абзацын, 4) тармақшасының он тоғызыншы абзацын, 7) тармақшасының сегізінші абзацын;
- 4) алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 4-тармағы 8) тармақшасының он бірінші, он екінші, он төртінші және он бесінші абзацтарын, 12-тармағының 5) – 7) тармақшаларын, 15-тармағы 3) тармақшасының сегізінші абзацын, 15) тармақшасын, 16) тармақшасының отыз төртінші – отыз алтыншы, елу алтыншы және елу жетінші абзацтарын, 22-тармағы 14) тармақшасының он үшінші – он тоғызыншы абзацтарын, 24-тармағы 1) тармақшасының он екінші абзацын, 2) тармақшасының сегізінші абзацын, 6) және 8) тармақшаларын, 28-тармағы 3) тармақшасының екінші, үшінші және он екінші абзацтарын, 39-тармағы 2) тармақшасының екінші, үшінші, жетінші, тоғызыншы және оныншы абзацтарын, 3) тармақшасының төртінші және бесінші абзацтарын;
- 5) 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 29-тармағы 3) тармақшасының жиырма сегізінші абзацын, 7) тармақшасының он үшінші абзацын, 32-тармағы 3) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарын, 5) тармақшасының төртінші және бесінші абзацтарын, 6) тармақшасының екінші абзацын;
- 6) 2020 жылғы 6 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 7-тармағы 1) тармақшасының бесінші және алтыншы абзацтарын, 10-тармағының 2) және 16) тармақшаларын, 11-тармағының 1), 3) және 17) тармақшаларын, 29-тармағы 1) тармақшасының екінші – төртінші, тоғызыншы, оныншы және он жетінші абзацтарын, 3) тармақшасының отыз алтыншы абзацын, 6) тармақшасын, 7) тармақшасының тоғызыншы абзацын, 30-тармағын, 32-тармағы 3) тармақшасының төртінші және бесінші абзацтарын, 39-тармағы 1) тармақшасының үшінші абзацын;

7) алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 10-тармағының 10) тармақшасын, 18) тармақшасының үшінші абзацын, 23-тармағының 1), 2) тармақшаларын, 3) тармақшасының алтыншы, тоғызыншы және оныншы абзацтарын, 32-тармағының 1), 2), 4) тармақшаларын, 5) тармақшасының екінші, үшінші және алтыншы абзацтарын, 6) тармақшасының үшінші және төртінші абзацтарын, 7) тармақшасының бесінші абзацын және 8) тармақшасын;

8) 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 4-тармағының 16) тармақшасын, 28-тармағы 13) тармақшасының екінші абзацын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. 1-баптың 29-тармағы 4) тармақшасының тоғызыншы абзацы 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады.

3. 1-баптың 19-тармағы 5) тармақшасының он бірінші абзацы 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы абзац мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"2) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес астық қабылдау кәсіпорындарының астықты сандық-сапалық есепке алуды жүргізу, астықты сақтау, астық қолхаттарын беру, олардың айналымы және өтелуі, астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларын сақтауын бақылау;"

3-бап.

1. "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" 2004 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 5, 26-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат ; № 16, 100-құжат; 2007 ж., № 8, 52-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 13, 91-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 7, 37-құжат

; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 20-IV, 113-құжат; 2018 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат; № 24, 93-құжат) 2020 жылғы 6 қаңтардан бастап күші жойылды деп танылсын.

2. Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" 2004 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалған өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шарттары сақтандырушы немесе өзара сақтандыру қоғамы сақтандыру төлемдері бойынша міндеттемелерді орындағанға дейін қолданылады.

3. Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" 2004 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалған сақтандыру төлемдерін ішінара өтеу тәртібі мен талаптары туралы шарттар агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандыру саласындағы оператор сақтандырушы немесе өзара сақтандыру қоғамы жүргізген сақтандыру төлемдерінің бір бөлігін өтеу туралы талаптарды орындағанға дейін қолданылады.

4. Агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандыру саласындағы оператор "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" 2004 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес агент жасаған шарттар бойынша оның құқықтық мирасқоры деп айқындалсын.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. ТОҚАЕВ